

**Т. Х. Ғабитов**

# **Заңгер этикасы**

*Оқу құралы*

**Алматы  
2006**

**ББК 87.75 я73**

**Ғ 12**

**Ғабитов Т. Х.**

**Ғ 12 Заңгер этикасы. Жоғарғы оқу орындарына арналған оқу құралы . - Алматы: Заң әдебиеті, 2006.—110 бет**

**ISBN 9965-620-28-8**

Ұсынылып отырған оқу құралында мемлекеттік білім беру стандартының талаптарына сәйкесқұқықтық этиканың негіздері берілген. Бұл оқулықта төмендегі жарияланған кітаптардың жекеленген материалдары қолданылған: Ғабитов Т.Х., Жатқанбаев Е.Б. Бизнес этикасы. Анкара, Йепа, 1997; Профессиональная этика сотрудников правоохранительных органов. М: Щит и меч, 1998; Ғабитов Т.Х. және т.б. Этика негіздері. А., 1997. Құралды дайындауға Р.М.Рақымбеков пен А.Т. Ғабитова қатысты.

Оқулық Қазақстан Республикасындағы жоғарғы оқу орындары мен колледждерінің студенттеріне, құқықтық этиканың нормативтік құжаттары мен мәселелері толғандыратын көпшілік қауымға арналған.

**ББК 87.75 я73**

**1203021300**  
**Ғ**  $\frac{\quad}{00(05)-03}$

**ISBN 9965-620-28-8**

© Ғабитов Т.Х., 2006.

© Заң әдебиеті, 2006

## МАЗМҰНЫ

1. Құқық этикасының пәні
2. Этикалық категориялардың ерекшеліктері мен әлеуметтік функциялары
3. Кәсіби борыш пен абырой
4. Қайырымдылық пен зұлымдық
5. Әділеттілік
6. Бақыт
7. Ар-ұят
8. Әдет-ғұрып, миф және құқық
9. Канондық құқық пен мораль
10. Табиғи құқық пен мораль
11. Рим құқығы адамгершілік құндылығы ретінде
12. Позитивтік құқық пен мораль
13. Тірі құқық құқықтық моральдың қайнар кәзі ретінде
14. Құқыққорғау қызметінің адамгершілік мазмұны
15. Құқыққорғау қызметіндегі адамгершілік шиеліністер
16. Құқықтық тәртіпті сақтаушы лауазымды тұлғалардың жүріс — тұрысының кодексі
17. Полиция қызметі этикасының негізгі қағидалары
18. Ресей Федерациясындағы ішкі істер органдарының қатардағы және басқарушы құрамының абырой кодексі
19. АҚШ полиция қызметкерінің моральдық-этикалық кодексі
20. ГФР полиция қызметкерінің этикасы
21. Францияның ұлттық саясаты деонтологиясының кодексі
22. Ұлыбританиядағы полициялық қызметтің этикалық қағидалары туралы Ереже

## 1. Құқық этикасының пәні

Қазіргі кезде біздің қоғамда адамды таныпбілуге деген ұмтылыс күнненкүнге артуда. Этика да, құқық та адамтанушы пәндер ретінде қалыптасуда. Бұл екеуін біріктіретін басты өзек — адам. Осындай тоғысудың нәтижесінде ғылыми талдаудың жаңа бағыттары ретінде құқық философиясы немесе тәжірибедегі құқықты орнықтырумен байланысты жеке құқық, жергілікті құқық және т.б. қалыптасады. Құқық философиясына жүгіну — қазіргі заманға адам өмірінде құқықтың алатын орнын түсінуге ұмтылыс. Құқық философиясы — құқықтың танымдық, құндылықты және әлеуметтік негіздері туралы ғылым, құқықтың мәні туралы ілім. Басқаша сөзбен айтқанда, адамның қандай себептердің нәтижесінде және қандай мақсаттар үшін құқықты орнықтыратындығы туралы ғылым.

Құқық этикасы белгілі бір дәрежеде құқық философиясының сипатына ие. Алайда, сонымен қатар, құқық этикасының өзіне тән бірқатар ерекшеліктері де бар. Философия әртүрлі мектептер мен бағыттарға объективтік шолу жасауға, барлық құқықтық теориялардың жиынтығы мен олардың дүниетанымдық негіздерін қамтитын белгілі бір көзқарас қалыптастыруға ұмтылады. Ал құқық этикасы тек бір ғана аспектіні таңдайды. Ол, біріншіден, құқықты емес, құқықтағы адамды қарастырудан, екіншіден, адамның құқыққа деген құндылық қатынасын талдаудан құралған. Бұл қатынас адамның құқықтық шындықты бағалауын білдіреді. Мұндай бағалау әрқашан жекелік сипатқа ие және іштей еркін бола тұрып, адамгершілік сипатты да иеленеді: адамның еркіндік, әділдік, жақсылық пен жамандық, басқалар мен өзінің алдындағы борышы туралы көзқарасымен тығыз байланысты болады.

Құқықты түсінуде негізгі екі бағыт бар: объектіге зор мән беретін (объектоцентристік) және субъектіге зор мән беретін (субъектоцентристік) бағыттар. Этика бұлардың екіншісін таңдайды. Яғни, құқық этикасының субъектоцентристік бағыты басқа бағыттарды жоққа шығарады: бұл жерде ең маңыздысы — субъектінің мүдделері (бұл мәселеге ұқсас жағдай ретінде сот процесіндегі адвокатты тағайындау мен оның ролін атауға болады: адвокат әрқашан сотталушының мүддесін білдіреді).

Ал объектоцентристік бағыт адамға құқықта қалыптасқан мүмкіндіктерге тәуелді ауыспалы сипат береді. Яғни, адам жүрістұрыс еркіндігі “берілетін” немесе “берілмейтін” объект ретінде түсіндіріледі.

Құқық этикасының пәніне анықтама берместен бұрын, этиканың пәні мен құқықтың пәнінің анықтамаларын келтіріп өткен жөн болар.

Мораль дегеніміз не? Бұл сұрақтың жауабы зерттеушінің объектоцентристік немесе субъектоцентристік бағытты ұстануына байланысты әртүрлі болады.

Объектоцентристік дүниетаным адамды табиғитарихи үрдістің (процесстің) нәтижесі ретінде қарастырады. Бұл көзқарасқа сәйкес, адамның дамуы экономикалық, саяси, техникалық жағдайлармен анықталады. Мұндай дамудың жоғарғы сатысы болып адамның ақылпарасаты табылады. Аталған бағыт арқылы көптеген мәселелерді түсіну қиынға соғады: неге тарих көп жағдайларда адамды гуманизациялаудан алшақтатады, неге адам нақты әлеуметтік жағдайларға нашар бейімделеді, неге ол қарамақайшылықсыз бақытты көтере алмайды және т.б.

Субъектоцентристік дүниетаным адамды басқаша қабылдайды. Бұл бағытқа сәйкес, адамның бойында болмыстың барлық құпиялары көрініс тапқан. Оны тек ұтымды әдістермен таныпбілу мүмкін емес. Адам — микрокосм, оның әлемінің нақты айқын шегі жоқ. Тарих дегеніміз адамның өзінөзі дамытуының “соқыр тәуекелі”, ал объективтік шындық — адамның ішкі күшқайратының дамуының көрініс табуының нәтижесі.

Құқықтың пәніне жүгінуде, құқық туралы әдебиетте оны түсінудің кем дегенде екі жолы бар екендігін ескеріп өткен жөн: құқықты кең мағынада түсіндіру және тар мағынада түсіндіру. Кең мағынада құқық әдетқұрыпты (әдет құқығы), дінді (канондық құқық), табиғи құқықты, позитивтік құқықты, тірі құқықты және т.б. қамтиды. Тар мағынада құқық мемлекет жариялаған нормалар мен заңдардың жиынтығы ретінде түсіндіріледі. Басқаша айтқанда, іс жүзінде құқықты түсінудің екі жолы қалыптасқан.

А. А. Гусейнов моральдың ерекшеліктерін былай анықтаған:

а) ол адамның бірігіп өмір сүру қабілетін сипаттайды және адамдар арасындағы қатынастардың нысанын білдіреді;

ә) моральдық заң әрекеттің субъектісі мен объектісін бөліп қарастыруға жол бермейді, яғни, моральды жариялау мен оны өз басынан өткеру — бұл біртұтас үрдіс;

б) мораль — адамның ерікті түрде өз мойнына алған ауыр жүгі. Мораль — адамның өзінөзі бәске тігуімен сипатталатын ойын. Сократ у ішуге мәжбүр болған. Иса пайғамбар керіп шегеленген. Джордано Бруно отқа жандырылған. Ганди өлтірілген. Міне, бұл ойынның ұтыстары осындай.

Заңдар жекелеген адам санаттарына қатысты қатал, моральға қайшы, қайырымсыз болуы мүмкін. Неге? Бұл сұраққа жауап беру үшін, мораль мен құқықтың өзара әсерін талдауға тырысып көрелік. Яғни, алдымен, құқықтың адамгершілік құндылықтар мен моральдық нормалар туралы көзқараста қалай көрініс табатынын, содан кейін, моральдың құқыққа қалай әсер ететінін қарастырайық.

Мораль адамзат қоғамының немесе жеке адам дамуының белгілі бір кезеңінде, яғни, филогенезде және онтогенезде пайда болады. Моральдан бұрын адамдық “Меннің” қалыптасуының сатылары орын алады:

а) *Табыну сатысы* адамның “Біз” феноменінен көрініс табатын әлеммен біртұтастығын, оның әлем мен басқа адамдардан ажырамайтындығын, адамның дүниетанымының басқалармен біртұтастығын білдіреді;

ә) *Мәдениет сатысы* адам қызметінің және адамдық ерекшеліктердің алуан түрлілігі жағдайындағы мәдени нысандарды іріктеуді білдіреді. Бұл сатыда біз адамгершілік деп атайтын адамдар арасындағы өзара қарымқатынастардың табиғи нормалары қалыптасады, негізгі адамгершілік құндылықтар: еркіндік, жақсылық, жамандық, әділдік пайда болады. Мәдениет сатысы өркениеттің пайда болуымен аяқталады.

б) *Социум сатысында* жақсылық, жамандық, еркіндік құндылықтары борыштың әлеуметтік түсінігіне ауысып, нақты бір қоғамда әлеуметтендіріледі де, әлеуметтік және құқықтық нормаларға айналады. Бұл кезде олардың адамгершілік бастамасы біртіндеп жоғалып, жойылып кетеді. Егер алдыңғы сатыда біз *гуманистік этика* (фр. humanite — адамды сүю) туралы сөз қозғасақ, бұл сатыда *әлеуметтік этика* жөнінде пікірлер айтылды. Әлеуметтік этиканың ерекшелігі — ол жекелеген, нақты бір адамның емес, социумның мүдделеріне бағытталған. Адам бұл этикада қоғам әсер ететін объект ретінде немесе басқа социум (қоғамның немесе белгілі бір әлеуметтік институттың бөлігі) ретінде көрініс табады.

Әлеуметтік этика, ең алдымен, адамның жүрістұрысының сыртқы келбетіне, оның этикеттік имиджіне назар аударады. Ол адамдағы сыртқы мен ішкі элементтерді тікелей түрде бөліп қарастырады, сөйтіп, оны еркіндіктен айырады. Осыған байланысты, адамға сыртқы әсер мен жеке мінезқұлық арасындағы ішкі шиелініс қайнар шегіне жетіп, ол сыртқы қарамақайшылықтардан көрініс табады.

Осылай, қазіргі кездегі түсініктегі құқық салыстырмалы түрде кеш, өркениеттің пайда болуы жағдайында пайда болған (Римде). Ол күрделенген сыртқы әлеуметтік өзара әсерлесулердің жүйесінде адам тұлғаға айналған кезде пайда болады. Осы кезде адамның жекелеген адамдық бастамасы көлеңкеге, яғни, интимдік, достық қарымқатынастар, жеке шығармашылық әлеміне ауысады, ал бұл жағдайда адамгершілік норма, құндылықтың қажеттігі туындайды. Заңды социологизм асқан дәлдікпен әлеуметтік психологияның, антропологияның, адам биологиясының жаңалықтарынан, техникалық өнертабыстардан не алуға болатынын “ескере” отырып, құқықтың, заңның барлық салаға талғаусыз әсер ететіндігін көрсетеді.

Құқық жүрістұрыстардың сыртқы жағына, ал этика олардың ішкі жағына мән береді. Олардың өзара күресіне қарамастан, құқықтық норма өзінің моральдық, адамгершілік мазмұнының арқасында ғана өмір сүреді. Осы жағдай арқылы көптеген “бос” заңдардың өмірде кездесуі түсіндіріледі. Сондықтан да, құқық моральдық климатты, адамгершілік құндылықтарды сақтау үшін мүдделі. Себебі, олар құқықты қоректендіріп отырады.

Құқықтық және адамгершілік нормалардың шиелінісі көп жағдайларда адамды зорлауға, қанауға бағытталған тоталитарлық жүйе заманында, мемлекет мүдделерінің адамның табиғи құндылықтарымен қайшы келетін заманында орын алады. Бұл шиеліністен шығудың бірденбір жолы — құқықты өзгерту (жасанды құрылым ретінде), оны адамға қарай ыңғайландыру, адамның мүдделері мемлекет мүдделерінен жоғары тұратындай, ал мемлекет адамның өзіне жүзеге асыруына мейлінше мүмкіндіктерді қамтамасыз ететін құрал болатындай етіп жағдай жасау.

## 2. Этикалық категориялардың ерекшеліктері және әлеуметтік функциялары

Барлық ғылым түрлеріндегі сияқты этикада да бірқатар категориялар бар. Категориялар заңдармен, қағидалармен, әдістермен біріге отырып, кезкелген ғылымның мазмұнының негізін құрайды. “Категория” сөзінің өзі грек тілінен шыққан. Ол арқылы шынайы өмірдің маңызды жақтарын көрсететін мейлінше жалпы түсініктер сипатталады. Ол — адам танымының өзекті пунктері.

Этика категориялары — моральдың ең мәнді жақтары мен тұстарын көрсететін, ғылым ретіндегі этиканың теориялық аппаратын құрайтын жалпы түсініктер. Этика категориялары адамгершілік сананың теориялық деңгейінде өмір сүреді. Олар — рухани, идеалды тәртіптің құрылымдары, болмыстың адамгершілік жақтарының субъективтік көрінісі, әлеуметтік құбылыс ретіндегі мораль туралы жүйеленген, ғылыми негізделген, теориялық білімдер жиынтығы.

Сонымен қатар, моральдық құбылыстардың көрініс табуы тек теориялық деңгейде ғана жүзеге асырылмайтындығын ескеру қажет. Олар нақты сезімдер, көзқарастар, армантілектер және т.б. түрде қарапайым сананың деңгейінде де көрініс табады. Жоғарыда аталған екі деңгейде де, көрініс тапқан элементтер бірдей сөздермен сипатталады. Мысалы, борыш категориясы бар екені белгілі, сонымен қатар жеке тұлғаның борыш туралы көзқарасы да бар.

Этикалық категориялар туралы сөз қозғай отырып, олардың ғылымның кейбір “қызметтік” функцияларын атқаратынын да атап өткен жөн. Біріншіден, олар қоғамдық қатынастардың саласы ретіндегі моральды танудың таусылмас баспалдақтары. Екіншіден, олар танымның дербес құралы болып табылады. Үшіншіден, этика категориялары — моральдық танымның бірінші тәртіптегі мәннен екінші тәртіптегі мәнге және т.б. дамуының, қозғалысының нысаны.

Басқа ғылымдардың категорияларына тән белгілерді, қасиеттерді иеленгенімен, этикалық категориялардың өзіне ғана тән бірқатар ерекшеліктері де бар.

Біріншіден, олар қоғамдық қатынастардың адамдардың жүрістұрысымен, олардың жақысылық пен жамандық, борыш, абырой, әділдік туралы көзқарастарына сәйкес бірбіріне, қоғамға, мемлекетке, отбасына, ұжымға деген қатынасымен байланысты жақтарын көрсетеді. Алайда, мұндай жағдайларда олар әрқашан таза күйде көрініс таппауы да мүмкін, себебі, кейбір кездерде олар басқа ғылымдардың категорияларымен араласып кетеді де, сол категориялардың адамгершілік аспектілерін ашып көрсетеді.

Екіншіден, этикалық категориялар бағалаушылық, аксиологиялық сипатқа ие. Басқаша айтқанда, олардың барлығын жақсылық пен жамандық, қайырымдылық пен зұлымдық тұрғысынан бағалауға болады, ал олардың өздері осы бағалаудың нысаны ретінде көрініс табуы мүмкін: адал, тәртіпті, әділ, жауапкершілі мол адам және т.б.

Үшіншіден, олар адамдардың жүрістұрыстары мен қарымқатынастарын реттеу құралы болып табылады, қоғамның адамгершілік талаптарын көрсетеді.

Төртіншіден, басқа да адамгершілік құрылымдар: қағидалар, нормалар, талаптар, ережелер және т.б. сияқты этика категорияларының беделі мен маңыздылығы қоғамдық көзқарастың немесе жеке тұлғаның өзіндік санасының күшіне негізделеді.

Бесіншіден, этика категорияларында, басқа ғылымдардың категориялары мен түсініктерімен салыстырғанда, қоғамдық қатынастардың эмоционалдық жағы мейлінше кең көрініс тапқан.

Жоғарыда айтылғандай, этика категориялары мазмұны бойынша объективті, ал нысаны бойынша субъективті сипатқа ие. Мазмұнының объективтілігі, онда шынайы өмірде бар және адам санасынан тәуелсіз элементтер бар екендігін білдіреді. Бірақ, бұл мазмұн адамдармен түрліше бағалануы мүмкін. Мұндай бағалау бірқатар факторларға байланысты қалыптасады, олардың ішінен мыналарды атауға болады: тұлғаның интеллектуалдық дамуы, оның адамгершілік мәдениеті, өмір сүру салты. Міне, осындай факторлардың әсерінен белгілі бір өмірлік оқиғаны екі тұлға түрліше бағалауы мүмкін.

Этикалық категориялар саны жағынан өте көп, сондықтан ғылыми және тәжірибелік мақсаттарда оларды топтарға бөлу орын алған. Кейбір ғалымдар оларды құрылымдық және субстанционалдық (мәндік) деп екіге бөледі. Басқа бір ғалымдар мұндай бөлудің негізі ретінде басқа қағиданы ұсынады: белгілі бір категорияны функционалды ретінде қарастырып отырып, топтауды осы категорияның негізінде жүзеге асырады. Мысалы, Эпикур этиканың барлық категорияларын бақыт категориясына бағындырған. Аристотель ең маңызды деп игілік категориясын санаса, Кант борыш категориясына ерекше мән берген. Алайда, қазіргі кезде де осы мәселеге қатысты нақты бір көзқарас жоқ. Отандық этикада барлық категориялардың жиынтығын көп жағдайда моральдың құрылымының негізінде бөледі. Бұл құрылымның негізгі элементтері ретінде кейбір ғалымдар моральдық тәжірибені, моральдық сананы және адамгершілік өзіндік сананы таниды. Алайда, кеңірек таралғаны болып, басқа бір ғалымдардың моральдың құрамында моральдық сана, адамгершілік қарымқатынастар және адамгершілік қызмет бар екендігін

мақұлдайтын бағыты саналады. Жоғарыда аталаған екі бағыттың арасында ерекше атап өтетіндей айырмашылықтар жоқ, себебі, екінші бағыттағы моральдық сананың құрамына бірінші бағытта аталған адамгершілік өзіндік сана кіріп кетеді, ал адамгершілік қарымқатынастар мен адамгершілік қызмет адамгершілік тәжірибені құрайды.

Моральдық сана белгілі бір деңгейде тұлғаның әрекеттерін, істерін және адамгершілік жүрістұрысын анықтайды; өз кезегінде, тек шынайы өнегелі тәжірибе ғана сананың өнегелілігінің дұрыстығына баға бере алады. Мысалы, борыш категориясы, оны тұлғаның түсінуі тек тәжірибе арқылы ғана тексерілуі мүмкін. Белгілі бір жайтты шынайы әрекеттерсіз, жай қарапайым түрде түсіну — бос сөз. Мысалы, бір жас офицердің өзінің қызметтік борыш талаптарына адал екендігін жариялай отырып, белгілі бір жауапкершілігі мол істен бас тартуы.

Этиканың категориялары бірбірімен тығыз байланыстылықта болғаны соншалық, олар бірбірінің мазмұнын ашады. Яғни, белгілі бір этикалық категорияның мазмұнын екінші бір этикалық категорияны пайдалану арқылы ашуға болады. Мысалы, абырой категориясын жауапкершілік, тәртіптілік, батылдық, ержүректілік және т.б. категорияларды пайдалану арқылы ғана түсінуге болады. Ержүректілік категориясының мазмұны батылдық, шыдамдылық, қажырлылық, қайраттылық және т.б. категориялардың көмегімен ашылады. Әділдік категориясын адамсүйшілік, шыншылдық, кеңпейілділік, еңбексүйгіштік және т.б. категорияларсыз түсіну мүмкін емес.

Жоғарыда аталған үш топтың категорияларын жекежеке талдауға тырысып көрелік. Бірінші топ — моральдық сана категориялары. Оларға мыналар жатады: моральдық қағида, моральдық норма, моральдық немесе этикалық категория, моральдық сенім, адамгершілік мақсат, моральдық таңдау және т.б.

Негізі этикалық категориялардың барлығын моральдық сана категориялары деп те атауға болады, себебі, олар моральдың қандай жағын көрсетсе де солардың барлығы моральдық санада тіркеледі. Моральдық сананың мәнді категориялары: қайырымдылық, зұлымдық, борыш, абырой, арудан және т.б. категориялар жүйесінде орталық орынды иеленген, бірақ, оларды адамгершілік қарымқатынастар мен моральдық тәжірибеден бөліп қарастыруға болмайды, себебі, мұндай жағдайда олар өздерінің негіздерінен айырылады да, бос абстракцияларға айналады. Қайырымдылық пен зұлымдық, әділдік пен әділетсіздік туралы жай, өмірден тыс өңгімелердің ешбір мәні жоқ. Керісінше, олар демагогияға, немқұрайдылыққа әкелуі мүмкін. Ал егер моральдық сана категориялары шынайы қатынастар мен әрекеттерді көрсетіп, оларға белсенді түрде әсер етсе, онда олардың маңызы да артатыны сөзсіз.

Екінші топ категориялары — бұл адамгершілік қатынастар категориялары. Оларға мыналарды жатқызуды болады: адамгершілік өзара әрекеттер, адамгершілік шиелініс, моральдық бедел және т.б. Өзінің функционалдық ролі бойынша адамгершілік қатынастар моральдық субъектілердің өзара қарымқатынастарының көрінісі болып табылады. Бұл қатынастардың адамгершілік деп бағалануының себебі мынада: олар достық, қастық, серіктестік, сенім, сыйластық, екіжүзділік және т.б. моральдық бағалаулармен сипатталады.

Үшінші топ категориялары — бұл моральдық тәжірибе немесе функционалдықжүрістұрыс категориялары. Оларда тұлғаның белгілі бір моральдық қасиеттерді тәжірибеде, күнделікті өмірде жүзеге асыру үрдісі көрініс табады. Мұндай категориялардың қатарына мыналар жатады: моральдық (немесе моральға қайшы) әрекет, моральдық салдар мен санкциялар. Олар арқылы моральдық борыш, абырой, батырлық немесе қорқақтық, әділдік немесе әділетсіздік, адалдық немесе сатқындық, кеңпейілділік немесе жауыздық және т.б. адамгершілік сана категориялары көрініс табады. Бұл топ категорияларында моральдың адамдар арасындағы қатынастарды реттеуші ретіндегі мақсаты ашылады.

Этикалық категориялардың ерекшеліктерін, түрлерін және мәнін қарастырудың теориялық қана емес, жалпыәдістемелік те маңызы өте зор. Оларсыз кәсібиэтикалық категорияларды талдау мүмкін емес, себебі, олар жалпы этика категорияларының нақтыландырушысы болып табылады. Бұл категориялардың сандық ауқымы өте кең, сондықтан да, біз олардың ішіндегі ең маңыздыларына ғана тоқталамыз, себебі, құқықорғау қызметкерлерінің қызметінде олардың алатын орны ерекше.

### 3. Кәсіби борыш және абырой

Борыш категориясы — этикадағы маңызды категориялардың бірі. Ал кәсіби этикадағы оның алатын орны тіпті ерекше. Мораль саласын жеткілікті негізбен міндеттіліктер саласы деп те атайды: қайырымды бол, адал бол, әділ бол. Бол! Борышта басқа категорияларға қарағанда міндетті себепті жақ әлдеқайда жоғары дамыған. Ол тек идеяға нақты анықтама беріп қоймайды, сонымен қатар, оған бұйрықтық сипат береді: шақырады, талап етеді, оның жүзеге асуын қалайды. Борышты адам болу — оның мәнін, талаптарын білу ғана емес, осы талаптарды тәжірибеде сақтау да.

Көптеген ғұламалар борыш сезімін жоғары бағалаған. И. Кант жазғандай, борыш — адамды өзінен өзін жоғары етіп қоятын ұлылық. А. Блок та оған қосылғандай: “Борышыңды ұмытпа, ол — бұл әлемдегі жалғыз әуен. Борышсыз өмір де, құштарлық та жоқ” деген.

Борыш категориясы кең қолдауды тапқан сала болып ежелден бері әскери және құқықорғау қызметтері саналады. Осы салаларда шынайы да, жалған да борыш адамдарға әсер етуші негізгі күш ретінде қолданылып келген және әлі де қолданылуда. Сол себепті де, мансапқорлық мақсаттарға жетуде осы категорияны пайдалану жиі кездесіп жатады. Мұндай борыш шынайы ма, жалған ба — оны анықтау өте қиын.

Құқықорғау органдарының қызметкерінің кәсіби борышы қоғамдық борыштың құрамдас бөлігі бола тұра, өзінің объективтік және субъективтік көрінісі бойынша адамгершілік сипатқа ие. Борыштың объективтік мазмұнының моральдық құндылығы оның ең жоғарғы және әділ міндетті шешуге бағытталуымен тығыз байланысты. Бұл міндет — тұлғаның құқықтары мен бостандықтарын қорғау, өз мемлекетінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету, құқықтық тәртіпті нығайту. Алайда, әскери борыштың шынайы мүмкіндіктері субъективтік адамгершілік қатынаспен толықтырылғанда ғана айқын көрінеді. Себебі, адам қоғамдық міндеттерді өзінің жеке міндеттеріндей қабылдап, сезінгенде ғана, өз қызметіне бар жантәнімен берілгенде ғана борыш туралы сөз қозғауға болады.

Құқықорғау органдары қызметкерінің борышы — тұлғаны, қоғамды және мемлекетті қорғаудың объективтік қажеттіктерінен туындайтын, мемлекеттік құқықтық талаптармен және адамгершілік ішкі сезімдермен толықтырылатын ерекше міндет.

Негізгі тілек пен борыштың сәйкес келуі адамгершілік үшін ерекше бір мәселе. Борыш пен тілектің объективтік талаптарының сәйкес келуін түрлі ғалымдар түрліше түсіндіреді. Кейбір ғалымдардың ойынша, міндетті нәрсе мен қалаулы нәрсенің арасында ешқандай қарамақайшылықтар жоқ. Алайда, кезкелген адам эмпирикалық жол арқылы басқаша қорытындыға келе алады. Әрине, қоғамдық міндеттілікті өзіндік талап ретінде түсіну міндеттілік пен қалаушылықтың арасын біршама қысқартады. Мұндай жақындастыққа күмән жоқ, бірақ, ол ешқашан абсолюттік сипатқа ие бола алмайды және міндеттілік пен қалаушылықтың арасындағы белгілі бір қарамақайшылықтарды жоя алмайды. Сонымен қатар, борыш пен тілекті бірінбірі жоққа шығаратын талпыныс, оларды мәңгілік қарамақайшылық ретінде қарастыратын көзқарас та дұрыс емес. Ақиқат осы екі көзқарастың ортасында деген дұрыс болар. Борыш пен тілек — бірінбірі жоймайтын қарамақайшылықтар. Олар бірбіріне жақындасуы немесе бірбірінен алшақтауы мүмкін, бірақ іс жүзінде бірінбірі ешқашан жоймайды. Бұл жерде ерекше атап өтетін бір жайт — ақыраяғында борыш белгілі бір тілекке жетуге негіз болып табылады, ал тілекті дұрыс түсіну борышты нәтижелі орындауға алып келеді. Борыш сезімі жоғары дамыған тұлға әрқашан өзінің субъективтік талаптары мен құштарлықтарынан жоғары тұра алады және өзін борыштың талаптарына бағындыра алады. Осылай, міндеттілік белгілі бір дәрежеде тілекке айналып, сыртқы талпыныстан тұлғаның ішкі талпынысына ауысады. Борыш пен тұлғаның талпыныстары, құштарлықтары арасындағы, борыш пен өзінезі сақтап қалу сезімінің арасындағы қарамақайшылықтар тапсырылған істің жүзеге аспай қалуымен қатар құқықорғау органдарының қызметкері үшін өте ауыр салдарға, тіпті, өлімге де алып келуі мүмкін. Қызметтік борышты орындауға, тапсырылған істің әділдігіне бір сәт болса да күмәндану тұлғаның өмірін мүлдем басқа бағытқа бұрып жіберуі мүмкін.

Адамгершілік іс жүзінде адамдар арасындағы барлық қарымқатынастарды, олардың мемлекет пен қоғамға қатынасын қамтиды. Адамның күнделікті өміріне мемлекет пен қоғамның қойған талаптарын адамгершілік одан әрі нақтыландыра түседі. Тұлғаның қабылдаған моральдық нормалары оның ішкі сеніміне айналып, сезімдерін басқарады, оның үйреншікті әдетіне ауысады. Қоғамдық мораль қоғамдық және мемлекеттік құрылымның одан әрі бекітілуіне жәрдемдеседі, белсенді тұлғаны қалыптастырады. Тұлғаның даму үдерісінде оған моральдың бағалаушылық және нормативтік жақтары әсер етеді. Моральдың бағалаушылық жағы жақсылық пен әділдікке негізделсе, нормативтік жағы борышқа бағытталған. Борыш — бұл моральдық нормалардың барлық жиынтығын адамдардың іс жүзіндегі әрекетімен байланыстыратын өзек. Бұл өзекке біртұтас болып негізгі мен туынды, бағалаушылық пен нормативтік, жетістіктер мен армантілектер жинақталған. Мұнда теория тәжірибеге, жақсылық пен әділдік идеялары мықты материалдық күшке, моральдық қағидалар мен нормалар шынайы әрекеттерге айналады. Борыш арқылы



моральдың белсенді табиғаты тікелей көрініс табады. Ол идеялар мен мақсаттарға нақты сипат берумен қатар, оларға жетуге итереді, талап етеді. Сол себепті де, қоғамдық борышты қолданыстағы сана деп атауға болады. Ол, ең алдымен, адамның адамгершілігіне сипаттама бере алады, себебі, адамның әрекеттері арқылы оның адамгершілік қасиеттері мен кемшіліктеріне баға беруге болады.

Қоғамдық борышқа деген қатынас тек тұлға туралы ғана емес, сонымен қатар, ұжым туралы, қоғамның рухани күштері туралы мәліметтер бере алады. Құқыққорғау органдарында борышқа олардың қызметкерлерінің қызметін тікелей реттеуші құрал ретінде негізгі мән беріледі.

Құқыққорғау органдары қызметкерлерінің жүрістұрысының механизмі, олардың ұжымындағы адамгершілік қатынастардың мәні үш маңызды факторға негізделеді:

— қызметкердің ұжымнан, мемлекеттен және қоғамнан тәуелділігі, абырой сезімінен көрініс табатын оның қоғамдық қолдауға мүдделілігі;

— объективтік анықталған мүмкіндіктер түрінің шегінде қызметкердің белгілі бір жүрістұрыс түрін таңдау мүмкіндігінен көрініс табатын тәуелсіздігі, бостандығы;

— өз әрекеттерінің “еркіндігінің ” нәтижелері мен салдары үшін қызметкерлердің жауапкершілігі, яғни, әрбір жекелеген қызметкердің ұжым мен қоғам қалыптастырған адамгершілік нормалар шегінде өзінің моральдық таңдауына жауап беру міндеті.

Құқыққорғау органдары қызметкерлерінің адамгершілік борышының объективтік және субъективтік жақтары болады. Объективтік жақ мемлекет пен қоғамның қауіпсіздігін қорғау, оның азаматтарының құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету қажеттігімен анықталады. Субъективтік жақ мемлекеттің құқыққорғау органдарының алдына қойған төмендегідей нақты міндеттерімен анықталады: құқықтық тәртіпті нығайту, мемлекет пен қоғамның қауіпсіздігін, оның азаматтарының құқықтары мен бостандықтарын қорғауға байланысты өзіне жүктелген міндеттерді орындаудағы қызметкерлердің саналылығы және жауапкершілігі, әрбір қызметкердің борыш талаптарын, жалпы істегі өз орны мен ролін түсінудегі, өзінің борышқа деген ішкі сезімін анықтаудағы, өзінеөзі жоғары талаптар қоя білудегі қабілеті мен дайындығы.

Құқыққорғау органдарының кейбір мақсатміндеттері ерікті және мақсатқа жетелеуші қызметке айналады, себебі, оларды қызметкерлер әділ әрі ақиқатты ретінде қабылдайды. Ішкі қозғаушы себеп құқыққорғау органдарының әрбір қызметкерінің адамгершілік борышының мәніне тұлғаның адамгершілік күштерінің қайнар көзі ретінде еніп кетеді.

Ескеріп өтетін бір жайт, қоғамдық борыштың талаптары қоғамның барлық мүшелері үшін бірдей. Алайда, құқыққорғау органдары қызметкерлерінің еңбегі ерекше. Олардың борышына қойылған талаптардың ерекшеліктерін олардың алдына қойылған міндеттермен, олардың қызметтерінің ерекшеліктерімен байланыстыруға болады. Мұндай қызмет жоғары жауапкершілікті, ұйымдастырушылықты және адамгершілік, физикалық күштерін барынша пайдалануды талап етеді.

Құқыққорғау органдары қызметін ұйымдастырудың ерекшелігіне қарай олардағы адамгершілік қатынастар азаматтық өмірдің басқа салаларына қарағанда құқықтық нормалармен әлдеқайда жанжақты реттелген. Сол себепті де, борыш — тілек емес, ол, ең алдымен, мемлекет пен қоғамның талабы және бұл талаптың орындалуы міндетті сипатқа ие. Борыштың адамгершілік мазмұны заң күшіне ие құқықтық талаптармен бекітіледі. Борыштың адамгершілік сезімі арқылы көптеген жоғары қасиеттер ашылады. Олар: саналы ынта, қайрат, абырой, қоғамдық міндеттерге деген белсенді қатынас.

Кәсіби борышты тікелей көрсететін және бекітетін қатынастардың барлығы адамгершілік және құқықтық беделге ие. Моральдық нормаларды бұзу көп жағдайларда заң нормаларын бұзуды да білдіреді. Антта, жарғыларда, нұсқауларда көрініс табатын заңды рәсімделген борыш талаптарында моральдық бағалау мен құқықтық норма бірдей орын алған. Кәсіби борыш саласында моральдық күші жоқ заңды талаптар болмайтыны секілді құқықтық белсенділігі жоқ адамгершілік нормалары да болмайды.

Алайда, құқыққорғау органдарының қызметін реттейтін құқықтық актілерде қоғамдық талаптардың бұл екі түрінің өзара әсері әлдеқайда тығыз, әрі тереңірек. Құқықтық және адамгершілік нормалар ұйымдастырушылық, нақтылық пен тәртіптің жоғары деңгейін қамтамасыз етеді. Кәсіби борыш белсенді күшке ие, ол қызметкерлердің істері мен ойларын жұмысты нақты және мерзімінде орындауға, барлық күшін қойылған мақсаттарға жетуге бағытталатын ұмтылыспен толықтырады.

Кәсіби борышта құқықтық және адамгершілік талаптарды нақты бөліп қарастыруға болмайды. Борыштың құқықтық жағының ерекше қасиеті болып қатысты болса да, жоғарғы бақылаудың болуы, әкімшілік санкцияны қолдану мүмкіндігі және ережелерді орындамаудағы жазалаудың орын алуы табылады. Ал моральдық нормалар ішкі сенімнің, арнамыстың негізінде және қоғамдық көзқарас күшінің әсер етуімен жүзеге асырылады. Осы жерде борыштың екі жағы біртұтас сипатқа ие болады.

Яғни, кәсіби борыш құқықтық және адамгершілік жақтардың біртұтастығын білдіреді, себебі,

моральдық талаптар мемлекет еркімен сәйкес келеді. Құқықтық санкция мен моральдық итермелегіш күш құқықорғау органдарының қызметкерлерінің санасы мен еркіне әсер етуде түрліше сипатқа ие. Құқық жедел түрде әсер етеді, ал ішкі сеніммен, моральдық итермелегіш күшпен жүзеге асырылған әрекеттер негізділікке, тұрақтылыққа ие, алайда, моральдық тұрғыдан дайындығы бар қызметкер өз әрекеттерін адамгершілік қағидаларға сәйкес қатаң түрде жүзеге асыру үшін уақыт қажет. Құқықтық санкция бірден әсер етеді және жекелеген қызметкерлерге мемлекеттік мәжбүрлеуді қолданумен сипатталады. Адамгершілік талаптар адамның әрекеттерінің барлық түрлеріне таралады. Олар қызметкерлердің қатынастарындағы өзгерістерді бағалау мен көрініс табу жағынан белсенді сипатқа ие.

Адамгершілік борыштың маңызды құрамдас бөлігі болып өзіндік тәртіп табылады. Егер жеке сеніммен, арнамыспен сәйкес келмесе, құқықтық әсер ету күші де, ұжымның әсері де жеделқызметтік ісәрекеттерде қызметкердің моральдық нормаларды сақтап, өз мінезінің беріктігін көрсетуінің кепілі бола алмайды. Ең алдымен, адамның борышқа деген адамгершілік қатынасының жоғарғы дәрежесі қажет, борышты орындау аrojданның талабына сәйкес болуы тиіс және кәсіби борыштың басты көрінісі ретіндегі тәртіп өзіндік тәртіпке айналуы тиіс. Себебі, өзіндік тәртіп дегеніміз кәсіби борыштың талаптарын орындау қажеттігін түсіну, өз әрекеттерін кәсіби борыш талаптарына келістіруге дайындық, ішкі мүдделілік. Анттың, жарғылардың, өз басшыларының талаптарын орындаудағы ішкі дайындық, оны қажеттік ретінде түсіну — жауапкершіліктің ең жоғарғы көрсеткіші, кәсіби борышты мәжбүрлеу арқылы емес, өз аrojданына қарай, ерікті орындау дайындығы. Борыш пен жеке моральдық сезімдер арасында, борыш пен аrojдан арасында оңтайлы қатынастарды орнықтыру борыштың талабы ретіндегі қоғамдық тәртіптің өзіндік тәртіп деңгейіне көтерілуіне алып келеді. Борыш адамгершілік қажеттікке айналады. Сол себепті де, өзіндік тәртіп дегеніміз борыш пен аrojданның жақындасуы негізінде жүзеге асырылатын, жоғары адамгершілік сипатқа ие мінезқұлық қалпы.

Алайда, кәсіби борыштың қоғамдық қажеттігін түсіну, сезіну — өзіндік тәртіптің бір жағы ғана. Оның екінші жағы болып алдыға қойылған міндеттерді орындау шегіндегі жүрістұрысты таңдау бостандығы, ерік бостандығы табылады. Орындаушылық қасиет ынтамен, өз дербес шешімі үшін жауапкершілікті мойнына алуға дайындықпен толықтырылғанда ғана қызмет үшін маңызды сипатты иеленеді. Ынтаның болмауы орындаушылықтың адамгершілік құндылығын жоғалтады, ал орындаушылықсыз ынта — тәуекел ретінде көрсетуге тырысатын кемшілік. Саналы тәуекел жалпы мүдделерден, борышқа деген адалдықтан туындайды.

Ерекше атап өтетін бір мәселе, құқықорғау қызметінде адамгершілік қатынастарды қалыптастырудың тәжірибедегі міндеті қызметкерлер қызметінің моральдық талаптары мәселесін шешуді қажет етеді. Кәсіби борышты орындауды моральдық бағалау талабын анықтау қызметкер мен ұжымның жүрістұрысының себептерін зерттеуді талап етеді. Кәсіби борыштың адамгершілік өлшемі болып сөздер емес, мемлекет пен қоғамға, қызметкерлердің бірбіріне деген қатынасынан туындайтын істер табылады. Қызметкерлердің жоғары моральдықпатриоттық және кәсіби қасиеттері көп жағдайда олардың кәсіби және қоғамдық қызметке белсенді араласуы кезінде қалыптасатыны белгілі.

Құқықорғау органдары қызметкерлерінің кәсіби борышын орындаудың адамгершілік талабы түсінігіне оның тәжірибелік нәтижелерімен қатар жүрістұрыс себептері де кіреді. Жекелеген түрде қызметтің объективтік салдары (оның нәтижелері) да, субъективтік себептер (жүрістұрыс себебі) де кәсіби борышты орындаудың адамгершілік құндылығы туралы жауап бере алмайды. Оны жүзеге асыру үшін қызметкердің алдыға қойылған міндетін орындаудағы жауапкершілігінің деңгейін, тұлғаның мәселелерді шешу мүмкіндігін және өз әрекеттерінің салдарын есепке алу деңгейін анықтаудың маңызы зор.

Сонымен қатар, қызметкердің нақты әрекетін адамгершілік тұрғыдан бағалау оның бұрынғы қызметін есепке алуға негіз бола алады.

Кәсіби қызметтің моральдық талабы қызметкерлердің адамгершілік күшқайратын барынша дамытуға бағытталады және кәсіби борыштың субъективтік жағын тереңдетуге негізделеді.

Кәсіби этиканың маңызды категорияларының қатарына абырой категориясын жатқызуға болады. Кәсіби абырой — бұл өз борышын жәнтәнімен орындаудың жоғары әлеуметтік құндылығын (қажеттігін және маңыздылығын) құқықорғау органдары қызметкерлерінің өздерінің түсінуі және оның қоғамдық көзқараспен танылуы. Абырой сезімі — бұл құқықорғау органдары қызметкерлерінің істері мен әрекеттерінің қуатты қозғағыш күші.

Абырой категориясы қадірқасиет категориясымен тығыз байланыста. Бұл категориялар іс жүзінде өздерінің объективтік мазмұны бойынша сәйкес келеді, бірақ оларды нысандары бойынша ажыратуға болады. Абыройды бағалау — бұл қоғамдық көзқарасты бағалау, ал қадірқасиетті бағалау — бұл, ең алдымен, тұлғаның өз қалауы бойынша жүзеге асырылады. Әрине, қадірқасиетті бағалау қоғамдық көзқарастан алшақ жүзеге аса алмайды, алайда, бұл жерде өзіндік бағалау ерекше рольді иеленеді. Ал бұл бағалау, өз кезегінде, тұлғаның қоғам алдындағы жетістіктерін сезінуіне негізделеді.

Құқықорғау органдары қызметкерлерінің басым көпшілігі — абыройдың адамдары. Бұл қасиет олардың қызметтік борышты орындауында көрініс табады. Оның ерекшелігі бейбіт өмір кезінде де

қайраттылықты, ұстамдылықты, өз ісіне жантәнімен берілуді талап етумен сипатталады. Әрине, олар өз қызметінің маңыздылығы, борышты орындаумен байланысты тұрақты қауіп туралы ешкімге жария салып айтпайды. Олар өз міндеттерін жай ғана атқарады, халық осы үшін де оларға риза.

Құқыққорғау органдары қызметкерінің абыройын ол өзі қызмет етіп жүрген ұжымның, бөлімшенің абыройынан бөліп қарастыруға болмайды. Сол себепті де, ол өзінің қызметтес серіктерін ұятқа қалдырарлықтай әрекеттер жасамауға тырысады. Ұжымның абыройы — жеке қызметкердің де абыройы. Абыройды сүю құқыққорғау органдары қызметкеріне тән қасиет. Дұрыс түсінілген абырой жалпы іске кедергі жасамайды, керісінше, оны орындауға қосымша күштер береді. Ал абыройға табыну жағымсыз сезімдермен ұштасса, онда ол мансапқорлыққа айналады. Мұндай жағдайда адам өзінің пайдакүнемдік мақсаттарына жету үшін кезкелген құралдар мен жолдарды пайдалануға дайын болады.

Қызметкер абыройы мен ұжым абыройының ұштасуы мақтаныш сезімін, яғни, құқыққорғау органдары қызметкерінің осы жүйеде қызмет ететіндігін сезінудің моральдық қанағаттанған сезімін тудырады. Соңғы жылдары құқыққорғау органдарының беделі қоғамдық көзқарас алдында біршама төмендегенімен, құқыққорғау органдары жүйесін халық қажетті деп түсінеді және жалпы алғанда оған оң баға берілуде. Қызметкердің борышы — құқыққорғау органдарының беделін қоғамдық көзқарас алдында тұрақты түрде көтеріп отыру және бұл органдардың ең жақсы дәстүрлерін қайта жаңғырту. Құқыққорғау органдары қызметкерлерінің абыройы оның жақсы дәстүрлерге деген қатынасынан да көрініс табады. Дәстүрлерді ұмыту немесе оларды аяққа таптау қызметтік ортада қатаң сөгіс табатыны сөзсіз. Дәстүрлер — бұл тек тарих емес, сонымен қатар, қоғамдық тәртіпті қорғаушы жас буынды тәрбиелеудің қуатты құралы.

Сонымен қатар, дәстүрлерге сүйену олардың дамуын, алдыға қарай қозғалысын білдіретінін ескеріп өткен жөн. Құқыққорғау органдары қызметкерлерінің абыройы олардан болашаққа деген ұмтылысты, өзінің кәсіби міндеттерін орындау үшін жаңа әдістәсілдерді және қазіргі заман техникасын меңгеруді талап етеді. Ол үшін басқа елдердің құқыққорғау органдарының жетістіктері мен жұмыс тәжірибесімен танысудың маңызы зор. Бұл біздің құқыққорғау органдарының абыройы мен қадірқасиетін нығайтып, жоғарылата түседі, қызметкерлердің кәсіби борышын тиімді орындауға көмектеседі.

Абырой категориясының тағы да бір құрамдас бөлігі — өз сөзінде тұру. Сөзінде тұратын адам! Бұл — адамның маңызды қасиеті, тіпті, оны кейде абырой түсінігімен теңестіріп жатады. Сөз бердің бе — сөзінде тұр, уәде бердің бе — орында. Әйтпесе, адамдар сені сыйлаудан қалады және өтірікші, бос сөздің адамы деген атқа қаласың. Құқыққорғау органдары қызметкерлерінің абыройын құртатын басты кемшілік — айтқан сөзінде тұрмау. Ақыр аяғында мұндай қызметкер беделінен айырылады.

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылайтын болсақ, абырой категориясы құқыққорғау органдары қызметкерлерінің адамгершілік мәдениетінің ішіндегі ең маңыздыларының бірі Абыройды қадірлеу, бағалау — бұл борыш әрі күнделікті міндет. Абыройдың мазмұны белгілі бір дәрежеде адамның жалпы мәдениетінің деңгейіне, оның рухани және физикалық дамуына, мемлекет туралы ойлай білу қабілетіне тәуелді. Ал бұған үздіксіз, тұрақты үйрену керек.

#### 4. Қайырымдылық пен зұлымдық

“Мораль” ұғымы оны, бір жағынан, инстинктивті, импульсивті мінезқұлық қалпына, екінші жағынан, белгілі бір нәтиже алуға бағытталған рационалдық есепке қарсы қоюшылық арқылы ашылады. Ең алғашқы моральдық уағыздар: “Өзіңе қаламаған нәрсені өзгеге жасама” (адамгершіліктің алтын заңы) немесе сүйіспеншілік қағидасы: “өз жақыныңды өзіңдіөзің сүйгендей сүй”— адамнан ізгілікті сақтауды талап етеді.

Қайырымдылық және оның антиподы зұлымдық өздерінің абстракциялық мағынасында адамгершілік пен имансыздықты білдіреді. Қайырымдылық ұғымы адамдардың ең жалпы мүдделерін, болашаққа деген үмітін, талаптілектерін білдіреді. Қайырымдылық өмірдің сақталуы мен дамуына қызмет етеді. Зұлымдық, керісінше, өмірге кедергі жасап, оны жоюға тырысады. Этикадағы барлық жақсы және жаман қасиеттер салыстырмалы мәнге ие. Мысалы, қорқыныштан туған көнбістік өз құнын жоғалтады. Э.Фроммның айтуынша, жекелеген жақсылықтар мен жамандықтар емес, ізгілік пен күнәкарлық мінезсипаты этикалық зерттеудің нағыз пәні болып табылады.

Жақсы адам пайдалы заттарды, өнер туындыларын және ой жүйелерін тудыра алғанымен, бұл игіліктің ең маңызыдысы оның өзі болып табылады. Егер физикалық өсу өзіне қажетті жағдайларда жүзеге асырыла беретін болса, ал адамгершілік деңгейдегі жаратылыс үдерісі автоматты түрде іске қосыла қоймайды. Э.Фромм жазғандай, “адам ахуалының қасіреті оның дамуының толық еместігінде. Адам әрқашан да толық туылуға үлгермей жатыпақ өмірден өтеді”. Адамның мәні мен жазмышы осында.

Аристотельдің айтуынша, адам мақсатын назарға алу арқылы ізгілікті анықтауға болады. Жақсы адам — бұл ақылойдың көмегімен өз әрекетінде адам бойына тән мүмкіндіктерге жол ашатын адам. Спинозаның көзқарасы бойынша, ізгілік адамның өз күшін пайдалануын білдіреді, ал күнәкарлық өз күшін пайдалана алмаушылық, зұлымдықтың мәніәлсіздік. Бұл айтылғандардан шығатын қорытынды, “қайырымдылықтың” анықтамасы — бұл қалыпты әлеуметтік құндылықтарды білдіретін жалпы этикалық ұғым ғана емес, адамдар қылықтарында жүзеге асатын адамгершілік.

Жақсылық пен жамандықты одан әрі талдау “Адам қайырымды ма әлде зұлым ба?” деген түбірлі сұраққа жауап іздейді. Гуманистік этиканың көптеген өкілдері адам жаратылысынан қайырымдылық және зұлымдық оның табиғатынан тыс деген тұжырымды жауапты ұстанады (Э. Фромм. Человек для себя. Минск. 1992.). Ізгілікті адам концепциясының айшықты көрінісі ХХ ғасырдың ұлы гуманисі А. Швейцердің өмірді қастерлеу туралы ілімінде байқалады. Оның негізгі сәттеріне тоқталайық.

Адам өзінің ішкі ұмтылысында өмірге қолынан келгенше көмектесуге тырысқанда ғана, кезкелген тірі нәрсеге зиян келтірмеуді ұстанғанда ғана нағыз адамгершілігімен көрінеді. Ол үшін өмір қасиетті. Ол ағаштың жапырағын жұлмайды, бірдебір гүлді үзбейді, бірдебір жәндікті басып кетпейді. Жазғы түнде шаммен жұмыс істеп отырғанда, отқа ұмтылған көбелек қанатының күйгенін көрмес үшін терезені жауып, қапырықта отырғанды дұрыс көреді (А. Швейцер. Благоговение перед жизнью. М., 1992, 218бет).

Өмірді қастерлеу этикасы өзге адамдар алдындағы парыздан бас тартып, өздерін еркін сезінген адамдарды мақтау да, даттау да керек емес деп есептейді. Ол қандай формада, қандай жағдайда болмасын, біздің өзге адамдарға қатынасымызда адам болып қалуымызды талап етеді. Сен бақыттысың, сондықтан, көп нәрсені құрбандыққа шалуға тиіссің. Өзгелерге қарағанда саған денсаулық, қабілет, талант, табыс, байлық және т.б. көп мөлшерде берілгеніңнің бәрін сен өзіңнен келді деп есептеуге тиіс емессің. Сен оның ақысын өтеуің керек. Сен өзге өмір үшін өз өміріңнің күшін беруге міндеттісің (А.Швейцер, 225бет).

Алайда, нақты өмір компромистерге (келісімдерге) толы, өз өмірімді сақтау үшін мен зиян келтіруі мүмкін өзге өмірлерден өзімді қорғауым керек. Мен өсімдіктерді, жануарларды жою арқылы өзіме азық табамын. Менің бақытым өзгелерге зиян келтіруден құралады. Шындығында, этикалық емес, тек өмір қажеттілігі мен этиканың қоспасы болып табылатын нәрселерді адамдар этикалық ретінде қабылдайды.

Гуманистік этика бұл компромисті мойындамайды және ақтамайды. Ол тек өмірді сақтауға және дамытуға қызмет ететін нәрселерді ғана ізгілік, қайырымдылық ретінде мойындайды. Мұнан өзге қылықтардың барлығы, мейлі ол қандай жағдайда жасалсын, зұлымдықты сипаттайды. Адам өмірге зиян келтіру қажеттігіне қаншалықты бағынатынын және бұл үшін өзіне қаншалықты кінә арқалайтынын әрқашанда өзі шешіп отыруы тиіс. Адам осылайша адамгершілік тұрғыда шынығады. Сонымен, гуманистік этикада қайырымдылық — бұл өмірді бекіту, адамның өз күшін дұрыс пайдалануы. Ал ізгілік — бұл өзінің өмір сүруі үшін жауапкершілік. Зұлымдық адамды күшінен айырады, жамандық, күнәкарлық — бұл өзіне деген қатынастағы жауапсыздық.

Этикалық ой тарихында зұлымдықтың әртүрлі концепцияларын кездестіруге болады: оны ақтаудан бастап, “аз зұлымдық” теориясымен сипатталатын апологиясына дейін. Олардың арасында зұлымдық туралы діни ілім белді орынды иеленген. Оның бизнес этикасына тікелей

қатысы бар. Егер нарықтың дамыған ошақтарын (Батыс және АТА) алар болсақ, онда христиандық пен буддизмнің (әртүрлі көріністегі) үстем ықпалын байқауға болады. Әлеуметтік зерттеулер мәліметіне сүйенсек, еуроамерикандықтар негізгі этикалық құндылықтар ретінде христиандықтың он өсиетін атайды.

Зұлымдықтың христиандық концепциясы бойынша зұлымдық Құдайдан емес, әлемнің Құдай жаратқан бейболмысынан шығады. Бүтіндей алғанда, әлем игілікті және әсем болып табылады, ал зұлымдық онда салыстырмалы түрде өмір сүреді: жетіспеушілік, жоқшылық, терістеушілік және бейболмыс түрлерінде. Әлемде жетілмеген заттарбалшық, ірің, тұрпайлықпен қатар, моральдық зұлымдықтар да күнә мен күнәқарлар да өмір сүреді. Күнәлі әрекеттердің мазмұны алуан түрлі: өтірік, адасушылық, қулық, өзімшілдік, ыза, өлім, қырқыс, алдау, өсек, реніш, мақтаншықтық, тәкаппарлық, бірбеткейлік, сатқындық, қаталдық, маскүнемдік, ұрлық, жала және т.б. Олар жалпыадамзаттық адамгершілік нормалардың бұзылуын білдіреді, ал діни тұрғыда жаратылыстағы күнәқарлық туралы мифпен байланысты. “Қанауды, құлдықты, түрмені, қару мен бомбаны Құдай емес, адам ойлап тапты. Жоқшылық пен ауыр еңбекті Құдайдың еркі емес, адамның менмендігі мен ақымақтығы тудырды. Біз қаруымызды тастауға тиіс бүлікшілдерміз” (К. Льюис. Страдание.— “Этическая мысль”, М., 1992, 411бет). Зұлымдықтың христиандық түсіндірмесінде тән құмарлығын сынау идеясы үлкен орын алған. Інжіл уағызы былай дейді: “Тәніңнің қамын жеуді құмарлыққа айналдырма”. Адамның табиғаты алғашқы күнәқарлықтан бері бұзылған, тек Құдайдың шапағаты ғана адамды құтқара алады.

Христиандықпен салыстырғанда исламда адам үшін зұлымдықтың көзі өзге адамда емес. Адам үшін тозақ болып оның өзімшілдігі табылады. Адам өзөзінен бас тартып, Құдайға жақындауы керек. Бүгінгі әлемде адамның бейшаралығы идеясы өз көрінісін авторитарлық жүйелерден (фашизм, социализм, автократия және т.б.) тапты. Оларда мемлекет, партия, элита, автократ үстем күштерге айналса, ал мүгедек өз бейшаралығын мойындап, бағынуға мәжбүр болды. Қазіргі кездегі көптеген “демократиялық мемлекеттердегі” нақты демократия мен еркіндіктің жоқтығын, жоғарыда келтірілген зұлымдықтардың үстемдігін олардың билеушілері “халық еркі” туралы арзан демагогиямен жапқысы келеді. Шындығында, алдау күнә, ал арам пиғылмен алдауекі есе күнә.

Егер зұлымдық нақты өмір сүрген болса, онда гуманистік этиканың алдында мынадай сұрақ туындайды: авторитарлық бұйрықтар мен тыйымдарға сүйенбей адам жаратылысының деструктивті қырларын қалай шектеуге болады? Бұл сұраққа Э.Фромм өзгеше жауап береді. Оның пікірінше, жек көрудің рационалды және иррационалды түрлері бар. Реактивті, рационалды жек көрубұл адамның өзінің және өзге адамның өміріне, еркіндігіне, идеясына төнген қаупіне жауап. Ол өмірлік қатерге жауап ретінде пайда болады және қатер сейілгенде жойылады: ол өмірдің ұмтылыстарына қарсы тұрмайды, керісінше, оған серік болады.

Иррационалды жек көрубұл мінездің белгісі, үнемі жек көруге дайын тұру. Жек көруші адам өзінің осы сезімін көрсетуге қолайлы жағдай туғанда өзін бақытты сезінетіндей көрінеді. Өзіндіөзің жек көруге де болады, ол құрбаншылдықтан, аскетизмнен жиі көрінеді. Өмірді бекітуші энергияға кедергі келтіретін жеке және әлеуметтік жағдайлар деструктивтілікті тудырады, ал ол, өз кезегінде, зұлымдықтың әр алуан көзінің бастауына айналады. Бұдан шығатын қорытынды, адам міндетті түрде зұлым емес, ол өзінің өсуі мен дамуына қажетті жағдайлар жоқтығынан зұлым адамға айналады. Зұлымдық өз алдына дербес өмір сүре алмайды, ол қайырымдылықтың жоқтығының, өмірде өзін іске асырудағы сәтсіздіктің нәтижесі болып табылады.

Этиканың негізгі категориясы “қайырымдылықты” қарастыру оның “пайда” түсінігімен арақатынасын анықтамай толық жүзеге аспайды. “Пайда” адамдардың экономикалық ұмтылыстарының соңғы мақсатын білдіреді. Бұл, әсіресе, ұзақ жылдар бойы теңестірілу мен аскетизм рухында тәрбиеленген, байлық, ләззат алу, табыс туралы ойлаудың өзі әдеттен тыс саналған кешегі посттоталитарлық қоғам мүшелері үшін маңызды.

Қайырымдылық пен пайданы қарсы қоюдың бұрыннан келе жатқан дәстүрі бар. Кезінде Аристотель өзінің “Никомах этикасында” этиканың айналысатын мәселесі жай игіліктер емес, жоғары игіліктер деген болатын. Еуропалық этикада әртүрлі ойшылдар моральдық әрекет пен утилитарлық әрекет арасын ажырата зерттеген. Алайда “қайырымдылықты” да, “пайданы” да біріктіретін нәрсе бар: олар қалыпты әлеуметтік құндылықтарды білдіреді. Егер қайырымдылық адамның мақсатымен көбірек байланысты болса, ал пайда — бұл белгілі бір мақсатқа жету үшін жарамды құралдардың сипаттамасы. “Пайда”, “табыс”, “тиімділік” — бұлар максималды мақсаттарға минималды құралдармен жетуді білдіретін негізгі ұғымдар. Мұндай пайдалы әрекетті арнайы зерттейтін ғылым праксеология деп аталады.

Утилитаризмнің негізін қалаушы И.Бентам ізгілік пайдаға қарсы тұрмайды, өйткені, мүдделер әртүрлі, ізгілік үлкен мүдде үшін кіші мүддені құрбан етуді білдіреді деп санайды (И.Бентам. Избранные сочинения. Т.1, 21бет). Утилитаризмнің негізгі құндылықтарын мынадай қанатты сөздер арқылы аңғаруға болады: “Табысқа ұмтыл”, “Өз мүддеңнен шыға отырып, барлығынан

пайда тап”, “Мақсатқа жетуде тиімді құралдарды қолдан”. Мұндай адамның бойында тартымды қасиеттер болады: мақсаткерлік және тәуекелшілдік, тәуелсіздік, батылдық, үнемшілдік, тәртіптілік және т.б. Егер пайданы өзімшілдікпен араластырмаса, онда пайда қағидасы жеке мүдделер үйлесімділігінің маңызды тетігі ретінде көрінеді, оның үстіне мұндай синэнергетикаландыру жалпы игілікке жақындатады.

Әрине, пайдалылық қағидасын абсолюттендіріп, оны жоғарғы ізгілік ретінде идеал тұтуға болмайды. Пайдалылық қағидасы, сөз жоқ, жоғары гуманизмнің абсолюттік мораліне қайшы келеді. Мысалы, алкоголь, темекі өнімдері, экологияға зиянды техника өндірісі сияқты бизнес түрлері тұрғындардың бір бөлігі үшін пайдалы. Қызмет көрсету мен тауардың кейбір түрлерінің нарыққа тартылуы оларды экономикалық тұрғыда ақтағанымен, адамдарда жаман әдеттер туғызады, қоғамның адамгершілік денсаулығына зиян келтіреді. Мұны Б.Мандевиль аңғарып, өзінің “Аралар туралы аңызында” былай дейді: “Жеке адамдардың жаман қылықтары — қоғам үшін ізгілік”.

Пайдалылық қағидасы жоғары моральға қайшы келгенімен, ол қоғамдық қатынастарға ене отырып, ол үшін жағдай туғызады, қоғамның үйлесімді дамуының, ондағы адамдардың күш, қабілеті ашылуының маңызды факторына айналады. Қайырымдылық пен пайдалылықтың арақатынасын қарастыру әлеуметтік және моральдық әділеттілік мәселесін туындатады.

## 5. Әділеттілік

Қайырымдылықтың нақтыланған формасының бірі әділеттілік болып табылады. Ол ізгіліктер арасында негізгі орынды алады, өйткені, адамдар арасында ізгіліктер мен зұлымдықтар бөлінісін сипаттайды және бағалайды. Әділеттілік адам өмір сүруінің тәсілдері мен шарттарының бағасы ретінде адамдар өмірі мәнімен тығыз байланысты. “Әділеттілік,— деп жазады Д.Роулс,— ғылым жүйесінде ең басты ізгілік ретінде ақиқат саналатыны сияқты, қоғамдық институттардың ең басты ізгілігі болып табылады” (Теория справедливости.— “Этическая мысль”, М., 1990).

Қоғам өз мүшелеріне игілік беріп қана қоймай, ол әділеттілік қағидасымен тиімді реттелгенде ғана жақсы ұйымдасады. Жалған теорияның ертелікеш теріске шығатыны сияқты, әділетсіз қоғамдық қатынастар да жойылуы немесе түзетілуі тиіс. Әділеттіліктің кепілдікке берген құқықтары саяси сауда объектісі бола алмайды.

Әділеттілік ұғымы, сонымен қатар, салыстырмалы, нақтытарихи болып табылады. Алғашқы қауымдық мәдениетте әділеттілік “қанғақан, жанғажан” мағынасында табуға, талионға жақын тұрды. Ру игілігі құдайлардың мәңгіге бекітілген заңдары қамқорлығында болды. Әділеттілік осы қасиетті дәстүрлерге дұрыс қатынаспен сипатталды. Оны бұзғандар жазаға тартылды. Оның көріністерінің біріне рулық кек институты жатады.

Рулық құрылыстан өркениетке өтуге байланысты әділеттіліктің жоғарыдағы ұғымы оның таратылушылық түсінігімен алмасты. Алдыңғы орынға әділеттілік — теңдік шықты. “Бәріне бірдей бөлу” идеясы мен көбірек алып қалуға ұмтылу адамзаттың кейінгі моральдық дамуына үлкен ықпал етті. Тек моральдық дамуда ғана емес, әділеттілік пен теңдік туы астында революциялар, бүліктер, басқыншылықтар болды. “Әлеуметтік әділеттілік” ұранымен большевиктер Ресей империясындағы бай және іскер адамдарды қырыпжойды. Жетпіс жыл бойы номенклатура КСРОдағы бөлініс құралдарын қолдарында ұстады. Теңдікті жүзеге асыру үшін мемлекеттік биліктің қандай да бір органына қоғамдық өнімді орталықтандырған басқару құқығын беру керек. Алайда, бұл моральдың салдары адамдардың орасан зор мөлшерінің жойылуына және қалғандарының кедейшілікке ұрынуына алып келді. “Әлеуметтік әділеттілік” деген тіркес те “халықтық демократия” сияқты жай семантикалық бос сөз ғана. Бөлінуші әділеттілік идеясы — әрбір индивид өз адамгершілік абыройына сай алуы тиіс деген мұндай кеңейтілген адамзат қауымдастығында өз мәнін жоғалтады.

“Менің байқауымша,— деп жазады Ф.Хайек,—“әлеуметтік” анықтамасы кіріс айырмашылығын азайтуды немесе жоюды көздейтін барлық нәрселерге тіркеле береді... социализмнің “әлеуметтік әділеттілігіне” қарай тағы да бір қадам итермелеу болып табылады. Ал бұл бәсекелес нарықтық тәртіппен, сонымен бірге, тұрғылықты халық санын ұстаумен, өсуімен және жеткен байлық деңгейін сақтаумен сәйкес келмейді” (Пагубная самонадеянность. М., 1992, 203бет). Қазіргі кездегі қазақстандық (және ТМД) “әлеуметтік қорғалған экономика” терминін де осылай бағалауға болады.

Алайда, абстрактілі теңдік пен бөлініс әділеттілігінің жарамсыздығы әділеттіліктің моральдық қағидасының құнсыздануын білдірмейді. Д. Белл жазғандай, “адамзат санасының табиғатында әділеттіліктің моральдық схемасы барлық әлеуметтік тәртіптің қажетті негізі болып табылады: заңдылықтың болуы үшін билік ақталуы тиіс. Және, ақырында, дәл осы адамгершілік идеялар, яғни, қалаулы нәрсе туралы көзқарастар адамзат ұмтылыстары арқылы тарихты қалыптастырады” (Культурные противоречия капитализма. М., 1976).

Теңдік туралы идеяның өзі гуманистік әлеуетін сарқыған жоқ. Бұқаралық санада теңдіктің үш түрі кездеседі: Құдай алдында, мораль алдында және заң алдында. Теориялық ойдағы “мүмкіндіктер теңдігі” концепциясы қызығушылық туғызады. “Нәтижелер теңдігін” талап ету байлықтың кедейлер пайдасына қарай радикалды қайта бөлінісін білдіреді, ал бұл бөлініс пен экономикалық өсімнің арасындағы байланысты бұзады. Кірістің шамалы болса да қайта бөлінісі инвестиция есебінен тұтынуды ұлғайтады және экономикалық өсімнің қарқынын баяулатады. Кезінде Аристотель “мөлшер бойынша теңдік” пен “абыройы бойынша теңдіктің” айырмашылығын айтқан болатын және теңге теңсіз ретінде, теңсізге тең ретінде қатынас орнатар әділетсіздік пайда болатынын айтқан еді. Д.Беллдің пікірінше, теңсіздік индивидтің қоғамдағы орнымен анықталатын өмір жағдайына, әлеуметтік ортаға, қызмет түріне, мұрасына сәйкес келуі тиіс. Сондықтан да, дәрігер мен санитардың, жұмысшы мен менеджердің, ассистент пен профессордың теңсіздігі туралы айту мүмкін емес.

Д.Белл бойынша, азаматтардың бұл категориялары арасындағы теңсіздікті олардың әлеуметтік мәртебесі, табысы мен беделінде, жеке қабілеттер теңсіздігі жағдайында қоғамдық еңбектің жойылмайтын нәтижесі ретінде мойындау керек. Тиімділігі жағынан да, әділеттілігі жағынан да дұрыс бөліністің жалғыз қағидасы төмендегідей: әркімге жеке қосқан үлесіне қарай және оның өз әрекет саласындағы өкілеттілігі мен сіңірген еңбегіне қарай беру. Адамдарға пайда әкелетін теңсіздіктер әділетті. Және әркімге де өмірде табысқа жетуге мүмкіндік беріледі.

Алайда, қоғам игіліктердің бірденбір қолға жинақталуы мен қалғандарының кедейшілікке

ұрынуына жол бермеуі тиіс. Қоғамдық топтар арасындағы мұндай айырмашылыққа әртүрлі әлеуметтік қимылдар арқылы қарсы тұру қажет. Қазіргі уақытта әлеуметтік экономикалық және моральдық мәселелерді реттеуде мемлекеттің рөлі күшеюде. Ендігі жерде өмірдегі теңсіздік үшін жауапкершілікті нарыққа артып қою мүмкін емес. Жолы болмағандардың топтық құқықтарын қамтамасыз ету мәселесі туындайды. Бұл мәселелерді шешу адамзат дамуына әділеттілік жолмен жетуге жағдай жасайды.



## 6. Бақыт

“Бақыт” ұғымы — этикадағы ең іргелі (фундаменталды) түсініктің бірі. Оның үстіне ол ең жемісті әлеуметтік идеялардың бірі болып табылады. Спинозаның айтуынша, “бақыт — бұл ізгіліктің қайтарымы емес, ізгіліктің өзі, өз құмар-лықтарымызды ноқталағанымыз үшін бақытты емеспіз, керісін-ше, біздің бақытты болуымыз оларды ноқталауға қабілетті етеді”. Бақыт адамға сезілетін құбылыс сияқты көрінгенімен, ол ішкі қайшылықтарға толы. Этика тарихында бақыттың мәні туралы пікірлер мен көзқарастар өте көп.

Мәдениет тарихында бақыт туралы қолданбалы этикалық пән — фелицитология қалыптасқан. Маңызды фелицитарлық шығармалар қатарына төмендегілер жатады: Аристотельдің “Никомах этикасы”, Сенеканың “Бақытты өмір туралысы”, Ф. Аквинскийдің “Бақыт туралы трактаты”, Бофцийдің “Философиялық жұбанышы”, Августиннің “Бақытты өмірі”, Гельвецийдің “Бақыт” поэмасы, Л. Фейербахтың “Эвдемонизмі”, Дж. С. Милльдің “Еркіндік туралысы”, Э. Фроммның “Өзің үшін адамы”, В. Татаркевичтің “Адамның бақыты” және т.б. Этика-тарихындағы бұл шығармалар бір тақырып төңірегінде жазылғанымен, алуан түрлі көзқарастарды ұстанады.

Бірі бақыт сүйіспеншілікте деп тұжырымдайды. Алайда, бақыттың тез өткіншілігі де белгілі. Бақыт жастықта ма? Бірақ, Цицерон кәрілік - бақыттырақ деп есептейді. Көпшілігі бақыт қажеттіліктерді қанағаттандыруда деп санайды. Алайда, тойымшылықтан бас тартып, өзін-өзі шектейтіндер қателесе ме? Мүмкін достықта болар? Бірақ «достан кашық бол, жауың одан қауіпті емес». Білім ше? Бірақ «білім алған адам қашыны да арқалай-ды». Даңқ? Алайда, «даңқты іздеме, өйткені онда сені кезкелген жағымпаз тауып алады». Бақыттың парадокс-тары көпқырлы.

Алайда бұл бақыт ұстатпайды және теориялық талдауға көнбейді дегенді білдірмейді. В.Татаркевичтің пікірінше адам-дар бақытты әрқалай түсінеді. Негізінен бақытты ерекшелуге болады. Бұқаралық санада ең кеңінен таралғаны: бақыт — бұл сәттілік, кездейсоқтық, бізге бағынбайтын тағдыр («бақыт құ-сы»). Екіншісі, бақыт — өмірден қанағат, ләззат алу, қуаныш. Үшіншісі, бақыт — бұл жоғары игілік пен ізгілікке ие болу. Жә-не, ақырғы төртіншісі, бақыт — бұл ләззат алу мөлшері де емес, бір сәттік қуаныш та емес, сыртқы игіліктерге ие болу да емес, ол бүтіндей өмірден толық, ұзақ қанағат алу, қайғы-қасіреттер арқылы болмыстың құпия мәніне ие болу. Осы соңғысы көңілге қонымды секілді. Бірақ ол да «бақыт формула-сын» толығымен ашпайды.

Фелицитарлық идеялардың жалпы мазмұнына үңілсек, он-дағы пікірлердің қайшылықтарымен қатар, бақыт ұғымындағы жалпы белгілерді де аңғаруға болады:

- 1) ләззат алудың субъективті көңіл-күйі өз-өзімен бақыттың жеткілікті өлшемі бола алмайды;
- 2) бақыт ізгілікпен қатар жүреді;
- 3) бақыттың объективті өлшемін табуға болады. Платон мұның өлшемі ретінде «жақсы адам» идеясын, а.л Аристотель «адамның мақсаты» идеясын есептеді. Спиноза — адамның өз күшін пайдалана отырып, жаратылысын іске асыруы деп сана-са, Спенсер — адамның биологиялық және әлеуметтік эволю-циясын атайды.

Адам бақыты туралы ілімдерде негізінен үш бағытты айқын-дауға болады: бақыт психологиясы, бақыт аксиологиясы, бақыт социологиясы. Психологиялық тұрғыда бақыт позитивті көңілкүй, өмірден ләззат алу, қуаныш пен шаттық және рақаттану болып табылады.

Бақыт сезімі бүгінгі күнгі бір оқиғаға байланысты туындаған бір сәттік, тез өткінші нәрсе болуы мүмкін. Ол үнемі, тұрақты, берік, рухани күштің, жақсы келешектің, үйлесімділік пен қанағашылықтың толассыз қуанышы болуы да мүмкін. Бақыт сезімі осылаша адамның өзіне және әлемге қатына-сының алуан түрлілігін білдіреді. Бұл жағдайда бақыт пен қуаныштың арасын ажырату маңызды. Олардың айырма-шылығы, егер қуанышы жекелеген атқа ғана сәйкес келсе, ал бақыт — бұл қуанышты үздіксіз және толық сезіну. Бақыт,— Э.Фроммның анықтауынша,— бұл өмір сүру өнеріндегі кемел-дік өлшемі, өзінің гуманистік этикадағы мағынасына сай ізгілік (Человек для себя. М., 1992, 182-бет). Адам әрекетінде, әрине, бақыттың тура және ашық соңына түсу жоқ. Әр түрлі өмірлік мақсаттарды қою және оған жету адамды автоматты түрде бақытты ете алмайды. Алайда, соған ұмтыла отырып, ол бақыт-ты сезінеді. Бұл «қу стратегия», бақыттың «психологиялық, заңы» болып табылады (Дж.С.Милль.)- Адамда индивидуалдық өмірқамының ішкі құндылық мәнін және оның соңғы эффек-тілігін бақылап отыратын ішкі «мүлгімейтін көз» болады.

Алайда, бақыт психологиясы негізінен көңіл-күй айғақта-рын айқындайтын сипаттаушы терминдерді қолданады. Ләззат алу немесе қасірет бақыт немесе бақытсыздықтың ең басты көрсеткіштері бола алмайды. Кейбіреулер садизмнен, деструк-тивтіліктен, біреулерді балағаттағаннан ләззат алса, ал кейбірі сүйіспеншіліктен, достарымен бөліскеннен, шығармашылықтан ләззат табады. Егер бақыт пен бақытсыздық олар туралы біздің сезімдерімізге сай болса, онда бұл туралы білмей ләззат алу немесе қайғыру бәрібір ләззат алмауды және қайғырмауды білдіреді. Егер құлдар қожайыны келтірген қасіретін сезінбесе, онда бейтарап адам жалпы адамның бақыты үшін қалай құлдыққа қарсы шыға алады? (Э.Фромм.). Бақыт та бақыт-сыздық сияқты ақылдың жағдайы ғана емес, бақыт немесе бақытсыздық — бұл бүкіл тұлға жағдайының көрінісі. Бақыт сезім мен ойлау күшінің, тіріліктің, жемістіліктің ұлғаюына сәйкес келеді; бақытсыздық бұл қабілеттер мен функциялар әлсіреуіне ықпал етеді.

Аксиологиялық тұрғыдан алғанда, бақыт — бұл құндылық, адам өмірінің қайырылық өлшемі.

Бақыт қайырымдылықты, ізгілікті білдіреді, тек сол ғана адам бойында оның болмысы мәнімен байланысты ең жақсы деген адами қасиеттерді дамыта алады. Бақыт жекелеген сезімдер немесе белгілі бір әрекет емес. Батыс этигі Р.Барроудың айтуынша, адамның өліммен қатынасын және байланысын бағалауда өз позициясы болуы керек. Егер ол нақты болса, объективті мүмкіндіктерге сай болса, онда адам бақыттың үш мәнді шартына жетеді: қауіпсіздік, өзін-өзі бекіту және ахуалды дұрыс түсіну. Мораль-дық құндылықтар бақыттың тікелей себебі бола алмайды. Өйткені моральды адам бақытсыз болуы мүмкін, ал бақытты адам аморальды болуы мүмкін. Бірақ құндылықтық дағдарыс рухани-эмоционалды дағдарыспен міндетті түрде бірігеді.

Бақытқа ұмтылу әрқашан да адамдарды біріктіре бермейді, әсіресе біреудің бақытсыздығы екіншісі бақытының шарты болған жағдайларда. Адамдар кейде «кішкентай бақытқа» да ырза болады, өзі үшін зиян және өзін төмендететін жағдай-ларды, оның нағыз мәнін аңғармай жатып бақыт деп есептейді. Адамдардың бақыт туралы көзқарасы мен бақыт ұғымы нақтылық пен абстрактылық сияқты ажыратылады, қажеттілік пен мәнділік арасында қайшылық туады. Бақыт ұғымы ахуалдық алғышарт емес, императивті негіздегі идеалдылықты, шынайылықты, толымдылықты білдіреді. Этика адамның пікі-рін «басқашалау» бақытқа толы деп кінәласа, ал адамдарға нағыз бақыт үшін бұл берілген өмір сай келмейтіндей больш көрінеді.

Бақыт социологиясы — фелицитологияның маңызды құрам-дас бөлігі. Ол адамдар ұмтылатын құрмет, байлық, ұрпақ өсіру, дәулетті кәрілік сияқты жалпы белгілі игіліктерді сипаттайды. Сондықтан бақыт социологиясында қоғамдық игіліктерге жету жолдары мен құралдары және ең алдымен өзінің барлық формаларындағы адал, таза еңбек ерекше орын алады.

Бақыт социологиясы утилитаризм классиктері еңбектерінде кеңінен сипатталған. Мысалы, И.Бентам адамды бақытқа жақындататын құндылықтар тізімін келтіреді: денсаулық, іскерлік, достық, абырой, билік, адамдық, ізгілік, шыдамдылық, қарымқатынас, жұбаныш және т.б. Бұл әсіресе өтпелі қоғам-дарға тән. «Қазіргі адам,— деп тұжырымдайды Е.Дубко мен В.Титов,— өзгермелі тағдырға бейімделген өз-өзінен реттелетін құрылғымен және өзінше еркін толқымалы «психика — гироскоппен» қаруланған (Идеал, справедливость, счастье. М., 1989, 72-бет). Нарықтық экономика мен бұқаралық мәдениет жағдайларында өмір сапасы мен өз-өзінді іске асыру баға-ланады. Бұрын ол қоғамның этикалық қабатына төн болса, енді бұқаралық сипат алды.

Жас ұрпақ өмірдің жоғары стандарттарына зор мән береді, аштық пен ауру туралы аз ойлайды. Алайда, РТР және ақпа-раттық жарылыс адам өмірі ырғағын жылдамдатып жіберді, қақтығыстарды оқшауландыру тетіктері әлсіреді, адамгершілік пен экологиялық ахуал шиеленісті. Бұл үдерістің жағымсыз салдарлары, дәлірек айтқанда, түңілу, өмірдің маңызды ешнәр-се бермейтіндігін сезіну, ерік жұмылысының төмендеуі, уайым, кінәлілік сезімі мен агрессивтілік адамның бақытты өмір сүруіне кедергілер келтіреді.

Нарықтық экономика мен адам бақытының өзара әрекеті мәселесі этикалық, жаратылыстық-ғылыми, техникалық әде-биеттерде кеңінен талқыланды. Бақыт — бұл әр алуан қажет-тіліктерді өтеуге қабілетті айырбас затының пайдалылығы (тауар) және «қалтаға салып жүретін» зат (ақша). Өз бақытын көбейтіп және өзгелерге әкелу адамгершілігі мол адамның ғана қолынан келеді. Т.Джефферсонның «Тәуелсіздік декла-рациясында» былай жазылған: «Бақытқа деген ұмтылысты қорғай отырып, мемлекет өз мақсаты бойынша адамдардағы кәсіпкерлік рухты, тәуекелшіл дербестік сезімін қолдауы және қорғауы тиіс, дәл осы бақыт үшін маңызды».

Қорытындылай келе бақыттың төмендегі құрылымдық эле-менттерін келіруге болады. Біріншіден, қайғысыз, жоқшы-лықсыз, аурусырқаусыз, бәлежаласыз өмірді білдіретін игілікті береке. Екіншіден, қажеттіліктерді қанағаттандыру. Қажетті-ліктерді өтеу үшін белгілі дәрежеде қалыпты баланс қажет. Бұл жерде адам меншігі үлкен мағынаға ие болады, онсыз еркіндік те, байлық та жоқ. Үшінші элемент — қанағат, ырзашылық. Бұл адамның өз қалауына сай өмір сүріп жатқанына ризашылық сезімін білдіреді.

Төртіншіден, бақыт қуанышсыз болмайды. Адам өз қуаны-шында ақылын да, сезімін де, құндылықтық спектрін де көрсетеді. Бесінші элемент ретінде өмірді адами мәнділік пен міндеттілік тұрғысынан бағалауды айтуға болады. Этика өзінің ең басты ізгіліктері ретінде бақыт пен қуаныш құндылығын өте жақсы негіздей алады, алайда ол адамнан анау-мынау емес, ең қиын міндетті шешуді талап етуді де біледі: бұл оның жемісті де толық дамуы (Э.Фромм. Человек для себя, 184-бет).

Ұлы Кантта мынадай тамаша ой кездеседі. «Адамды екі нәрсе жанын тебіrentіп, шексіз тандандырады: жұлдызды аспан мен ішкі моральдық заңдылық шексіздігі». Бірінші шек-сіздікті адам жаңа кеңістіктерді бірте-бірте игере отырып меңгерсе, ал екіншсін ар-ұят дауысына бағыну арқылы игереді. Ар-ұят деген не?

## 7. Ар-ұят

Арұят өмірдің әр түрлі көріністерінде шатасқан түрінде көрінетін феномен. Арұят түрлері мазмұнының айырмашылықтары бар ма? Тарихтың бүкіл өн бойында қарамақайшы қондырғыларды ұстанатын адамдар өз «арұяттымыз бойынша» әрекет еттік деп есептеді: Конфуций мен Сократ, Заратуштра мен Платон, Иса мен Мұхаммед адамдарды руханилыққа, арұят пен арождан үніне құлақ түруге шақырса, инквизиторлар мен ксенофобтар, басқыншылар мен тирандар, фашизм мен болыневизм фанатиктері де өз арұяттары бойынша әрекет еттік деп санады.

Этикалық әдебиет бұл сұрақтарға әр түрлі жауап береді. Сенеканың пікірінше, өз этикалық қасиеттерімізге орай біздің қылықтарымызды сынайтын немесе қорғайтын ішкі дауыс арұятты білдіреді. Стоиктік философия оны өзіндік сақтанумен (адамның өзөзіне қамқорлығымен) байланыстырады. Діни философияда арұят құдайдың адамға жіберген ақылоянының заңдылығы. Фихтенің айтуынша, арұят адамдардың қоғамдық жағдайынша байланысты емес, ол ішкі «Меннің» дауысы және моральдың нағыз беделі болып табылады. К.Маркс бойынша ол ішке қарай бағытталған ашуыза. Ж.П.Сартр арұятты адамға қоғам тарапынан қойылатын сыртқы талаптар мен тыйымдарға қарсы тұратын ішкі тұлғалық әрекеттің жалғыз аралы деп жариялайды.

Арұят адамгершілік сананың моральдықпсихологиялық тетігі ретінде қоғамдағы моральдың императивті (бұйрықты), байланыстырушы күшіне ұқсас. Ол қоғамдық қатынастарда, мәдениетте, әлеуметтік субъектілер әрекеті мен өмір сүру тәртібінде объективті бекітілген адамгершілік құндылықтардың белгілі бір жүйесін тұлғаның рухани ішкі әлемінде қорғайды. Арұяттың адамгершілікпсихологиялық ерекшелігі, адамның психикалық өмірінің ең алуан түрлі элементтерін органикалық тұрғыда өз құрамына біріктіретін бүтіндей механизм ретінде көрінуімен сипатталады. Ол барлық психика қабаттарының өзара әрекеті нәтижесінде қалыптасады: рационалдылықтың, интуитивтіліктің, ойлаудың салқын есебі ғана емес, өмірлік тәжірибе бейнеленетін субъективизмдер даналығына, моральдық интуицияға сүйенеді.

Арұяттың өзгешелігі қатарына оның тылсымдылығы, бүркемеленуі және таңдамалылығы жатады. Арұят — бұл ішкі монолог, кейде онда диалог, тіпті көп дауысты дискуссия да жүзеге асып жатады. Латыш даналығы былай дейді: «Арұят дегенің мыңдаған кәуерлер». «Адам бойында мәңгі оппонент пен мәңгі қорғаушы рухқа ұйқы бермей пікірталасып жатады. Адамдағы мәңгі төреші қоғамдық пікірден жасырын жатқан нәрселерді көріп, ойлап және сезіп отырады» (А.Милтс. Совесть.— «Этическая мысль». М., 1999. 274275 беттер).

Күнделікті өмірде арұят сезімі адам қылығы әдеттегі және «автоматтандырылған» үлгідегі шеңберінен шығып кеткен кезде қосылатын өзіндік адамгершілік компас рөлін атқарады. Әрине, арұят барлығын қамтитындай құдіретті емес. Адамгершілік компромисс жағдайында немесе адамгершілікке жатпайтын сарындар басым болған жағдайында еркін таңдау мүмкіндігі бар кезде арұят өз бойына өзге текті сіңіріп, өзінөзі теріске шығару үрдісін қабылдайды. Арұяттың өзінөзі мүжүйі, әдетте, бастапқыда адамгершілікке жатпайтын қылықты сезінумен сипатталады, уақыт өте келе тұлғаның өзі жасықтанып, адамгершілік атрофия жолымен жүреді және өз қылығын моральдық реттеу шеңберінен сырт қалады.

Арұят адамның ішкі дауысы, «қайырымдылықты іштей анықтау үдерісі» (Гегель) болғанымен, ол жанжағын аңғаруы тиіс. Мынадай қайшылық болуы мүмкін: моральға жатпайтын қылық білместікпен сипатталатын адамгершілік максимализм күшімен тандалуы мүмкін. Ақиқат пен жоғары адамгершілік талаптар үйлесімділігінің өзі де «арұятқа сай қылықты» еркін талдауға кепіл бола алмайды. Еркіндік пен демократия жойылып, сыбайлас және бюрократтық күштер үстемдігі жағдайында индивид міндетті түрде қуыршақ рөлінде көрінеді. Мәдени аномалия, қоғамның маргиналдануы мен люмпенденуі жағдайында оның мүшелерінің арұятты ұйқыға кеткен тәрізді болады... Арұятсыз билік — бұл өзінөзі жоятын билік. Ал оның деструктивті табиғаты адамдарға шексіз зиянын тигізеді. Тирандар мен баскесерлердің ең тиімді ақталуы — «заманның каталдығына» сілтеме жасау. Қандай да бір «эталондық топтық» үлгілері деңгейіне дейін моральды төмендету арұятты бар адамдарды қудалаумен тікелей байланысты. Жалған жүйеде адал адам аномалия тәрізді көрінеді. Тоталитарлық және сыбайлас қоғамдардағы нақты практика мұның мысалдарына толы. Жалпы «қолдаймыз» жағдайы арұятқа аномалиялық құбылыс ретінде төзбейді. Айуандық, садизм, демагогия, егер осылардың көмегімен қара бас мүдделеріне септігі тиіп жатса, қайсыбіреулерді қуантады. Сонымен қатар өзгелердің адал және бақытты өмірі қызғаныш пен көре алмаушылық туғызуы мүмкін. Көптеген «тарихи қайраткерлер» мен «халықтар өкілдері» қоғамдық пікірді бағындыру арқылы өздеріне қолайлы моральды қалыптастыруға ұмтылады. Көбіне бұл мораль «көсемдік» үлгілері мен утилитарлық мақсаттарға қызмет ететін есепке құрылған мораль. Олар үшін ең бастысы — имансыздықтың жалпы фонында оңай қол жеткізуге болатын жақсы көріну және мақтау есту.

Посттоталитарлық қоғамдағы адамгершілік ахуалды талдау үшін Э.Фроммның авторитарлық және гуманистік арұят туралы ілімі өзекті болып табылады. Оның анықтауынша, авторитарлық арұят — бұл сыртқы беделдің, атаана, мемлекет беделінің немесе қандай да бір мәдениеттегі бедел болатынның дауысы. Бұл жерде арұят туралы айтудың өзі қиын; мұндай қылық сәт талабына жай ғана сәйкес келеді, жазалану қорқынышымен және марапатталу үмітімен реттеледі. Өрқашан белгілі бір авторитеттер тегеурініне, олардың жазалауға, марапаттауға деген нақты

немесе жалған мүмкіншілігіне тәуелді болады. Көбіне жұрт бойында арұяттан туындайтын, өздері кінәлілік сезімі ретінде қабылдайтын көңілкүйлер авторитет алдындағы қорқыныштан өзге ештеңе де емес. Ең маңыздысы, авторитарлық арұят қағидалары адамның өз құндылықтық пікірлерімен анықталмайды, авторитеттер бұйрықтары мен тыйымдары арқылы анықталады (Человек для себя, 139—141 бет).

Авторитарлы арұяттың екі түрі бар. Таза арұят — бұл авторитет саған ырза деген сана; кінәлі арұят — ол саған ырза емес деген сана. Таза (авторитарлық) арұят игілікті жағдай мен қауіпсіздік сезімін тудырады, өйткені ол авторитет қолдауын және оған жақындығын білдіреді. Кінәлі арұят қорқыныш пен үміт үзушілікті тудырады, өйткені авторитет еркіне қарсы әрекет жазалану қаупіне әкеледі,

Бағынбау басты күнә, ал тіл алғыштық басты ізгілікке айналады. Бас шұлғушылық авторитеттің жоғары билігі мен данышпандығын, оның өз еркі бойынша бұйыру, марапаттау және жазалау құқығын мойындауды білдіреді. Авторитет өз бұйрықтары мен тыйымдарын, марапаттаулары мен жазалауларын түсіндіруге дейін төмен түсе алады, бірақ индивидтің авторитетке еш сын айтуға құқығы жоқ. Индивидтің сын айтуға батылы жеткендігінің өзі айғақ ретінде оның кінәлілігінің дәлелі болып табылады.

Авторитеттің прерогативі қандай болмасын, мейлі ол Ғаламның билеушісі немесе тағдыр жіберген халықтың әкесі болсын, олардың және адамдардың кезкелгені арасындағы түбірлі теңсіздік — міне, авторитарлы арұяттың негізгі догматы осы.

Авторитарлы арұятпен салыстырғанда гуманистік арұят — бұл сыртқы санкциялар мен қолдауларға бағынбайтын және әрбір адамға берілген біздің өзіміздің жеке дауысымыз. Ол арұяттың дұрыс қызмет етуі немесе оның бұзылуына біздің бүкіл тұлғатұрқымыздың жауабы. Арұят адам мақсатының орындалуын бағалайды, ол өмір өнеріндегі табыстарымыз бен шалыстарымыз туралы хабар беріп отыратын біздің бойымыздағы ақпарат.

Сонымен, арұят — бұл біздің өзімізге өзіміз беретін жауабымыз. Бұл бізден жемісті өмір сүруді, толық және үйлесімді дамуды талап ететін біздің нағыз «Меніміздің» дауысы. Бұл біздің адалдығымыздың қорғаны, өзімізге тұра алу қабілеті, тіпті өзімізге «Иә!» деп төкаппарлықпен айтуға мүмкіндік беретін қабілет. Жеке арұятымыздың дауысын есту үшін, біз өзімізді тыңдауымыз керек, ал бұл біздегі мәдениет адамдарының көпшілігі үшін қиынға соғуда. Біз өз дауысымыздан гөрі, өзге дауыстардың қандайына болмасын құлақ түреміз. Үнемі кино, газет, радио, бос мылжың сөздермен толтырылған пікірлер мен идеялар қоршаудамыз. Көбіне біз өзөзімізбен жеке қалуға қорқамыз. Біз ең жағымсыз көпшілікпен, мәнсізмағнасыз уақыт өткізуді қалаймыз. Біз өзөзімізбен бетпебет келу келешегінен қорқатын сияқтымыз. Өзіңмен жеке қалудан қорқу — бұл жалығу сезімі болар шамасы, бір мезгілде өзіңе сондай таныс әрі сондай бөтен адамды көруден туындайған қобалжу күйіне ұқсас, біз шатасамыз да аулаққа қашамыз (Человек для себя, 156бет).

Арұят ұғымы, егер берік өмірлік сенімі болмаған жағдайда, бай және игілікті адамдарда өте тайғанақ болуы мүмкін. Дәулеті енді құрала бастаған адам мен байлыққа тойынған адамның арұят туралы ұғымы әр түрлі болуы ықтимал. Адамның арұяттылығының маңызды элементі бала кезден басталған тәрбие болары хақ. Оған оны қоршаған орта, сол ортаның психологиясы мен құндылықтық бағдары зор ықпал етеді. Сондықтан да, іскер адамдар маман таңдағанда бұл адамның арұятына өсер ететін факторларды ескеруі қажет.

Арұят ұғымына тарихи кезең, ұлттық, территориялық, климаттық ерекшеліктер де орасан ықпалын тигізеді. Арұят ұғымының қазіргі кезең мен өндіріс үдерісіне машиналар, механизмдер енді ене бастаған XVIII—XIX ғасырлар арасында айырмашылығы бар екендігін де ескерген жөн. Француздар мен қазақтардың неке қатынастарында да арұят ұғымы бірбірінен айрықшаланады. Алғашқылары үшін бөлелер (кузендер) арасындағы неке қалыпты болып саналса, қазақтар үшін мұндай неке қан алмасушылыққа жол берген ұятсыздардың ісі. Шығыс халықтарына тән арұяттылық батыс елдері халықтары пікірімен үнемі сай келе бермейді. Сондықтан да, адамгершілік қатынастарда әрқашан бұл факторларды ескеріп, өдепғұрыпқа құрметпен караған жөн.

## 8. Әдет-ғұрып, миф және құқық

Әдет-ғұрыпқа рәсімдер күш беріп отырады. Көптеген халықтарда әдет-ғұрып пен рәсім ережелері тұрақты сипатта болғандығы соншалық, іс жүзінде олар басқа құқықты қажетсінбейді. Әдет-ғұрып пен тыйым нормаларының өзіндік ерекшеліктері бар: олар белгілі бір жағдайлардың әсерімен жоғала да, қайта қалпына келе де, өзгере де алады. Әдет-ғұрыпты, салт-дәстүрді ұстану көрініс табудың өзіндік нысандарын талап етеді. Мұндай нысандар болып рәсімдер мен символдар немесе символдық бейнелер табылады.

Алдымен рәсімдерге тоқталып өтелік. Американдық әлеуметтанушы Э.Гофман қазіргі кездегі рәсімдерді зерттей келе, олардың жанжақтылығын көрсетеді. Ол қазіргі кезгі қоғамдағы рәсімдердің шамадан көптігін және тек қоғамға деген біржақты көзқарастың олардың кең таралуының стратегиялық мәнін және қажеттігін түсінуге кедергі жасайтындығын атап өткен. Ол мынадай анықтама береді: "Рәсім дегеніміз формальды түрде жүзеге асырылатын әрекет, ол арқылы жеке тұлға белгілі бір құндылық объектісіне қатысты өзінің сыйластығын және бас июін білдіреді...".

Мұндай рәсім ретінде жеке тұлғаның басқа тұлғалар арасында жүрістұрыс, мінезқұлық қалпының барлық түрімен: сыртқы бейнесімен, мимикасымен, қозғалыстарымен, дауыс мәнерімен байланысты жүрістұрыс ережелерін атауға болады. Бұл ережелер рәсімнің "сыйластық рәсімі", "қашу рәсімі", "өкілдік рәсім" сияқты түрлеріне қатысты өзгешелене түседі. Ол рәсімдердің қатарына қаланың шулы көшесіндегі қақтығыстарды болдырмауға қатысты жүрістұрысты да, адамның беті оның "Менінің" бейнесі болып табылатын "беттің жұмысын" да жатқызады. Беттің жұмысы арқылы адамдар арасындағы сұхбаттасу жүзеге асады: біреуді қолдауға, ренжітуге болады, кешірім сұрауға болады және т.б. Жоғарыдағыға қосымша ретінде айтатынымыз, құқықты жүзеге асырудың кезкелген үдерісі рәсім болып табылады, онсыз құқық қолдану қызметі мүмкін емес.

Қазіргі кезде саясаттану әдебиеттерінде қоғамды жылдам өзгеретін қоғам және дәстүрлі қоғам деп бөлу орын алған. Кейбір авторлар дәстүрлі қоғамда жылдам өзгеретін қоғамға қарағанда әдет-ғұрып пен салт-дәстүрдің адамның жүрістұрысын әлдеқайда жоғары реттейтінін, оның құндылықтар әлеміне әсер ететінін атап көрсетеді. Дәстүрлі ойлау көп жағдайда қазіргі кездегі құқық пен оның заңды көріністеріне қарағанда ғасырлар бойы қалыптасқан әдет-ғұрыптарға сүйенеді.

Миф туралы көптеген теориялардың ішінен Э.Кассирердің көзқарасын атап өткен жөн болар. Ол мифологияны тіл мен өнермен қатар мәдениеттің дербес бейнелік нысаны ретінде қарастырады. Мифтік сана кілтті қажет ететін құлып ретінде түсіндіріледі. Миф шығармашылық тәртіптің, тіпті, болмысты танудың нысаны ретінде түсіндіріледі. Р.Барт бойынша, миф дегеніміз коммуникативтік жүйе, хабарлама.

Миф "ойдан шығарылған" емес, "өткеннің қалдығы да" емес, ол ежелден бері адамның өзінөзі, қоғамды, әлемді сипаттауының түрге бөлуінің және түсіндіруінің терминдері көрініс тапқан алғашқы сипаттау тілі. Мифпен сананың фетишизациясы ұғымы тығыз байланысты, ол дегеніміз объектілерге оларда жоқ қасиеттерді, адамдарға олар өздері жабыстырған қасиеттерді тиістілендіру.

Мифтердің адам үшін маңызы өте зор. Олар арқылы адам әлемнің жанжақтылығын қабылдауды реттейді. Олар өмірге бейімделудің ғылыми білім нысанына қатысты баламалы нысан болып табылады.

Адам мифтерді өзі ойлап табады да, соларға өзі ерікті түрде бағынады. Бұл жерде айқын мысал ретінде мифологиялық бейнелерді қалыптастыратын өнерді, теледидар хабарларын, жарнаманы атауға болады, себебі, адам оларға өз өмірінде жиі еліктейді. Бұл бейнелер түрліше түсіндіріледі. Неміс зерттеушісі К.Хюбнер мифтік бейнені түсіндірудің келесі тізімін келтіреді: бір нәрсені көтермелеу, құдірет тұту ретінде; "сәбилердің тіл ауруы" ретінде (мысалы, күн "қуанады", жаңбыр "жылайды" және т.б.); рәсім ретінде (мысалы, жерлеу рәсімі); бейне ретінде (мысалы, Шығыс бейнелері...).

Мифтік ойлану жанжақты сипатқа ие. Ол өмірді тудырады және өзі өмірлік тәжірибемен тығыз байланысты. Р.Барттың зерттеулері бойынша, коммерциялық қызметті нәтижелі бастаушы ұсақ буржуаның мифтік ойлануының ерекшеліктері төмендегідей: оның өмірлік формулалары — "мені алдай алмайсың", "сен жауап бересің", "қанғақан, жанғажан", "тауарақша". Р.Барт жазғандай, сананың бұл түріне барлық мәселелерді жай теңестіру арқылы шешу мүмкін деген көзқарас тән. Бұл сана басқа да мәндер мен жолдар бар екенін білмейді. Ол үшін өмірдің бар шексіздігі есептесудің тар шегіне бағынады.

Әрбір дәуірдің өзіне тән мифтері болған. Алайда, ежелгі грек мифтері мен қазіргі қоғамдағы мифтерге тән ортақ белгі бар: мифтерді жасау барысындағы фантазия, шығармашылық күштің

шындық пен ақиқатты қалыптастыруы және оған адамды бағындыруы. Мифологиялық бейнелер кей кездері өмірдің өзінен де шынайы сипатты иеленеді. Бұл мәңгілік тақырып В.Шекспирдің “Өмірдің өзі — театр” деген сөзіне еніп кеткендей.

Бұл бізге құқықтың өнер құқығы және суретші құқығы сияқты түрлерін ажыратуға негіз бола алады. Жалпы алғанда, ол — еркін адамның құқығы, себебі мифтерді ол өз басынан, өз жүрегінен ойлап шығарады. Бұл жерде осы құқықты сырттай зорлықтан, суррогаттан, қолдан жасаушылықтан қорғау құқығы туындайды. Яғни, бұл кейіннен пайда болатын авторлық құқықтың негізі деп айтсақ та болады. Ақыр соңында ол “адам құқықтарының” бір бөлігіне айналады.

Әлеуметтанудағы көзқарастар бойынша, өмірді және сананы мифологиялау жеке және топтық немесе көпшіліктік нысандарында көрініс табуы мүмкін. XX ғасырдың тоталитарлық типтегі қоғамы жеке тұлғаны әлеуметтендіруде және оның дербестігін басыпжаншуда билік үшін маңызды функциялар атқарған идеологиялық мифтердің көптеген түрлеріне бай болды.

## 9. Канондық құқық және мораль

Құқықтық заңдар жүрістұрыстың, әрекеттің сыртқы жағын есепке алады, олар жекелеген ниеттерді реттей алмайды, жеке қайғылар, үміт, өкіну сияқты адамның ішкі әлемімен тығыз байланысты діни сезімдерде көмек бере алмайды.

Діндер күнненкүнге дамуда. Қазіргі кезде дәстүрлі ежелгі діндермен қатар жаңа, қазіргі заманғы діни конфессиялар мен қозғалыстардың қалыптасу үдерісі орын алуда. Бұрынғы діндер де, қазіргі заманғы діндер де қазіргі кезгі өмір шындығына бейімделуге, өзіне сенушілерді тартуға тырысуда. Сол себепті де, олардың басым көпшілігіне қазіргі кездегі құқықпен қатар өмір сүру, адам құқықтарының бұзылу фактілеріне өз наразылықтарын білдіру тән. Мысал ретінде, діндердің бейбітшілікті қалыптастыру, қайырымдылық (Тереза Ананың қызметі), білім беру (ислам университеттері), тәрбиелілік (түрмелер мен колониялардағы шіркеулер), бітімгершілік қызметтерін атауға болады.

Христиан дінінің қайнар көздеріне көз жүгіртелік. Төменде келтірілген материалдар А. А. Гусейновтың “Ұлы моралистер” еңбегінен іріктеп алынған.

“Мұсаның (Моисейдің) заңдар жинағы” — заңды сипатқа ие емес. Тарихи тұрғыдан қарастырсақ, ол заңдардан бұрын пайда болған, керісінше, кейіннен пайда болған заңдар осы діни каноннан көп нәрсені иемденген. Мұса мен израилдықтардың өзара қарымқатынастары ақылды көсем мен көпшіліктің қарымқатынастарының ауқымынан әлдеқайда кең. Мұса басқаларға қарағанда халықтың еркі мен мүдделерін тереңірек білдіруші ғана емес, ол белгілі бір дәрежеде халықты қалыптастырған. Тайпалар халыққа айналуы үшін Мұса олардың тарихи өмір сүруінің діни, адамгершілік және заңнамалық негіздерін енгізген. Ол жариялап, насихаттаған діншілдік — тек бір құдайға табынуға, адамгершілік — өз халқын сүйуге, заңнамалық — бірдей жаза тартуға негізделген. Құдай, халық, әділдік — міне, Мұсаның ілімінің мәнін қысқаша осылай көрсетуге болады. Бұл жерде осы үш түсінік біртұтас, бөлінбейтін кешенді құрайды.

Еврейлікиудаистік мәдениеттен тыс жерлерде Мұсаның есімін, ең алдымен, Он өсиетпен байланыстырады. Мұсаның нормашығармашылық қызметі тек бұлармен шектелмесе де, оның Он өсиетін “Мұсаның кодексі” деп атайды. Он өсиет адамның қоғамдық мәні бар жүрістұрысының барлық түрін қамтитын және тазалық нормаларынан бастап моральдық нормаларға дейін жүздеген түрлі нормаларды құрайтын заңдар жинағының кіріспесі, жалпы негізі болып табылады. Бұл жалпы діни адамгершілік заңды қағидалар — белгілі бір дәрежеде Мұсаның заң шығармашылығының философиясы. Бескітаптықтың заң шығармашылық бөлігіндегі Он өсиеттің алатын орны израилдықтарға басқа заңдарды Мұса арқылы білдірген Яхвенің бұларды өзі жариялағанымен ерекшеленеді.

Алғашқы үш өсиет тек Яхве құдайына табынуды талап етеді, басқа құдайларды ойдан жасап шығаруға тыйым салады, құдайдың талаптарына немқұрайды қарау қаупін көрсетеді (“Өз Құдайыңның есімі Яхвені бостанбосқа айтпа — 20:7). Неге бір ғана құдай? Неге Яхве? Себебі, жалғыз құдай болғанымен қатар ол әділ әрі қызғаншақ құдай. Оның бойында бір мезетте шындық та, күш те үйлескен. Көптеген құдайларға табынатын жерлерде бірдей шындықтың болуы мүмкін емес.

Бесінші өсиет әке мен ананы сыйлауды талап етеді. Оның қажеттігі балалардың атааналарының еркіне бағынбауының қылмыстық факт екенімен ғана түсіндірілмейді (мысалы, Бескітаптықта әкесі мен анасын ұрған немесе қарғаған бала үшін өлім жазасы белгіленетіні туралы норма бар). Он өсиеттің құрамында бұл өсиет ерекше мәнді иеленеді — ол қоғамдық жүрістұрыстың жаңа діни ұлттық кезеңі ғасырлар бойы қалыптасқан атаананы дәріптеу заңын жоққа шығармайтынын көрсетеді.

Кейінгі өсиеттерді (алтыдан онға дейінгі) адамның жақынға деген қатынасын білдіретін нормалар ретінде сипаттауға болады. Бұл жерде жақын дегеніміз өз халқының барлық өкілдері. “Өз халқынның ұлына кектенбе және ашуланба, өз жақыныңды өзіңдей сүй”(19:18).

Мазмұны бойынша Он өсиеттің қағидаларымен жарияланған әділдік барлығы үшін бірдей. Бұл жерде сөз түптамасы рулықтайпалық қатынастарға кететін талион қағидасы және бірдей нәрсе үшін бірдей нәрсені қайтару туралы болмақ. Бұл “өлтірме” қағидасынан айқын көрінеді. Ескере кететін бір мәселе, Бескітаптықтың мәні бойынша “өлтірме” қағидасының талаптары Израильдің аумағымен шектелген. Басқа халықтармен қарымқатынастарда Мұсаның заңдары не оларды бауғандыруды, не оларды толығымен жойып жіберуді талап етеді. Ал егер “өлтірме” қағидасы бұзылған жағдайда, онда оған тағайындалатын жаза, егер бұл қылмыстың абайсыздығы жөнінде нақты дәлелдер болмаса, “өлімге өлім” қағидасына негізделген. Денсаулыққа зиян келтірілсе, оның жазасы да келтірілген зиянның мөлшерінде белгіленген. Басқаша айтқанда, “қанғақан, жанғажан” қағидасы орын алған. Жазалаудың осы қағидасы басқа жағдайларда да қолданылған.

Иса (Иисус) өз ілімін жеке тұлғаның пісіпжетілу уақыты деп саналатын 30 жасында жариялады. Ол үш жылдай өз ілімін насихаттады. Содан кейін құдайдан безінуші ретінде айыпталып, жазаланған болатын. Оны өлтіру туралы шешімді көпшілік қолдап, римдік прокуратор Понтий Пилат бекітті. Жазаны римдік билік органдары жүзеге асырды. Жазалаудың құлдар мен қарақшыларға арналған ең бір төмен түрі таңдалды. Иса өзінің сөзі, ойы, ілімі үшін крестке таңылып, керіпшегеленіп өлтірілді. Бұны жүзеге асырған екі күш болатын, олар: мемлекеттік билік

пен көпшілік. Осы арқылы бұл екі күш өздерінің қараңғы, төмен мәнін ашып, жеке тұлғаға, еркін рухқа қас деген атқа иеленді.

Адамға қойылатын басты талап — жердегі барлық мақсаттар мен талпыныстардың мәнсіздігін түсіну, сезіну. Құндылықтардың ауқымын дұрыс анықтап алу керек және басты ақиқатты түсінген жөн: “Адамдар үшін жоғары деп танылатынның Құдайдың алдында төмендігі”. Исаның ойынша, әлемде құндылық жоқ: аспан патшалығымен салыстырғанда қаншалықты мәнді, әрі тартымды болып көрінгенімен ол төмен. Яғни, жердегі өмірдің кемшін тұстары көп және ондағы байлық та, атақ та адам талпыныстарының мақсаты болуға тұрмайды. Жүректің әлемге бағынуы мүмкін емес.

Адам өзінің тәжірибедегі шешімдерін шешу жолында тек ілімге немесе діни формулаларға сүйенбеуі қажет. Әрқашан, кезкелген жағдайда ол өзі дербес өз тәуекеліне сәйкес, өз жауапкершілігін ескере отырып қимылдауы қажет. Ол жағдайларға тәуелді болмауы тиіс, керісінше, жағдайлар оған тәуелді болуы тиіс. Иса көп жағдайларда иудаизм қасиетті деп таныған әрекеттердің көбін сынға алған. Мысал ретінде оның сенбі күніне қатынасын атауға болады. Иудейлер сенбі күнін құдайға арнаған және бұл күндері өмірлік белсенділікке тыйым салынған. Иса мен оның ізбасарлары бұл тыйымды аса сақтамаған: бір сенбі күні оның ізбасарлары егіндікте жүрген. Ал Исаның өзі бұл күні науқастарды емдеген. Сенбі күнінің қасиеттілігіне байланысты сөздерге Иса ерекше ақылдылықпен былай жауап берген: “Адам сенбі үшін емес, сенбі адам үшін”. Иса өз халқының әдет-ғұрпын сыйламады немесе оларды аяққа таптады деп ойлау дұрыс емес. Ол әдет-ғұрыптарды, Мұсаның заңдарының нақты ережелерін сақтаған. Бірақ, ол *сыртқы* әрекеттердің абсолюттік норма сипатын иемденетінімен және дұрыс жүрістүрыстың бағасы бола алатынымен келіспеген.

Иса қалыптасып қойған құндылықтар тәртібін мүлдем өзгертіп жібереді. Адамдар өз қайғыларын болдырмау үшін күнделікті нанды, материалдық құндылықтарды жиі ойлайды, ал шын мәнінде олардың қайғыларының себептері осылар, олар оны түсінбейді. Иса адамдарды өздерінің қайғылы тәжірибесін таразылауға шақырады. Мыңдаған жылдар бойы адамды толғандыратын басты мәселелер — не жеу, не ішу, нені кию. Оларда толығымен осы аталғандардың үшеуі де жоқ. Бары-тұрақты қайғылар мен бітпейтін шиеліністер. Адамдар негізгі мен қосымшаны шатастырып алғанға ұқсайды.

Адамның сүйе білу сезімінің айқын сындарлы көрсеткіші болып оның өз жауларына деген қарымқатынасы табылады. Исаның махабатты адамның ең басты мақсаты деп түсінген ойын ХХ ғасырдың философтары одан әрі дамытты. Бұл жөнінде қазіргі заманғы адамның элеуметтікпсихологиялық типтерін талдаған Э. Фромм көп жазды. Оның ойынша, махаббат — өнімді бағытталған тұлғаның негізгі мазмұны.

Әлемнің ірі діндері — ислам, христиан діні, конфуций ілімі, буддизм, иудаизм — ғасырлар бойы халық қалыптастырған мәдени құндылықтарды біздің заманымызға алып келуші болып табылады. Бұл құндылықтармен халықтардың өмір сүру кейпі, олардың шаруашылық этикасы, салт-дәстүрлері, құқықтық көзқарастары тығыз байланысты. Дін социологиясын зерттеуші М. Вебер әлемдік діндердің шаруашылық этикасының ерекшеліктері, діни құндылықтардың отбасы өміріндегі, балаларды тәрбиелеу жүйесіндегі ролі туралы жазған. Ол өзінің “Протестанттық этика және капитализм рухы” атты еңбегінде неміс бюргерінің бизнесінің дамуын оның негізгі өмірлік құндылықтар туралы көзқарасымен, Батыста XVI—XVII ғасырлардан бастап билік құра бастаған рационалдық бастаманың тамырлануымен тығыз байланысты екендігін атап жазады. Бұл жердегі рационализация дегеніміз — тәжірибедегі мақсатты анықтау және оған жету құралдарын нақты есептеу.

Еуропадағы нарықтың қалыптасуындағы ойлау рационализациясы туралы айта отырып, екі жақтың мүдделеріне бағытталған бұл қатынастар түрінің тұрақтылық кепілі ретіндегі әдет-ғұрып нормаларына қайшы келетінін ескеріп өткен жөн.



## 10. Табиғи құқық және мораль

Ежелгі гректер табиғи құқықты адамның табиғатымен, оның өмір сүруге құқығымен, өзінің табиғи қажеттіктерін қанағаттандыруымен, ләззат алу құқығымен, сонымен қатар, жеке бостандық құқығымен байланыстырған.

Антик заманында қалыптасқан табиғи құқық туралы түсініктер өзінің өзгертілген түрінде қазіргі күнге дейін жетіп, “адам құқықтары” идеясынан көрініс тапты. Табиғи құқық туралы көзқарастардың тарихи дамуы салыстырмалы сипатқа ие, себебі, ол адамның қоғамдағы орны мен роліне, мемлекеттің адамға қатынасы мен адамның мемлекетке қатынасына қатысты көзқарастардың өзгеруін білдіреді. Табиғи құндылықтар шегінде адам өзін табиғаттан бөліп қарастырмайды. Ол табиғатпен тұтасып кеткен. Оның ішкі және сыртқы табиғаты өзара үйлестікте. Еуропа өркениетінің тарихындағы үйлесімді адамның бұл қысқа мерзімді кейпі антикалық пластикада—Фидий мен Поликеттің мүсіндерінде мәңгі сақталған. Бұларда құдайдың бейнесі мен оның сұлулығы адамның бейнесі мен адам сұлулығымен тұтасып кеткен. Адамның әрбір әрекеті құдайдың есімімен салыстырылады, құдайлар адамдардың ісәрекеттерін басқарады.

Демокриттің ойынша, жасандылық пен табиғилықтың байланыс сипатының дұрыс түсінілуі этикадағы, саясаттағы, көзқарастардағы әділдіктің талабы болып табылады. Грек софистері табиғат заңдарын (фюсис) полистің заңдарына (номос) қайшы қоя отырып, полис заңдарының табиғатқа қайшы келетін істерді жасауға мәжбүрлейтінін атап көрсеткен.

Платон Сократтың көзқарастарымен келісе отырып, заңдар мен әділдіктің негізінде құдайдық идеалда бастама жатқанын атап көрсетеді. Сонымен қатар, мемлекеттік құрылым түрі (аристократия, олигархия, демократия және тирания) мен адамдардың ішкі жандүниесінен байланыс табады. Мемлекеттің әрбір нысаны ішкі қайшылықтардың және келіспеушіліктердің себебінен жоғалып отырған. Мемлекеттің ең жақсы нысаны — “орташа” мемлекет, мұнда әрқашан “орташа” элемент бастапқы рөлге ие: көзқарастарда — қарапайымдылық, мүлкінде — орташа жағдай, билікте — ортаңғы буын. “Орташа” адамдардан құралған мемлекеттің құрылымы да ең жақсы болады” деп Аристотель де тұжырымдаған.

Аристотельдің құқықты екі нысанға бөліп қарастырған көзқарасы ерекше мәнге ие болған. Еуропалық құқықтық ойдың дамуының кейінгі тарихында не адамның табиғи мәніне, не басқа бағытта: құқықтық нормаларды саналы, тиімді шығаруға бағытталған ерекше зейінді байқауға болады.

Табиғи құқықтың қалыптасуы, ол туралы әртүрлі даулар мынадай бірқатар философиялық мектептердің пайда болуына негіз болды: стоиктер, киниктер, эпикурлықтар. Олардың талдау пәні болып руханидіні ізденістегі адамның ерекше құқығы не және адамға табиғаттан не берілгені туралы мәңгілік дау болды. Ағартушылық дәуірінде француз ағартушылары Вольтер мен Руссоның көзқарастары табиғи құқықпен еркіндік және теңдік сияқты құндылықтарды байланыстырған.

Табиғи құқықтың құндылықтарымен орыс тарихшыларының, құқықтанушыларының және философтарының да концепциялары байланысты болған (Б.Н.Чичерин, П.А.Сорокин, Н.А.Бердяев, В.С.Соловьев, П.И.Новгородцев). Мысалы, П.И.Новгородцев былай деп жазған: “Табиғи құқықтық құрылымдар біздің рухымыздың ерекше қасиеті әрі оның ерекше маңыздылығының дәлелі болып табылады. Идеалды құрылымдарды жасауды тоқтатқан қоғам өлі қоғамға айналады”. Н.А.Бердяев орыс өмірінің салтын адам жанының ерекшеліктерімен байланыстыра келе, былай деген: “Ресей — әлемдегі ең мемлекетсіз, ең анархиялық ел... Орыс халқы еркін мемлекет, мемлекеттегі бостандықты емес, мемлекеттен еркіндікті, жер құрылымы туралы мәселелерден бостандықты қалайтын секілді... Ресей — әртүрлі нормалармен байланған Батыстың халықтарына мүлдем түсініксіз тұрмыстық бостандық елі... Орыс адамы асқан рухани жеңілдікпен кезкелген буржаздықты жеңе алады, өзін тұрмыстан, қатып қалған өмірден алшақтата алады...”.

Табиғи құқықтың құндылықтарымен қазіргі кездегі “адам құқықтары” мәселесіне бағытталған тұлғаны орталықтандырушы (персоноцентристік) концепциялар да тығыз байланысты. Бұл тізімге адамның жүрістұрысын тек биологиялық (Г.Спенсер, Т.Мальтус, Ч.Ламброзо), географиялық, климаттық және геосаяси (Л.Мечников, Л.Гумилев), әлеуметтікпсихологиялық (З.Фрейд, Э.Фромм) механизмдермен түсіндіретін әлеуметтікфилософиялық доктриналарды жатқызуға болады. Дәл осы көзқарастар жүйелері адам құқықтарын қорғаудың, оны құқықтарынан айырудың, әртүрлі қуғындаулар мен соғыстардың негізі болып табылады.

Қазіргі кезде адамның табиғи құқықтарының қатарына ақпарат алу құқығын, білім алу құқығын жатқызуға болады. Бұл құқықты, тіпті, түрмелер мен колониялардағы бас бостандығынан айырылған тұлғалар да қолдана алады.

Э.Фромм адамның өмір сүру жағдайынан туындайтын қажеттіктерін ғана табиғи қажеттіктер деп таниды.

Мұндай бағалаулардың екі жақтылығының айқын мысалы ретінде соғысқа деген қатынасты атауға болады. Осындай қатынасты әртүрлі дәуірлердегі түрлі көзқарас өкілдерінің айтқан сөздерінен байқап көрелік:

Демокрит (б.э.дейінгі 460370 ж.ж.): соғыс — соғысушы екі жақ үшін де ауыр зардап.

Платон (б.э.дейінгі 427347 ж.ж.): соғыс — жекелеген және қоғамдық зардаптардың негізгі

қайнар көзі. Ол, әсіресе, эллиндер арасындағы соғыстарға қарсы болған. Бұдан құтылар бірден бір жол — әділ заңдар.

Т.Гоббс (1588-1679 ж.ж.): адам — бойын тек құмарлықтар мен өзінөзі сүйшілік билеген мақұлық; оны әрқашан бақталастары мен жаулары қоршап жүреді; адам адамға — қасқыр; қоғамда көпшіліктің көпшілікке қарсы соғысының болмауы мүмкін емес — бұл адамзаттың қалыпты жағдайы; табиғатта бейбіт өмірге деген талпыныс та орын алады; негізгі жол — мемлекеттің абсолюттік билігі; билікті иемденген тұлға барлық заңдардан тәуелсіз; азаматтық өмір — бұл оның денсаулығы, ал көтерілістер мен азаматтық соғыстар — оның ауруы; кейбір тұлғалардың тәртіпті күшпен қамтамасыз етуге тырысуы бейбіт өмірге деген ұмтылыстан емес, тонаушылыққа деген ұмтылыстан туған; егер мемлекет басшылары қоғамдық келісімді бұзса, онда халық мемлекетті заңдылық жолына қайтару мақсатында қарулы көтеріліске шыға алады. Соғыс құқығы әрбір жекелеген мемлекетке тиесілі, ал бейбіт өмірге құқық — бұл кем дегенде екі мемлекеттің құқығы; соғыс тек бейбіт өмір сүру мақсатында ғана жүргізілуі тиіс; мемлекеттердің өзара көмегі қажет.

Г.Гегель (1770—1831 ж.ж.) соғыстардан “бейбіт рухтың” көріністерін көрген және оның болмауы мүмкін емес деп санаған.

В.Ленин (1870—1924 ж.ж.): әділ (азаттық, азаматтық) және әділсіз (жаулап алушылық) соғыстар болады.

Э.Фромм (1900—1980 ж.ж.) соғысты қажетті нәрсені алуды көздеген әлеуметтік-психологиялық құралдық агрессия тұрғысынан түсіндіреді. Ал бұзылған — бұған жетудегі қажетті құрал. Аталған факторлар соғыстың болуына мүмкін жағдай жасайды. Ал соғыстың себебі болып саяси және әскери элитарлық топтардың *құралдық агрессиясы* табылады. Сонымен қатар, Фромм соғыстың тағы да басқа бір себебі жөнінде жазады — *қорғану агрессиясы*. Бұл агрессия адамның бойында табиғи қалыптасқан қасиет. Негізгі мақсат — тұлғалар мен топтардың арасындағы өзара қауіптерді өмірден жою. Ал бұл, өз кезегінде, өмірдің материалдық жағдайларына байланысты.

Сонымен, қазіргі кезде халықаралық құқықтың құқықтық механизмдерінің көмегімен соғыстардың алдын алу туралы сөз қозғаған кезде, біз адамның табиғи құқықтарының да бар екендігін, олардың заңды құқықтың ішіне еніп кетпейтіндігін ескеруіміз қажет.

Сананың, адамның жобалық қызметінің көмегімен табиғи құқықты жасанды жолмен жасалған құқықтан ажырату алғаш рет адамның қоғамдағы дербестігін, адамдардың мүдделерінің әртүрлі болу мүмкіндігін, адамның “қоғамдық” өмірінің қиын тағдырын, оның әлемдегі өзінөзі мәңгілік іздеуін, өз тағдырын жеке таңдаудың қажеттігін бекітті:

а) табиғи құқықтардың бір бөлігі өз қасиеттерінен айырылып, заңдық көзқарастар құрсауында қалды, яғни, адам өзінің бостандығының белгілі бір бөлігінен айырылды;

ә) адам “құқықтарын бұзудың” табиғи, қарапайым емес, заңшығарушы, мемлекет және оның органдары тұрғысынан мақсатты түрде жүзеге асырылу мүмкіндігі пайда болды;

б) теориялық мәселе туындады: нені табиғи деп таныған дұрыс.

Себебі, табиғи мүмкіндіктер, игіліктер өмір *құралдарының* дамуымен өзгереді емес пе: табиғи емес деп саналғандар табиғиға айналады (теледидар, байланыс құралдарын қажетсіну және т.б.) және, керісінше (атты көлік ретінде пайдалану, ұзақ хаттар жазу әдеті және т.б.). Эмпирикалық деңгейде мемлекет пен құқықтық құрылымдар жағдайды әрқашан бақылап отырады. Егер адамдар хатты жиі жаза бастаса — пошта қызметінің құнын көтеру қажет, егер телефонмен көп сөйлесе бастаса — тағы да солай. Яғни, белгілі бір дәрежеде табиғи құқықтардың бұзылуы жүзеге асады, ал бұл, өз кезегінде, солар үшін күреске алып келеді. Нәтижесінде — мәңгілік қарсы тұру, осы қарсылықты білдіруге деген тұрақты дайындық.

Этнос — ішкі трансформациялық үдеріспен сипатталатын, тұрақты түрде өзгеріп дамып отыратын, бірақ, осы өзгеруінен белгілі бір тұрақтылық байқалатын жүйе. Этносты құрайтын бөліктерді әртүрлі көзқараспен сипаттауға болады: қалыптасқан өмір сүру салты ретінде де, белгілі бір шарттылық үлесі бар этнос ретінде де, табиғи құқық ретінде де.

Жолдағы табынатын негізгі құндылықтардың қатарына ізденіс пен өз мақсатына жетуді жатқызуға болады. Жол — бұл әртүрлі әлемдерді байланыстыратын және жаңа әлемдердің қайнар көзі болып табылатын ерекше тәжірибе. Миграциялық тәжірибені ұстанушы шығармашылық адамы олардың ешқайсысының қамауына түспейақ, мәдениеттің әлемдерін жасап, оларды байланыстырады.

Миграциямен бірге кеңістіктің, жергілікті жердің құрылымы да өзгереді. Адамдарды өзенсулар, жайылымдар мен бақшалар, аң аулау шаруашылықтары, базарлар, порттар, сауда, өнеркәсіп зоналары, шіркеулер, тұрғын үйлер, мектептер, театрлар және т.б. біріктіреді. Сонымен бір мезетте мемлекеттер, салалар, қауымдастықтар, діни бірлестіктер нысанындағы саяси, діни және тағы да басқа әлеуметтік-мәдени құрылымдар қалыптасады. Мұндай құрылымдылықтың нәтижесі және көрінісі болып заңнама, мораль, қоғамдық психология және идеология табылады.

Тұрақты тәжірибе мен миграциялық тәжірибе бірбіріне қайшы келетіні белгілі. Қалыпты, қайталанатын жағдайларда қалыптасқан ережелер тұрақты қозғалыстағы жағдайларға жарамайды. Даму тәжірибесі тәуекелмен, күшті ерекше жағдайларда көрсетумен байланысты шекаралық құбылыстарды көрсетеді. Мұндайда жеке тұлға қатігез ақиқатты өзгерту мүмкін емес жағдайларда басқа бейнеге енеді, өзінөзі өзгертеді.

Табиғи құқықтың құндылықтарының жоғалмайтынын ескеріп өткен жөн. Олар заңдылық мәртебесін иелене отырып, жартылай мемлекеттік құқыққа еніп кетеді, жартылай моральдық құндылықтар саласында қалып қояды, сөйтіп, қоғамның жекелеген салаларында өмір сүре береді, жартылай өзгертілген күйде өнерде, эпоста, фольклорда, тұрмыс нысандарында, заттық мәдениет ескерткіштерінде, тілде сақталып қалады. Мұның барлығы табиғи құқық идеясының тарихтың әртүрлі кезеңдерінде қайта жандануына мүмкіншілік береді: XIV—XVI ғасырлардағы Қайта өрлеу кезеңінде, XVIII ғасырдың француз Ағартушылық кезеңінде, қазіргі кездегі “адам құқықтары” концепцияларында. Сонымен қатар, жоғарыда аталып өткендей, адамның табиғи құқықтардың мәнін иеленген жаңа құқықтары пайда болады. Бұл — ақпарат алуға, қажетті білім алуға, еңбек етуге, әлеуметтік қамтамасыз етілуге құқық. Қазіргі кезде табиғи құқықтардың мәртебесі олардың заңда бекітілген бекітілмегендігімен анықталмайды. Бұл мәртебе олардың қоғамдық және гуманистік мәнімен және осы құқықтарды жүзеге асыруға жәрдемдесуші қоғамдық құрылымдарға (мүгедектер қоғамы, шығармашылық одақтар, жариялылықты қорғау қорлары, солдаттар аналарының ұйымдары және т.б.) заң кепілдік бере алмаған жағдайларда анықталады.

Табиғи құқық идеясының дамуымен қатар басқа бағыт та — құқықты түсінудегі саналы, оңтайлы, ғылыми, саяси, мемлекеттік тәсіл апологиясы да дамыды. Бұл көзқарас шегінде құқық саналы түрде жасалады, саяси институттар мен заңнама жүйесінде жүзеге асырылады, заңды рәсімдермен және нормаларды түрлерге бөлумен байланысты болады. Мұндай құқық позитивтік құқық деген атқа ие болды. Оның тарихындағы аса жарқын құбылыстар ретінде Рим құқығын және оның Еуропадағы Н.Макиавелли, Т.Гоббс, Дж.Локк сияқты ойшылдардың көзқарастарынан көрініс тапқан кейінгі түсіндірмелерін атауға болады.

Ескеріп өтетін бір мәселе, әртүрлі тарихи жағдайларда құқықтағы “табиғилылық” пен “жасандылықтың” арақатынасы түрліше сипатқа ие болған. Бұл субъект пен объектінің өзара байланысына тәуелді болды. “Оянбаған” субъект құқықтық қолдауды қажет етеді, оған авторитарлық немесе тоталитарлық саяси режим тән болады, бұдан шығатын қорытынды, артықшылық позитивтік құқық жақта, құқықзаңда. Өзінің табиғи құқықтарын сақтап қалуға тырысатын белсенді субъект демократиялық режимдер үшін күреседі. Ф.Хайек өзінің “Құлдыққа апаратын жол” атты еңбегінде жеке даралықтың (“социалистік ұжымдастыруға” қайшы ретінде) негізгі белгілері туралы былай деп жазады:

— жеке тұлғаны сыйлау, яғни, әрбір адамның өз қызмет саласындағы көзқарастары мен құмарлықтарының ерекше басымдылығын тану;

— жеке тұлғалық христиан діні мен антик философиясының элементтерінен пайда болды. Ол Қайта өрлеу заманында толық қалыптасып бітіп, одан әрі кеңейе түсті...

Бұдан әрі ол тоталитарлық режимде билік басына ең жаман адамдар келетінін жазады, себебі, мұндай кезде моральдық ережелерді орындамайтын және ұят дегенді білмейтін тұлғалардың жетістіктері мол болады.

Бұрынғы КСРОда, 1917 жылдан бастап, еуропалық түсініктегі демократиялық құқық сынға алынды. Оның орнын, алдымен, революциялық мақсаттардың талаптарына, одан кейін, таптық идеология талаптарына (билік қалыптастырған ресми идеологиялық доктрина бекіткендей, жұмысшылар табы) жауап беретін “заң” диктатурасы басты. Шын мәнінде, құқықтың орнын партиялық мемлекеттік аппараттың қаулылары мен шешімдері басты. Ал бұл жерде табиғи адамдық құқықтарды (өмір сүруге, отбасын құруға, балаларды тәрбиелеуге, қажетті білім алуға, тұрғылықты жерде ауыстыруға, шетелдерге баруға және т.б. құқықтар) мемлекет монополизациялап жіберді, яғни, олар мемлекеттің толықтай меншігіне айналды. Адам, тіпті, өзөзіне қатысты да ештеңе шеше алмайтын, ол билік анықтаған белгілі бір қатаң ережелер шегінде ғана әрекет ете алатын. Мұндай жағдайларда позитивтік құқықтың (субъект пен объектінің үйлестігі ретіндегі) да болмайтыны белгілі, оның орнын әртүрлі ережелер, нұсқаулар басты.

Сонымен, белгілі бір мемлекеттің өмір сүру барысындағы табиғи құқықтардың орны мен маңызы адамның орны мен құндылығына, оның дербестігінің, бостандығы мен тәуелсіздігінің шамасына қарай анықталады.

## 11. Рим құқығы және мораль

Рим құқығының мәні оның заңды мазмұнымен ғана шектелмейді. Оның адамгершілік аспектісінің өзі дербес мәнге ие. Рим құқығы адамзат тарихында ерекше орынды иеленген. И.А.Покровский жазғандай, ол өзін ойлап тапқан халықты артқа тастап, біздің күнімізге жетті және әлемді екі рет жаулап алды.

Алайда, империяның дамуымен ескі патриархалды құрылым жоғала бастады, қарапайым табиғи шаруашылықтың орнына күрделі экономикалық қатынастар келді. Жаңа өмір әрбір жеке тұлғаның өз күші мен қабілеттерін барынша пайдалануды талап етті. Рим құқығы да өз сипатын өзгертіп, бейімделе бастады. Маңызды адамгершілік ерекшеліктерінің бірі оның жеке тұлғалық бағыттылығы болса, ал негізін құраған тіректер — тұлға бостандығы, меншік бостандығы және шарттар мен өсиеттердің бостандығы болды.

Рим құқығының екінші ерекшелігі болып оның әмбебаптығы табылды. Ол Рим құқығының халықаралық сауда қатынастарына барынша ден қоюмен байланысты болды. Әрқашан оның аумағында түрлі ұлт саудагерлері қатынасқан көптеген іскерлік қатынастар қалыптасатын; римдік магистраттар осы қатынастардан туындайтын дауларды шешуге, осы дауларды шешу үшін нормалар шығаруға міндетті болатын. Бұл жерде ескі рим құқығы аталған мақсатталаптарға жауап бере алмады, жергілікті және ұлттық ерекшеліктерден тәуелсіз, римдікті де, гректі де, египттікті де, галлды да қанағаттандыратындай жаңа құқықтың қажеттігі туды. Халықаралық қатынастарда пайда болатын халықаралық айналымның әдетқұрыптарын өзіне сіңіре білген, жанжақты, бүкіләлемдік құқық қажет болды.

Тағы да И.А.Покровскийдің сөзіне жүгініп өтелік: “Шын мәнінде бұл құқықты жасаушы бүкіл әлем еді. Ал Рим болса халықаралық айналымның әр жерде шашыраған әдетқұрыптарын қайта өңдеуден өткізіп, оны біртұтас жүйеге айналдырған лаборант ролін атқарды. Әмбебаптық және жеке тұлғалық — бұл біртұтастықтың негізгі бастамалары”.

Рим құқығының қалыптасып бітуі атақты заңдар жинағы—император Юстинианның *Corpus Juris Civilis* імен тұспатұс келеді. Жаңа халықтардың табиғи экономикалық дамуы оларды халықаралық сауда қатынастарына алып келеді. Экономикалық даму қайтадан тұлғаны кезкелген феодалдық, қауымдық және патриархалдық құрсаулардан босатуды, жеке тұлғаға қызмет бостандығын, өзінөзі анықтау бостандығын беруді талап етеді. Рим құқығы қайтадан зерттеушілік пен танысу пәніне айналады. Ол жергілікті және ұлттық заңнамаға ауысады, яғни, *рим құқығының рецепциясы* деп аталатын үдеріс жүзеге асады. Мысалы, Германияда 1900 жылға дейін Юстиниан Заңдарының формальдық әсері сақталып келді, ал олардың материалдық әсері қазіргі кезгі кодекстердің баптары мен параграфтарында әлі де сақталған. Бекерденбекер ол жазбаша сана, *ratio scripta*, деп аталмаған ғой.

Ең таң қаларлығы, рим құқығын демократиялық типтегі мемлекеттер мен саяси режимдермен қатар авторитарлық (немесе тоталитарлық) типтегі мемлекеттер де өз құқық жүйелеріне сіңіре білген. Бұл жерде басты айырмашылық — алғашқылары ашық және жариялылы түрде жүзеге асырса, кейінгілері жариясыздықты негізге алған. Мұндай қарамақайшы жағдайлардағы рим құқығының маңыздылығын қалай түсіндіруге болады? Басқаша айтқанда, алдымен құқықтың көмегімен адамның әлемі үйлестікке ие болады, оған белгілі бір тәртіптер енгізіледі. Алайда, пайда бола салысымен бұл тәртіп өз шегінен асып, қарамақайшылыққа айналады. Себебі, рим құқығы өмірдің өзгеруімен, оның экономикалық және идеологиялық көріністерінің өзгеруімен қатар дамиды.

Республика кезеңінің алдындағы патшалар заманында рим құқығы мемлекеттік құрылымның негізгі элементтерін анықтады, олар: патша, сенат, халық жиналысы. Патша мемлекеттің жоғарғы басшысы болып табылады, оның қолында мемлекеттік биліктің барлық функциялары жинақталған. Ол — халықтың бас қолбасшысы да, ішкі тәртіпті сақтаушы да, құдайлардың алдындағы халық өкілі де. Қолбасшы ретінде ол әскери күштерді басқарады, командирлерді тағайындайды. Ішкі тәртіпті сақтаушы ретінде ол сот және қылмыс жасаған адамдарды жазалау құқығын, тіпті, өмір мен өлім құқығын да иеленеді. Жоғарғы абыз ретінде ол жалпыхалықтық рәсімдердің жүзеге асыру тәртібін анықтайды.

Өртүрлі куриялардан құралған халық жиналысы жаңа заңдарды, азаматтық, жеке құқықтық өмір, ішкі және сыртқы саясат (мысалы, соғыс жариялау, бейбіт келісімге келу және т.б.) мәселелерін талқылады. Бұл құрылым қазіргі кездегі құрылымды еске түсіреді. Өртүрлі режимдерде аталған үш элементтің тек мәні, жариялығының немесе жариясыздығының дәрежесі ғана өзгереді.

Бұл жерде тағы да бір қызық мәселе туындайды. Биліктің жариялығы немесе жариясыздығы мәселесі саясаттанушылар мен философтарды бұрыннан бері ойландыруда. Мысалға, К.Поппердің “Ашық қоғам және оның жаулары” атты еңбегін алайық. Мұнда жариясыздықты (жабық қоғамды) автор мемлекеттегі ішкі тоталитарлық ұлтшылдықтың болуымен, тайпалық психологияның оянуымен, ұжымдық жауапкершіліктің моральдық қағидаларының кең таралуымен,

басқа ұлттар мен барлық басқаша ойлаушыларға деген жаулық қарымқатынаспен байланыстырады.

Республика кезеңіндегі рим құқығы тарихының да саяси өмірдің талабы — адамгершілік нормалардың пайда болу көзқарасы тұрғысынан маңызы зор болды. Рим аумағының кеңеюі мемлекеттік құрылымды ұйымдастыруда әртүрлі аумақтардың ерекшеліктерін ескеру қажеттігін тудырды. Олардың тұрғындары әртүрлі азаматтық мәртебеге ие болды және осының нәтижесінде екіге бөлінді:

1. Барлық құқықтарды иеленген толық құқылы азаматтар. Бұлар ерекше санатқа жатқызылды.

2. Азаматтық қатынастар саласында толық құқықабілеттікті иеленген, алайда, саяси құқықтарды иеленбеген азаматтар. Олар мекендеген аумақтардың ішкі автономиясы шектеледі, ал оларды басқару үшін Римнен ерекше префекттер жіберіледі.

Риммен күресте айқын жеңіліске жеткен қауымдастықтар өздерінің ішкі дербестігінен, ішкі басқарудан айырылды, енді оларды Римнен жіберілген өкілдер басқаратын болды. Ал Римге өз еркімен берілу әлсіз болса да, белгілі бір шарттың элементін білдірді. Мұндай өз еркімен көну болмаған жерлерде, оккупация, яғни, жаулап басып алушылық жүзеге асырылатын, ал сол жерлердің тұрғындары әскери тұтқындар ретінде құлдарға айналатын. Осы кезеңде (б.э. дейінгі 45 ж.) қалалық құрылымның әлеуметтік заңдары жасалып, Римнің билігіндегі, алайда Италия аумағынан тыс жерлерге — провинцияларға қатысты ерекше заңды қатынас анықталады. Сонымен, төмендегідей қорытындыға келуге болады: тұрғындардың табиғи факторлардан (аумақтық, географиялық және т.б.) туындаған теңсіздігі құқықта бекітілген болатын.

Ежелгі Рим тарихын үш кезеңге бөлуге болады: патшалық кезең (б.э.дейінгі 754—510 ж.ж.); республикалық кезең (б.э. дейінгі 509—28 ж.ж.); императорлық кезең (б.э. дейінгі 27 ж.— б.э. 476 ж.). Содан кейін империяның құлдырап, құлауы және оның екіге бөлінуі орын алды: Батыс империя (астанасы — Рим) және Шығыс империя (астанасы — Константинополь).

Республикалық Римдегі мемлекеттік билік элементтері болып халық жиналысы, сенат пен магистратура табылды.

Халық жиналыстарында халық үстемдігінің идеясы айқынкөрініс тапты. Жиналыс белгілі бір тәртіппен ұйымдастырылады, оның бірнеше түрлері болады. Жиналысқа заң жобалары ұсынылады, ал дауыс беру ашық және жабық (жазбаша) нысандарда жүзеге асырылады. Магистратуралар – жергілікті жерлердегі билік. Магистраттар — мемлекеттік “ұлылықтың” өкілдері. Магистраттың лауазымы — қызмет емес, атақ, даңқ, бұл билік сайланбалы және ақысыз сипатқа ие. Алайда, оның өзіндік шектеулері де болған: магистраттар бір жылға ғана сайланатын, алқалық қағида орын алған, лауазымдық әрекеттер үшін сот алдында жауапкершілікке тартылу мүмкіндігі (жауапкершілік қағидасы).

Бұл құрылымның өзіндік кемшіліктері де болған. Қазіргі күндегідей, өз кандидатурасын белгілі бір лауазымға ұсынғысы келген тұлға міндетті түрде үгіттеу жұмыстарын жүргізетін. Ал бұл кезде сатып алушылықтар орын алатыны белгілі. Бұған дәлел ретінде, сол кездің өзінде заңға қайшы жүргізілген үгіттеулермен күреске бағытталған заңдардың болғандығын айтып өтуге болады. Цензура қоғам өмірінде әртүрлі рольді иеленді. Республиканың гүлдену кезеңінде ол саяси өмірге өзінің әсерін тигізіп отырды.

Плебейлерді магистратуралардың заңсыз әрекеттерінен қорғау мақсатында халық трибундары, яғни, белгілі бір дәрежедегі бақылаушылар, магистратураларға қарсы магистратура құрылды. Олар біртіндеп әлеуметтік жағдайы төмен халық тобын қорғау мақсатында бекітілген жалпы нормаларға наразылық білдіру құқығын иеленді.

Аталған кезеңнің құқықтық дамуының қорытындысы болып екі қайнар көзге сүйенген құқық жүйесі табылды. Ол қайнар көздер:

— цивильдік құқық (азаматтық заңнама нормаларының жүйесі);

— адам құқықтары: бұл нормалар түрлі мемлекет және ұлт өкілдері қатынасқан халықаралық сауда айналымының жалпы әдетінен алынды. Өз мазмұны бойынша бұл құқық жалпыхалықтық сипатқа ие, ол бостандықтардың көптігімен және икемділігімен ерекшеленді.

Оның көптеген ережелері Римдік арнайы нормаларды ысырып, әдетғұрып немесе заң жолымен преторлық эдикттен азаматтар арасындағы айналымға өтті. Бұл ережелердің оң мәні — Рим заңгерлерін барлығымен бірдей мойындалған ережелерден құралған (мысалы, туыстық, атаананы сыйлау және т.б.) барлық халық үшін жалпы құқықтың бар екендігін түсінуге итермелеуінде. Мұндай жалпылықтың себебін түсінуге тырысқан олар мұның мәні адамның табиғатында (немесе, тіпті, барлық жануарлар табиғаты) деп пайымдады. Бұл көзқарастың нәтижесінде табиғатпен байланысты құқықты табиғи құқық немесе *jus naturale* деп атай бастады. И.А.Покровскийдің ойынша, “адам құқығы” мен “табиғи құқық” түсініктерінің пайда болуы заң ойларының әлдеқайда кең сала — құқық философиясына алғашқы қадам басқаны туралы дәлелдейді деп түсінді.

Бұл түсініктермен “әділеттілік” түсінігі де тығыз байланысты. “Әділеттілік” түсінігі мораль мен әлеуметтік саясат қағидаларын қамтитын категория ретінде түсіндірілді. Цицерон мемлекетті халыққа тән іс, оның барлық еркін мүшелерінің жалпы мүддесінің көрінісі, сонымен қатар, осы мүшелердің келісілген құқықтық қарымқатынасы, құқықтық құрылым, “жалпы құқықтық тәртіп” ретінде түсіндірді. Ол, өзі үшін ерекше беделге ие ежелгі грек ойының өкілдеріне сүйене отырып, мемлекеттік құрылымқұруға деген ұмтылыс — адамдардың әлсіздігі мен қорқынышы емес, ал

олардың бірігіп өмір сүруге деген тумысынан берілген *табиғи қажеттілік*. Цицеронның ойынша, мемлекеттің пайда болуы табиғаттың жалпы талаптарына, соның ішінде, адам табиғатының талаптарына жауап береді. Адамдарда табиғаттың өзінен сана мен әділеттілік негіздерінің болуының, құдай бастамаларын түсінуінің нәтижесінде ғана белгілі бір тәртіпке бағынған адамдық қарымқатынастардың, мемлекет пен құқықтың пайда болуы мүмкін болды.

Басқарудың үш нысанын (патша билігін — монархияны, аристократтар билігін — аристократияны, халық билігін — демократияны) талдай келе, ол ең қолайлы нысан ретінде осы үш билік нысандарының жақсы жақтарын өзіне сіңіре білген аралас нысанды санады. Себебі, таза күйінде олардың әрқайсысының өзіне тән кемшіліктері бар. Жалғыздікті басқарушының немесе белгілі бір топтың тираниясы — мемлекет нысаны белгілерін жоғалтады, себебі, бұл жерде мемлекетті ортақ іс және халық мұрасы деп түсіну орын алмайды.

Цицерон мемлекеттің аралас түрін жақтай отырып, тәжірибедегі саясаткер ретінде жоғарғы топ пен төменгі топ мүдделерін білдіретін көзқарастардың ішінде “ортаңғы” позицияны ұстанды. Оның пайда болып келе жатқан әскери диктатураға қарсы тұруы өлімге алып келді: ол сотсыз өлім жазасына тартылатындар тізіміне қосылып, басын алып тастау арқылы өлтірілді.

Табиғи құқық — ең жоғарғы, шынайы заң. Құқық адамның шешімдерімен, қаулыларымен емес, табиғат арқылы орнықтырылады. Адамдар қалыптастырған заң табиғаттағы тәртіпті бұзбайды. Адам заңдарының табиғатқа (немесе табиғи құқыққа) сәйкес келуі немесе қайшы келуі олардың әділеттілігінің немесе әділетсіздігінің өлшемі болып табылады. Әділеттіліктің көрінісі төмендегідей: кімдекім саналы түрде басқарса, әйтеуір бір күні біреуге бағынуы мүмкін, кім біреуге саналы түрде көнсе, әйтеуір бір күні басқаруы мүмкін.

Цицеронның ілімінде жазбаша құқықты (табиғи құқықпен салыстырғанда) жеке және бұқаралық деп бөлу орын алған. Рим құқығы тұтасымен және Цицеронның шығармашылық мұрасы кейінгі мәдениетке, христиан ойшылдарының, Қайта өрлеу кезеңі қайраткерлерінің, француз ағартушыларының көзқарастарына зор үлесін тигізді.

Біз талдап өткен тарихи оқиғалардың қазіргі кездегі төмендегідей құбылыстарды түсінуде маңызы зор: Отан тұтастығының адам санасынан алшақтығы, өмірден алыстау, қаржықаражатты алдау, зорлау жолдарымен табуға ұмтылу. Кейбіреулер өздеріне әртүрлі бағыттағы философиядан жұбаныш табады: стоицизм, эпикуреизм, скептицизм. Рим әлемінің әлсіздігі, оның жағдайы “христиан дінінен көрініс табатын жоғарғы рухтың қиналуына айналды”.

## 12. Позитивтік құқық және мораль

“Позитивтік құқық” түсінігі қолданысқа XIX ғасырда, философиядағы позитивистік бағыттың дамуымен енді. Философиядағы позитивизм табиғиғылыми білімдердің нәтижесі болып табылды. Физика, биологияның заңдары қоғамға біртіндеп ене бастады. XVIII ғасырдан — француз ағартушылығы кезеңінен — бастап әлеуметтік жобалау кезеңі басталды. Саяси қайраткерлер мен заңгерлер арасында сапалы заңдардың көмегімен қоғамды өзгертуге, жақсартуға болады деген тұжырым кеңінен тарады. Қоғам мен адамды ғылымның, сананың, білімнің, тәрбиенің көмегімен жетілдіру мүмкіндігі этиканың мәніне айналды.

Сонымен, осы теорияға сәйкес, адам сыртқы ортаның әсер ету объектісіне, барлығы есептеліп қойған математикалық теңдеудің “нәтижесіне” айналды. XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басындағы қалыптасып келе жатқан көпшілік қоғамда (ірі өндірісі дамыған, көпшілік еңбекті қолданатын және білім алу мен бос уақыт өткізудің көпшілік формалары дамыған жаңа типтегі қоғам) әлеуметтік нормалар — реттелгендіктің белгісі сияқты болып көрінді. Нормалау барлық саланы қамти бастады: еңбек нормасы, қажетті тұтыну нормасы, денсаулық нормасы, тұрғын үйлерді, қалаларды, вокзалдарды, ауруханаларды, мектептерді жобалаудағы нормативтер. Норма — өркениеттің негізіндегі иллюзиялық көзқарас қалыптасты.

Құқықтағы позитивизмнің екіжақты мағынасы бар. Егер кең мағынадағы құқықты алатын болсақ, онда “оң”, “позитивті” түсініктерін құқықтың төмендегідей түрлеріне қолдануға болады: дін құқығына, әдет-ғұрыпқа, рәсімге, моральға. Яғни, оң құқық қалыптасып, қабылданып қойған нәрселердің барлығын қамтиды. Дәл осы мағынада рим құқығы оң классикалық құқық болып табылады.

XIX ғасырдан бастап, философиялық позитивизмнің пайда болуымен, позитивтік құқыққа басқаша мағына беріле бастады. Бұл кезде құқықтық позитивизм тар мағынадағы құқыққа, яғни, шын мәнінде өмір сүретін заң құқығына, мемлекеттік құқыққа қатысты қоланыла бастады.

Сонымен қатар, Ньютонның әлемді физикалық суреттеуінің негізінде жатқан себепсалдық механизмді (себептің салмен байланыстылығы қағидасы) тану да құқықты түсінуде позитивистік сипатты иеленді. Құқықтағы позитивизмнің бағыттарының бірі болып нормативизм табылады.

Позитивистік позиция өз табиғаты бойынша консервативтік сипатқа ие. Ол заңдарды ғана емес, олардың негізінде жатқан әлеуметтік нормаларды да догмаға айналдырып жібереді. Құқықтағы нормативистік бағыттың өкілдері заң мен норманы олардың әлеуметтік тегінің іздерінен толық тазалау үшін күреседі, олар норманы адам ақылының таза өнімі ретінде қарастырады. Құқықтық позитивизмнің келесі бір бағыты болып логикалық позитивизм (немесе заңды көзқарастар мен конструкциялардың логикалық мінсіздігіне ерекше мән беретін түсініктерді заңдастыру) қалыптасты. Осы кезде сананың, ақылдың логикасы өмір логикасын (шын мәнінде — алогизмді) шетке ысырып жіберді.

Заң логикасы мен өмір логикасының арасындағы жоғалған байланысты қалпына келтіруге тырысқан неопозитивизм өкілдері (Р.Карнап, Г.Харт) конвенциализм идеясын (құқықты “өздері қалай түсінетіндей” қарастыру) ұсынды. Бұл идеяға сәйкес, заң шығарушы позитивтік құқықтың табиғи құқықтың нормаларымен байланысын ескеру қажет:

— бірінші түрі — адамдардан белгілі бір әрекетті жасауды немесе жасамауды талап ететін заңшығармашылық ережелер;

— екінші түрі — бірінші түрдегі нормалардың жасалу, өзгеру және қызмет ету үдерістерін анықтайтын нормалар жиынтығы. Бұл нормалар, өз кезегінде, төмендегідей түрлерге бөлінеді: а) тану нормалары (басқа құқықтық нормалардың өмір сүруін көрсететін); ә) өзгерту нормалары; б) іс жүргізу нормалары (сот шешімін шығару ережелері).

А. Этатистік позитивизм құқықты мемлекеттік саясатты жүзеге асыру құралы ретінде түсіндіреді.

Ә. Әлеуметтанушылық позитивизм құқықтық мемлекеттік актілердің әлеуметтік қайнар көздерін адамдардың қажеттіктерін, мүдделерін зерттеу арқылы ашуға тырысады; құқықтық негізді қоғамдық қатынастардың әртүрлі салаларына енгізу есебінен кеңейтеді.

Адамның жүрістұрысының психологиялық кестесінің сыртқы реттеушісі болып оның биологиялық механизмдері, этносы табылады. Бұл сала қай кезде де табиғи құқықтың, діннің, моральдың билігінде болған. Сонымен, құқықтық позитивизмнің үш түріне құқықтық шындықтың үш саласы сәйкес келеді: мемлекет, қоғам, адам.

Қазіргі кездің өзінде де позитивтік құқықты жақтаушылардың көп екендігін ескере отырып, оның артықшылықтары мен кемшіліктерін анықтап алған жөн. Өз дамуы мен негізділігін позитивтік құқық көпшілік қоғамның пайда болу, өндірістік өркениетті қалыптастыру, көпшілік жүрістұрысты реттеудің, басқарудың тиісті нысанын талап ететін кезеңінде иеленді. Бұл жағдайларда біртұтас басқару функциясын мемлекет атқарады. Ал мемлекетке оң басқаруды жүзеге асыру үшін біртұтас жинақталған жүйе қажет. Мұндай құралдың ролін, өз кезегінде, құқық атқарады. Осындай жағдайда позитивтік құқықтың артықшылық жақтары айқын көрінеді:

- 1) оның жазбаша нысанда көрініс табуының нәтижесінде барлық адамға түсініктілігі;
- 2) оның нормаларының жинақталғандығы;
- 3) мемлекетпен қамтамасыз етілуі.

Жақсы заңдардың көмегімен қоғамды өзгертуге болады: мұндай көзқарастардың негізінде,

қайталап айтамыз, адамды танудың объектоцентристік бағыты жатыр: адам әлемде өзінің шығармашылық бастамасын өзі дамытып, адамгершілік құндылықтарды өзі жүзеге асырмайды, оның өмір сүру нысанын жағдайлар, мемлекет пен оның институттары анықтайды.

Нақты анықталған норманың өмірді жеңілдететіні, жүрістұрысты түсінікті, айқын қылатыны анық. Мұндай нормалар туралы армантілектерін әлеуметтік утопия авторлары А.Платонов, Дж.Оруэлл білдірген. Нормативизм әртүрлі саяси режимдегі мемлекеттерде (мысалы, тоталитарлық, демократиялық және т.б.) түрліше дамыған. Нормативистік моральдыққұқықтық үлгінің отандық түрі А.Зиновьевтің әлеуметтік романдарында жанжақты сипатталған.



### 13. Тірі құқық құқықтық моральдың қайнар көзі ретінде

XX ғасырда құқықтың әртүрлі өмірлік жағдайларға, ситуацияларға, тірі өмірге сәйкестігі туралы идея пайда болды. Осыдан барып “тірі құқық” түсінігі пайда болды. Қазіргі кездегі теоретик-ғалымдардың (Ю.Хабермас) жазуынша, табиғи құқықтың оңтайлану үдерісі жүрді. Сонымен бір мезетте, құқық адамдардың өзара, қоғамдық жүйелердің, өркениеттердің араласу қажеттігінен туған конвенционалды сипатқа ие болды. Жеке құқық кәсіпкерге, азаматқа барынша мүмкіндіктер мен бостандықтар беруге тырысты. Жанжақты нормативтіліктің орнын конвенционалды негізде қалыптасқан қағидалар басты. Ал жеке мақсатміндеттер жергілікті, ұлттықаумақтық және т.б. құқықта жүзеге аса бастады. Зор потенциалдық құқықтық аумақ анықталды. Осы кезде құқықтың тірі түрі жетіспеді. Сонымен қатар, адамгершілік құндылықтардың да жетіспеушілігі байқалды, себебі, олар формальдық нормалардың үстемдік құрған жылдары біртіндеп жоғалған болатын.

Осылай, өмірдің өзі, эмпирикалық шындық пен тәжірибе жаңа құқықтық және заңды этиканың қайнар көзіне айналды. Алайда, оларды әртүрлі ғылым салаларының (антропология, элеуметтану, элеуметтік психология және т.б.) құралдық көмегімен жанжақты салмақтап зерттеу шарт болды. Ю.Хабермас өзінің “Білім және қызығушылықтар” атты еңбегінде “когнитивті қызығушылық” түсінігін енгізеді. Оның ойынша, бұл түсінік өмір үдерісінің табиғи және рационалды бастамасын көрсетеді.

Тірі құқық ретінде біз эмпирикалық шындықты, өмірді, азаматтық қатынастарды түсінеміз. “Тірі” өмірдің шынайы ағымы, алдымен рим құқығы кезеңінде преторлық құқықта, кейіннен — Англияда соттар құқығында бекітілген сот прецеденті үшін, құқықтық рефлексия үшін белгілі бір кеңістікті қалыптастырып, жағдай жасайды. Тірі құқықты заң шығарушы қабылдаған нормативтік құжаттарға жауап ретінде түсінуге болады. Тірі құқық топтардың элеуметтік психологиясымен, әртүрлі жастың психологиясымен, климатпен, ландшафтпен, ұлттық ерекшеліктермен тығыз байланысты.

Тірі құқық туралы түсінікті төмендегідей арнайы ұйымдастырылған ақпарат алу жолдары қалыптастырады: элеуметтік зерттеулер, сараптамалық талдау мәліметтері, журналистік тергеулер; мұндай ақпараттарды жанама жолмен де алуға болады — өнер, көркем шығармашылық, мәдени өмір арқылы. Тірі құқық пен әдетғұрыптың, діннің, табиғи құқықтың ұқсастықтары өте көп.

Қорытындылай келе, құқықтық моральдың қайнар көздерінің тізімін шектеу мүмкін еместігін атап өтуге болады. Біз бұлардың негізгілеріне ғана тоқталып өттік. Әрине, оның дамуына адамның өміріне әсер ететін және адам шығармашылығының өнімі болып табылатын барлық ғылымитехникалық жаңалықтар әсер етеді.

Құқықтық моральдың гносеологиялық қайнар көздерінің қатарында ерекше орынды антропология иеленген. Антропология — адам туралы ілім. Табиғиғылыми және медициналық антропология тірі ағзалар әлеміндегі адамның орнын анықтайды. Оған анатомия, физиология, нәсілдер туралы ілім және т.б. жатады.

Табиғиғылыми антропологияның мәліметтері құқықтық этикамен жанама байланыста. Себебі, бұл жерде барлығын адамның араласуымен анықтау мүмкін емес. Алайда, адам биологиясындағы жаңалықтар (жынысты өзгерту мүмкіндіктері, клондау механизмі, “пробиркадан” бала алу, медициналық криминологиялық сараптама, адам мүшелерін алыпқолдану және т.б.) тек құқықтық рәсімдеуді ғана емес, сонымен қатар, ең алдымен, адамгершілік тұрғыдан бағалауды, ал оның негізінде құқықтық шешімдерді қабылдауды қажет етеді.

Біз аталған авторлардың еңбектеріне жанжақты тоқталмаймыз. Қазіргі кездегі құқыққа, этикаға, элеуметтік психологияға, педагогикаға және адамды зерттеумен байланысты басқа да ғылымдарға үлкен әсер еткен антропологиялық философиялық мектептің негізгі жаңалықтарына тоқталып өтуді жөн көрдік.

XX ғасырдың ойына әсер еткен парадигмалық сипаттағы үш ерекше идеяны атап өтуге болады. XX ғасырдың антропологиялық парадигмасы Макс Шелердің есімімен тығыз байланысты. Ницшенің адамды аяқталмаған жануар ретінде қарастырған формуласын талдай келе, Шелер адамды еркін, ашық, “ойланатын тірі жан иесі” ретінде көрсетті. Адамда өзінезі дамыту, өзінезі өзгерту мүмкіндіктері бар. Биологиялық тіршілік иесі ретінде адам шектелген, оның кемшіліктері көп, ал ойланушы ретінде, ол — шексіз. Бұл жерде нақты бағытбағдар жоқ: Фромм айтқандай, адам өз бойындағы адамдықты іздеуге бағытталған.

Шелердің адамның аяқталмағандығы жөніндегі ойын Фромм әрі қарай жалғастырған. Адамда бәрі өзгереді — оның табиғаты да, оған тән субъективтілік те. Бұл ой Фроммды адам өз табиғатынан қайырымды немесе зұлым болмайды деген қорытындыға алып келді: оның бойында барлық мүмкін қасиеттер мен кемшіліктердің қайнар көздері жасырылған. Мысалы, жеккөрушіліктің, авторитарлықтың, қайырымдылықтың және т.б.

Фромм бойынша адам — антропологиялық суреттің қайнар көзі және соңы. Адамның болмысы

еш нәрсемен шектелмеген, байланбаған, ол — еркін. Өз қалпындағы адам — адам емес. Ол өзі қандай бола алады, сол сипатқа ие. Фромм экзистенциалистік дәстүрге жақын келеді: адамды өз болмысындағы қарамақайшылықтар арқылы, оның өмір сүру тәсілі арқылы түсіну қажет. Адамның ең басты қарамақайшылығы, Фроммның ойынша, табиғи тірі жан иесі бола тұра, ол өз табиғатын тұрақты түрде жоққа шығарады, міне, оның кемшілігі осында. Адамның жеке даралығы оның құмарлықтарынан, ұмтылыстарынан көрініс табады. Махаббат, қорқыныш, билікқұмарлық, фанатизм... Әлемді осылар басқара ма? Біреу бай өмір мен бақытқа ұмтылады, біреу, керісінше, аскеттік идеалдарды пір тұтады, енді біреу бар жантәнімен билік құруға тырысса, біреу бұған қарсы. Осы құндылықтардың жиынтығын Фромм бағытбағдар және табыну жүйесі деп атайды.

Эрих Фромм өзінің “Адам өзі үшін” атты еңбегінде адамдық субъективтілік саласын енгізген. Оның ойынша, адам нақты әлеуметтік жағдайларға нашар бейімделеді, себебі, оның белгілі бір құмарлықтары, итермелегіш күштері бар. Мүмкін, оның басқарылмайтындығының өзі оның құтқаруға итермелейтін қасиеті шығар. Адам мемлекеттік меншік үстемдік құрған қоғамда өмір сүруге бейімделді делік. Бұл жақсы ма, әлде жаман ба? Мұндай жағдайда адамдардың барлығы құлдарға айналып кететін еді.

Аристотель өзінің “Никомах этикасы” еңбегінде адам өмірінің барлық игіліктерін үш топқа бөлген: сыртқы, рухани және денелік.

Адам қажеттіктерін бөлу мәселесін көптеген философтар зерттеген. Олар адамның өзіне тікелей қатысы бар қажеттікті және адамның өмір сүруі кезінде иемденген қажеттіктерін бөлуге тырысқан. Бұл көзқарасқа сәйкес Шопенгауэрдің идеясын еске түсірген жөн. Ол адам болмысын талдауға тырысып, адамдар арасындағы айырмашылықтарды екі негізгі категорияға негіздеген:

1) Жеке тұлға неге ие — яғни, кезкелген меншік пен иелік.

2) Жеке тұлға бізге қалай көрінеді. Бұл жерде ол туралы басқалардың көзқарасы.

Э.Фромм адамның бойындағы өзіненөзі бас тарту құбылысының кері көріністерін жанжақты талдайды. Мысалы, егер адамдағы шығармашылыққа деген ұмытылыстан еш нәрсе шықпаса, онда барлығын бұзыпқұртуға деген ниет пайда болады. Психикалық қозғаушы күштің әсері соншалықты, егер адам өзін өзін әлеммен шығармашылық актісінде біріктіре алмаса, онда әлемді құрту және бұзуға ұмтылыс пайда болады. Осындай қарамақайшылықты жолмен адам жалғыздықтан құтылу мәселесін шешеді. Сонымен, шығармашылық пен бұзу — инстинктілер емес, олар нақты қоғамдағы адам жағдайына жауап. Баламалық айқын көрініп тұр — ойлап шығару немесе құрту...

Адамның болмысын Фромм оның қалыптасуы, рухының жетілуі ретінде түсінеді. Адамгершілік туралы, бағытбағдардың құндылығы туралы, аруят пен борыш туралы кезкелген толғаныс адамды философиялық танудың нәтижесінде қалыптасатыны белгілі. Фроммның ойынша, құндылықтар жеке тұлғаның санасынан да, белгілі бір тұңғыықтан санасыз түрде де пайда болмайды. Олардың қайнар көзі — адамның субъективтілігінің бай әлемі.

Құндылықтар шынайы өмірді реттейді, оны түсінуге бағалаушылық сәттерді енгізеді, қоршаған ортаның ғылыммен салыстырғанда басқа аспектілерін көрсетеді. Олар ақиқатпен емес, идеал туралы түсініктермен байланысты болады. Еуропалық философтардың шығармаларына жүгіне келе, Фромм олардан, ең алдымен, адамның құндылықтары мен жүрістұрыстарының себептерін түсіндіруді іздейді. Тіпті, адамзат тарихының нақты кезеңдерін Фромм өзіндік негізбен бағалайды. Бұл негіз — адам бақытының, жағдайының және психологиялық үйлесімділігінің шамасы.

Фроммның ойынша, әлеуметтік құрылымға нашар бейімделген адамды невротик ретінде жоққа шығаруға болмайды. Сол сияқты, жақсы бейімделген тұлғаны адамдық құндылықтар тізбегі бойынша жоғарғы разрядқа жатқызу да дұрыс емес. Жақсы бейімделушілікке, Фромм бойынша, көп жағдайда өзіндік жеке даралықтан бас тарту арқылы жетуге болады. Осы себепті де, кей кездері невротикке өз тәуелсіздігі үшін күресте жеңілмеген адам ретінде мінездеме берілуі мүмкін. Оның өз жеке даралығын сақтап қалуға ұмтылысы тұлғаны шығармашылық дамытудың орнына әртүрлі арманфантазиядан қанағат табуға итермелеуі мүмкін.

Мінез туралы тұжырымдар жасай келе, Фромм мінезді адамның нақты жүрістұрысының, ойының, сезімдерінің және әрекеттерінің бағыттылығын анықтайтын салыстырмалы түрде тұрақты психикалық құрылымы ретінде түсіндіреді. Фроммның ойынша, әлеуметтік мінездің негізгі міндеті — осы қоғамның энергиясын оның үздіксіз дамуы үшін дамыту.

Фромм “авторитарлық мінезді” терең әрі жанжақты зерттеушілердің бірі ретінде белгілі. Ол ұсынған үлгінің нацизм мен оған ұқсас феномендерді зерттеуде ролі ерекше болды. Алайда, ғалым бостандықтан қашудың тек тоталитарлық құрылымға ғана тән еместігін көрсетті. Демократиялық қоғамдарда да адамды бостандықтан алып кететін басқа да механизмдер бар.

“Бостандықтан қашу” атты кітабында Фромм кезкелген түрдегі қоғамда кездесетін мазохистік феноменнің нысандарын жанжақты сипаттады. Мазохист жалғыздықтан құтылу үшін кімге болмасын: басқа адамға, әлеуметтік институтқа, құдайға бағынуға тырысады. Оған өзіндік әлсіздік, төмендік сезімі тән.

Бұзу, объектіні құрту — әлсіздіктің белгісі. Яғни, бұзыпқұртушылықтың түптамасы — тұлғаның әлсіздігі және оқшаулануы. Мұндай тұлға қоршаған ортаны бұзу арқылы ғана өзінің оның алдындағы әлсіздігі сезімінен арыла алады. Олар “әлемді құрту — осы әлемнің мені құртуын

болдырмаудағы соңғы ұмтылыс” деп түсінеді. Садизмнің мақсаты — объектіні өзіне сіңіріп алу, бұзыпқұртушылықтың мақсаты — объектіні құрту, оны жоққа шығару. Садизм жалғыз адамға оның басқа адамның үстіндегі билігі арқылы күш беруге тырысса, бұзыпқұртушылық — кезкелген сыртқы қауіпті жою арқылы күш береді.

Адамның өзінөзі дамытуы тұлғаның тек психологиялық өзінөзі сезінуіне байланысты емес. Адамға белгілі бір бағытбағдарды социум, мәдени императивтер береді. Өзін нақты бір мінезге күштеп итермелей отырып, тұлға өзінің қайталанбастығының көптеген сипаттарын жоғалтады. Себебі, социализация үдерісі жеке тұлға өзінөзі және өзінің басқа адамдарға қатынасын анықтаған сәттен басталады. Белгілі бір қатынастың (адамдардың араласуының) түрінің дамуы әлеуметтік мінездің, яғни, тұрақтылықтың қалыптасуына алып келеді.

Қазіргі кездегі антропология көрсетіп отырғандай, дүниетанымдық көзқарастардың, сенімдердің бірқатарын олардың антропогендік түптамырымен түсіндіруге және негіздеуге болады. Мұндай құбылыстардың қатарына фашизмді, ұйымдасқан қылмыстылықты, жасөспірімдердің агрессивтілігін және т.б. жатқызуға болады. Құқықтағы нормативтік механизм қаншалықты мінсіз болса да, ол адамдық зұлымдықтардың көптеген сансыз түрін ашып көрсете алмайды.

## 14. Құқықорғау қызметінің адамгершілік мазмұны

Құқықорғау органдары қызметінің негізгі мәні олардың атауынан айқын көрінеді: бұл мемлекеттің маңызды конституциялық міндеті — адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғауды және сақтауды жүзеге асыру. Олардың басқа да қалған функциялары — қоғамдық тәртіпті сақтау, меншікті қорғау, қылмыстылықпен күрес, қоғамға қарсы бағытталған құбылыстардың алдын алу және т.б.— осы маңызды міндеттің элементтері. Құқықорғау органдарының өзі де мемлекеттің элементі, оның негізгі құрылымдарының бірібелгілі бір қоғамның қалыпты өмір сүруін ұйымдастыратын, әлеуметтік нормалар мен қатынастардың жүйесі ретінде құқықтың кепілі қызметін атқаратын билік құрылымы — болып табылады.

Құқықорғау органдары өз қызметін жүзеге асыруда мынадай негізгі әдістерді қолданады: құқықбұзушылықтардың алдын алу (яғни, азаматтармен тәрбие жұмыстарын жүргізу) және ерекше жағдайларда тікелей зорлау нысанын иеленетін мәжбүрлеу санкцияларын қолдану. Жоғарыда келтірілген анықтамадан көрініп тұрғандай, “биліктік күш” түсінігі (яғни, мәжбүрлеуге, зорлауға негізделген әрекет) құқықорғау органдары қызметінің негізгі сипаттамасы болып табылады.

Бұл мәселеден мынадай сұрақ туындайды: мәжбүрлеу, тікелей зорлық адамгершілік сипатта бола ала ма? Олардың қазіргі кездегі қоғамға қажет екеніне ешбір күмән жоқ; даулар оның қолдану саласына, зорлықтың дәрежесіне қатысты ғана туындауда. Ал зорлықтың моральдығы мәселесіне келетін болсақ, бұл мәселенің позитивтік және негативтік шешімі ұзақ уақыт бойы, тіпті, қазіргі күннің өзінде де ғалымдарды екі бағытқа бөлген: моралистік және реалистік. Бірінші бағыт барлық адамдарға мектеп қабырғасынан белгілі. Біз Лев Толстойдың шығармашылығынан “зұлымдыққа зорлықпен қарсы тұрмау” концепциясымен таныстық (дінге сенушілер бұнымен одан да ертерек танысады, себебі, ол Исаның өсиеттерінде айтылған). Бұл концепция гуманизм қағидасына негізделген пацифистік және басқа да қозғалыстардың негізінде жатыр. Осыған ұқсас көзқарастарды қазіргі кездегі көптеген ғалымдар да білдіруде. Олардың қатарынан ХХ ғасырдың ірі философы, әлеуметтанушысы және тарихшысы Макс Веберді атауға болады. Ол “моральдық тұрғыдан мәжбүрлеу әрқашан кері бағаланған, тіпті, ол саясатты жүзеге асырудың жалғыз құралы болған күннің өзінде де” деп тұжырымдайды.

Реалистік бағыт құқық пен моральдың белгілі бір әлеуметтік топтар мен класстардың ортақ мүддесін көрсету мен білдіруіндегі біртұтастығын негізге алады. Олар осы екі нысанда нормативтік, реттеушілік және императивтік мәнді иеленеді және бірбірінен мәнмағынасы бойынша емес, оларды жүзеге асырудың механизмдері бойынша ерекшеленеді. Отандық ғылымдарда реалистік бағыт кеңінен таралған. Бұл бағыт мәжбүрлеу мен зорлықты кезкелген әлеуметтік өмір сүрудің қажетті құрамдас бөлігі ретінде қабылдайды. Мұндай көзқарасқа сәйкес, зорлықтың адамгершілік еместігі жөнінде айту — адамгершілікті әлеуметтік тәжірибеден тартып алып, бос абстракциялар саласына жіберу дегенді білідіреді. Мұндай көзқарастар қазіргі кездегі орыс философы В.В.Денисовтың сөзінде нақты көрініс тапқан: “Әлеуметтік зорлық өзінің нақты көрінісін белгілі бір топтың, класстың, мемлекеттің, қоғамдық жүйенің басқа топтарға, класстарға, мемлекеттерге, қоғамдық жүйелерге қатысты мәжбүрлеу мен басыпжаншудың (саяси, құқықтық, экономикалы, әскери және т.б.) әртүрлі нысандарын, әдістерін және құралдарын қолданудан немесе қолдану мүмкіндігінен көрініс табады”. Келтірілген анықтамадан көрініп тұрғандай, адамгершілік түсінігі зорлыққа қайшы келмейді, керісінше, онымен белгілі бір байланыста болады. Басқаша айтқанда, зорлық, басқа кезкелген әрекет сияқты, адамгершілік сипатта болуы да, болмауы да мүмкін. Бұл бағыт бізге құқықорғау органдары қызметінің адамгершілік мазмұнын қарастыруға мүмкіндік береді.

Құқықорғау органдарының қызметі туралы нақты білмейтін тұлғалар бұл жұмыстың адамгершілік мазмұны туралы ойланбайды да. Қарапайым, бұл қызметке қатысы жоқ адамның көзқарасы бойынша бұл құрылымдар тек қорқыту және зорлау құралдарын ғана қолданады. Және олардың ойынша, бұл саладағы талаптар — осы құралдарды қолдану қабілетіне қойылатын талаптар. Олар құқықорғау органдары қызметкерлерінің жұмысында төмендегідей адамгершілік қасиеттердің ерекше роль атқаратынын білмейді де: адалдық, адамдарға деген махаббат, әділеттілік, батылдық, қоғам алдындағы өз әрекеттері үшін жоғары жауаптылық және т.б. Қызметкерде аталған қасиеттердің болуы оның кәсібилігінің міндетті өлшемі болып табылады. Олардың бойында осы қасиеттерді тәрбиелеуге басшылардың, тәрбие және кадр апараты қызметкерлерінің, қызметтік ұжымдардың барлық ісәрекеттері бағытталған. Қызметтің бұл жағына талаптарды қоғам да, қызметтік құжаттар да қояды. Мысалы, “Ресей Федерациясының ішкі істер органдарындағы қызмет туралы Ереженің” 58 бабының “Л” тармағына сәйкес, ішкі істер органдарының қызметкерлерінің жеке, адамгершілік қасиеттеріне қойылатын талаптарға қайшы әрекет жасаған қызметкер өз қызметінен босатылады.

Сол себепті де, құқықорғау органдары қызметкерлерінің өз әрекеттерінің қаншалықты әділ екендігі жөнінде тұрақты түрде ойлануы заңды да. Мұндай жағдайда өз әрекеттеріне заң

тұрғысынан ғана емес, сонымен қатар, адамгершілік, арұят тұрғысынан да баға бере алған қызметкерді ғана жоғары кәсібилік ерекшелендіреді.

Адам күнделікті нан үшін, материалдық игіліктер үшін ғана өмір сүрмеуі керек. Ол үшін, ең алдымен, шындық пен бостандық, арұят пен қадірқасиет, адамгершілік пен гуманизм жоғары тұруы тиіс. Сол себепті де, жеке тұлғаның жоғары моральдық қасиеттері ретінде қарастырылатын адам мінезінің түрлері құқыққорғау органдары қызметкерлерінің қызметтік ісәрекеттерінің ажырамас бөлігі, олардың кәсіби шеберлігінің, адамгершілік және мәдени даму деңгейінің көрсеткіші болып табылады.

Кезкелген қоғамда өмір сүріп, еңбек ету — бұл өз мақсаттарына жетуге ұмтылған қазіргі күнгі адамдардың қызметі ғана емес. Бұл — ғасырлар бойы қалыптасқан қатынастар жүйесі де, адам ескеріпсыйлауға міндетті қоғамдық адамгершілік қағидалары да, әрбір еңбек үдерісімен қатар жүретін, қоғамда үстемдік құрған идеялар, теориялар, көзқарастар да. Сондықтан, құқыққорғау органдарының жеке құрамы, олардың қызметтік ісәрекеттері туралы оң көзқарас, ол ұлттық дәстүрлерге, адамгершілік нормаларына сәйкес келген жағдайда ғана, халықтың қолдауын тауып, сыйластығына бөленеді.

Б.э. дейінгі IV ғасырда Аристотель азаматтың қалыптасуы қалай жүретіні туралы жазған. 18 жасқа толғанда бозбала Халық жиналысына келіп, ант береді: “мен заңдардың талаптарын бұзбаймын, ұлтымның қасиетті ережелерін сақтаймын, қажет болған жағдайда, Отаным үшін күресемін”. Бұдан кейін ол екі жылға әскерге кетеді. Осыдан кейін ғана ол толыққұқылы азамат деп танылған. Ежелгі заманның өзінде адамдар мемлекеттегі әскердің маңызды ролін түсінген. Ал қазіргі кезде көптеген адамдардың мемлекет алдындағы кезкелген міндеттерден бас тартуын байқауға болады. Сылтаулар мынадай: еш пайдасы жоқ, қиын, қауіпті...

Бүкіл әлемде мемлекеттік қызметтің кәсіпкерлікке қарағанда пайдасы азырақ екендігі белгілі. Алайда, қоғамның саған билікті бергенін сезіну, мемлекеттік қызметтің кейбір артықшылықтары (мысалы, зейнетақы, әртүрлі жеңілдіктер және т.б.) белгілі бір материалдық шығындардың орнын толтырады. Қоғамды, мемлекеттік қызметкерлерді сыйлау — қоғамның рухани және адамгершілік жағдайының, мемлекеттің тұрақтылығы мен беріктілігінің маңызды көрсеткіші.

Әрине, қызметтің негізгі мәні болып заңға қызмет ету табылады. Алайда, бұл жерде ескеріп өтетін бір жайт, заң өз бетімен мақсат болып табылмайды, ол қоғамның игілігі үшін қызмет етеді. Және қоғам заңды әділеттіліктің, яғни, қоғам мен мемлекеттің қалыпты өмір сүруін қамтамасыз ететін жоғарғы адамгершілік бастаманың, көрінісі деп таныған жағдайда ғана ол игілік болып саналады.

Егер азаматтар заңды әділетсіз, адамгершілік пен адамдыққа қарсы деп тапса, онда оны орындау қарамақайшы, яғни, қоғамды тұрақсыздандыратын нәтижеге алып келеді.

Неге бұл жерде мәселе осылай қойылған? Себебі, ең алдымен, құқыққорғау органдарында заңға қызмет етемін деп ойлап, өз міндеттерін ешбір жүрексіз, заң әріптерінің артынан тірі адамды көрмей орындайтын қызметкерлердің болуы. Жоғарыда келтірілген талдаудан көрініп тұрғандай, қызметтік міндеттерді осылай орындау, көп жағдайларда, заңдарға көңілдің толмауына, ал кей кездерде мемлекеттің ішкі саясатына деген қарсы қатынсақа алып келеді.

Бұл жерде мәселе мемлекет пен белгілі бір тұлғаның мүдделерін қарсы қою, заң талаптарын ескермеу туралы емес. Заң — қасиетті ережелер. Сол себепті де, құқыққорғау органдары қызметкерлерінің қасиетті міндеті болып қандай жағдайда болмасын заңға қайшы әрекеттер жасамау болып табылады. Алайда, егер неміс үшін қоғамдық өмір сүрудің басты қағидасы болып “орднунг”, яғни, тәртіп, заң табылса, егер Иса адамдарға деген махаббатын иудаизм дінінің заңдарына қарсы қойғаны үшін өлтірілсе, ресейлік азамат үшін ең басты болып “шындық пен арұяттың негізінде” өмір сүру табылады және ол осы көзқарасының негізінде заң да осы қағидаға қызмет етеді деп күтеді. Сонымен қатар, құқыққорғау органдары қызметкерлерінің басты міндеттерінің бірі — өзінің қызметтік борышын орындау, басқаша айтқанда, заң талаптарын орындауда, оның нәтижесі адамгершілік сипатта болатындай және әлеуметтік әділеттілік талаптарының өмірге енуіне жағдай жасайтындай қызмет ету.

Сонымен, құқыққорғау органдары қызметкері тұрақты түрде қоғам мен өзінің қызметтік құрылымының адамгершілік тұрғыдан бірбіріне әсер ету саласында қызмет атқарады. Бір жағынан, ол қоғамның адамгершіліктәрбиешілік әсерін сезінеді, екінші жағынан, ол өзі азаматтарға тәрбиелік әсер етеді: егер оның заң талаптарын орындауы әлеуметтік әділеттілік ісіне қызмет етсе және оны адамдар терең адамгершілік сипатта деп сезінсе, оның тәрбиелік әсері оң сипатта болады; ал егер азаматтар бұл әрекеттерді әділетсіз және адамгершілікке қарсы деп қабылдаса — кері әсері тиеді.

Міне, құқыққорғау органдарындағы тәрбие қызметі осындай негіздерге сүйенген. Оның көптеген аспектілері бар, бірақ, адамгершілік сипаттағы тәрбиелеу — органдардың және бөлімдердің басшыларының, тәрбиелеу және кадрлық аппарат қызметкерлерінің, қызметтік ұжымдардың тәрбиелік қызметінің аңызды нысаны болып табылады. Адамгершілік сипаттағы тәрбиелеудің құрамына қызметкерлерде патриоттық және ұжымшылдық сезімдерін, әлеуметтік әділеттілік,

адамдарды сыйлау сезімдерін тәрбиелеу кіреді. Құқыққорғау органдары қызметінің бұл саласындағы талаптар бірқатар қызметтік құжаттарда олардың қызметінің басында бекітілген. Алғашқылардың бірі болып адамдарға деген дұрыс қарымқатынас талабы орын алды. Тәрбиесіздіктің, өз билігін асыра пайдаланудың орғанда қызмет етуге қайшы келетіндігі айтып өтілді. Қызметкер кезкелген жағдайда өзін мәдениетті, сыпайы ұстануы тиіс. Оның әрекеттері қатаң әрі шешуші болуымен қатар, әрқашан әділетті және халыққа түсінікті болуы тиіс.

Аталған мәселелерге қатысты орыстың ұлы философы В.С.Соловьевтің көзқарастарына тоқталып өткен жөн болар. Ол өзінің “Адамгершілік және құқық” атты еңбегінде былай деген: “Өсиет немесе жанжақтылықты талап ету түріндегі адамгершілік бастаманың мәнінің өзінде адамгершіліктің қатысты элементін тану бекітілген — оған жетудің қажетті шынайы жағдайлары құқықтық саланы құраса, шартсыз жақтың салыстырмалы түрде артық болуы — адамгершілік саласын құраған”.

Адамгершілік пен құқықтың өзара айырмашылықтары мынадай: 1) адамгершілік талаптарының шектелмегендігі, ал құқықтық талаптардың шектелгендігі; бұл жағынан қарастырсақ, құқық — ең төменгі шек немесе адамгершіліктің белгілі бір шегі; 2) құқық осы белгілі бір шектегі қайырымдылықтың объективті түрде жүзеге асырылуын немесе зұлымдықтың белгілі бір бөлігін шын мәнінде жоюды талап етеді; 3) құқық мәжбүрлеуді қолдана алады.

Жалпы анықтама: құқық дегеніміз белгілі бір шектегі қайырымдылықтың жүзеге асырылуын және зұлымдықты болдырмауды “мәжбүрлі түрде талап ету”. Мұның негізі адамгершілікте. Адамгершілік мүдде жеке бостандықты адамдық қадірқасиеттің және адамгершілікті жетілдірудің жағдайы ретінде талап етеді; алайда, адам қоғамнан тыс жерде өмір сүре де, белгілі бір бостандықтарды иелене де алмайды; сонымен, адамгершілік мүдде жеке бостандықтың сыртқы көріністерінің қоғамда өмір сүру жағдайларымен, яғни, кейбіреулердің идеалдық жанжақтылығымен емес, барлығының шын мәніндегі қауіпсіздігімен үйлесуін талап етеді. Шартсыз адамгершілік заңмен қамтамасыз етілмеген бұл қауіпсіздік мәжбүрлеуші заңмен шектеледі.

Құқықты сыйлау — қоғамның құқықтық мәдениетінің, қоғамдық қатынастардың даму үдерісінде қалыптасатын құбылыс. Құқықты сыйлау туралы ол пайда болған сәттен бастап — ақ айтылған болатын. Қазіргі кезде де заңдарды білу және азаматтарды оларды сыйлауға тәрбиелеу өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

“Сыйластық” қатынас — бұл адамдар арасындағы байланыс. Мұндай кезкелген байланыс сәйкес әрекеттерден көрініс табады. Ал сыйластыққа негізделген әрекет міндетті түрде сыйланушының талаптарын қанағаттандыруын білдіреді. “Заңды сыйлау” түсінігіне дәл осындай мән берген дұрыс.

Сыйлауды сезім ретінде түсіне отырып, тәрбиелеу мен заңды сыйлаудың мақсаты тек адамның сезімдеріне әсер ету ғана емес, сонымен қатар, осы сезімге сәйкес әрекетке әсер ету де екендігін ескеріп өткен жөн.

Сонымен, заңды сыйлау оның нормаларына сәйкес жүрістүрысты білдіреді және оның талаптарын саналы түрде орындауға дайындықтан көрініс табады.

Алайда, осы мәселеге қатысты, халық арасында оң нәтижелерге жету үшін, оны құқықтық тәрбиелеумен қатысты мәселені кешенді түрде шешу қажет. Және бұл жерде басты роль құқыққорғау органдары қызметкерлеріне беріледі.

Бұл мақсаттарда олар жазбаша насихатты, теледидар көрсетілімдерін, құқықтық білім беруді, құқықтық әсер етудің көркем құралдарын белсенді түрде қолданады. Құқықтық насихат — көпшілік идеологиялық жұмыстың белгілі бір түрі.

Дәл осында мемлекет, демократия және құқық туралы білімді тереңдету қорлары жинақталған. Біздің елімізде жалпы білім беретін мектептердегі құқықтық білімдердің негізімен таныстыратын сәйкес кластардың, заң колледждерінің кеңінен таралуы бекер емес; инженерлік, шаруашылық мамандардың біліктілігін көтеру курстарына да құқыққорғау органдары қызметкерлерінің қатысуы үйреншікті болды.

Сонымен қатар, халықты құқықтық тәрбиелеу үдерісінде маңызды рольді құқыққорғау органдары қызметкерлерінің төменгі буыны иеленген. Мұндай тұлғалардың қатарынан полицияның учаскелік инспекторын атауға болады. Учаскелік инспектор — сөздің тура мағынасында әрбір үйге кіретін, көптеген азаматтармен тікелей қатынасқа түсетін, құқыққорғау органдары қызметкерлерінің ішінде халыққа ең жақын қызметкер. Оның жұмыс орны — нақты ықшамаудан, нақты әкімшілік учаске. Оның жұмысының нәтижесіне, ең алдымен, қылмыстылықпен күрестің жалпы нәтижелері тәуелді болады.

Құқыққорғау органдары қызметкерлерінің қоғам мен мемлекетке қызмет етуінің адамгершілік мәні — адамдарда заңға деген сыйлы қарымқатынасты қалыптастырудың, тәрбиелеудің маңызды факторларының бірі. Халықты құқықтық тәрбиелеуді нығайтудың қажеттігін құқықтың қоғамдық қатынастарды реттеудегі ролінің артуымен, мемлекеттік құқықтық құрылыс саласындағы халықтың белсенділігінің өсуімен байланыстыруға болады. Құқыққорғау органдары қызметкерлері өздеріне тән арнайы нысандар мен әдістер арқылы азаматтарды қолданыстағы заңнама туралы кеңінен ақпараттандыруды жүргізеді, оларда заңдардың қажеттігі мен әлеуметтік әділеттігі туралы сенімді қалыптастыруды, заң талаптарын саналы түрде орындауын, заңдылық пен құқықтық тәртіпті нығайтуды қамтамасыз етеді.

Құқықтық тәрбиелеу және заңға деген сыйластық қатынас бойынша жұмыстың тиімділігі жастық, білімдік, кәсіби және басқа да ерекшеліктерін ескере отырып, халықтың әртүрлі санаттарын қамтитын және заңнама мен нақты құқықтық нормалардың негіздерімен танысудағы белгілі бір мақсаттылық пен кезектілікті көздейтін жүйенің болуымен анықталады.

Ең алдымен, өсіп келе жатқан буынды құқықтық тәрбиелеуге, оқу және еңбек ұжымы жағдайларында жұмысты оңтайландыруға, лауазымды тұлғалардың, шаруашылық басшылардың, әртүрлі коммерциялық құрылымдардың басшыларының құқықтық дайындығын көтеруге ерекше көңіл бөлу қажет. Халықтың құқықтық санасын қалыптастыру бойынша жұмыста ерекше роль бұқаралық ақпарат құралдарына — баспаға, радиоға, телекөрсетілімдерге, сонымен қатар, әдебиет пен өнерге берілген.

Еңбеккерлердің жоғары құқықтық мәдениетін тәрбиелеу, олардың заңға деген сыйлы қарымқатынасын қалыптастыру қызметінде ерекше жауаптылық заң орындары мен мекемелеріне — соттарға, прокуратураларға, полицияға, адвокатураға, банктік, коммерциялық және басқа да құрылымдардың заң қызметтеріне жүктелген.

Заң мекемелерінің қызметінде заңдылықты қатаң сақтау, олардың қызметіндегі алдыналу жұмыстарын жанжақты нығайту, сот өндірісінің тәрбиелік мәнін және кәсіби мәдениетін көтеру, азаматтарды қабылдауды жақсарту, олардың шағымдары мен арыздарын қарау — азаматтардың құқықтық санасы мен олардың заңға деген сыйлы қарымқатынасын нығайтудың маңызды алғышарты.

Қаншама рет барлығымыз таңдауды талап ететін жағдайда болдық: қарапайым өмірлік мәселелерден бастап көптеген адамдардың тағдырын шешетін күрделі мәселелерге дейін. Не істеу керек? Қандай таңдау жасаған дұрыс?

Егер күнделікті өмірде адам жеке тұлға ретінде әрекет жасап, оның әрбір жасаған таңдауы, әрекеті оның өзіне жеке баға берсе, кәсіби қызметте құқыққорғау органдары қызметкерінің барлық әрекеттерін халық мемлекеттік орган өкілінің әрекеті ретінде қабылдайды. Бір жағынан, қызметкерге әрекеттерді таңдаудың қиындығы жоқ, себебі, заңдар мен ведомстволық нұсқаулар белгілі бір жүрістұрыстарды талап етеді. Ал екінші жағынан, бұл бірқатар қарамақайшылықтарды тудырады, себебі, кей кездері жеке көзқараспен мен қызметтік талаптың біреуін таңдау қажеттігі туады.

Моральды нормалар мен құндылықтар жүйесі ретінде талдау оны статикалық жағдайдағы қоғамдық құбылыс ретінде көруге мүмкіндік береді. Моральдық таңдау көзқарасы тұрғысынан моральды таныпбілу оның динамикалық жағын ашуға, қоғамдық қатынастар жүйесіндегі нормалардың, қағидалардың, адамгершілік құндылықтардың және бағалаудың қызметін көруге мүмкіндік береді.

Моральдық таңдауды кейде, тіпті, тар мағынада, адамның шешім қабылдаудағы саналы әрекеті ретінде түсіндіреді. Алайда, осы шешім қабылдану үшін белгілі бір объективтік және субъективтік алғышарттардың, таңдау шарттарының және осы таңдауды жүзеге асыру мүмкіндігінің болуы қажет. Және де шешімнің қабылдануымен таңдау әрекеті аяқталмайды. Оның жалғасы болып шешімді жүзеге асыру құралдарын таңдау, оны іс жүзінде жүзеге асыру және нәтижелерді бағалау табылады. Сол себепті де, моральдық таңдауды қарастыру кезінде адамның жүрістұрысының барлық объективтік және субъективтік құрамдас бөліктері көзге түседі.

Бұл көзқарас тұрғысынан моральдық таңдаудың құрылымын былай көрсетуге болады: мәселені анықтау, таңдау түрлерін тану, шешім қабылдау, мақсатқа жету құралдарын тану, таңдауды іс жүзінде жүзеге асыру (мақсатқа жету үдерісі), нәтижелерге жету және оларды бағалау.

Сонымен қатар, адамның мәселені шешу жолын таңдауы объективтік және субъективтік жағдайларға байланысты екендігін ескерген жөн. Объективтік жағдайлардың қатарына жүрістұрысты таңдау және оларды жүзеге асыру мүмкіндіктерінің түрлерінің болуын жатқызуға болады. Ал субъективтік жағдайларға тұлғаның адамгершілік дамуының деңгейі, оның белгілі бір мораль жүйесінің талаптарын түсіну дәрежесі, борыш, арұят сезімінің дамуы және жеке тұлғаның басқа да адамгершілік мінездемесі жатады.

Адамның, қоғамның немесе топтың алдында тұрған моральдық таңдау қажеттігін анықтайтын мақсаттардың ауқымы өте кең. Ол субъектілердің ортақтығы (жеке тұлға, топ, қоғам) дәрежесімен де, маңыздылығымен де (бір сәттік қажеттікті қанағаттандыру немесе субъектінің мүдделерін мейлінше толық жүзеге асыру), күрделілік деңгейімен де (қарапайым, айқын және түсінікті мақсат немесе үлкен материалдық, моральдық шығындармен байланысты, белгілі бір қиындықтарды жеңуді қажет ететін мақсат) сипатталады. Яғни, әртүрлі мақсаттарды адамгершілік бағалаудың бірдей болуы мүмкін емес.

Құқыққорғау органдары мен олардың қызметкерлерінің алдында тұрған мақсаттар қылмыстылықпен күрес міндеттерімен тығыз байланысты, олар әлеуметтік маңызды сипатқа және терең гуманистік мазмұнға ие. Алайда, бұл құқыққорғау органдары мен олардың қызметкерлерінің алдына қойылған мақсаттардың кезкелгені оң адамгершілік мазмұнға ие дегенді білдірмейді. Бұл

мазмұн заңдылықты сақтауға, құқықтық сананың деңгейіне, қызметтің нысандары мен әдістеріне және басқа да көптеген факторларға байланысты. Сол себепті де, әрбір нақты жағдайда пайда болған мақсатты жаңаша бағалау қажет.

Әрекетті таңдау тәжірибелік жағынан да, адамгершілік жағынан да мейлінше тиімді болу үшін адам мүмкін әрекеттердің барлық түрлерін танып, одан кейін солардың ішінен өз көзқарасы бойынша ең жақсысын таңдап алуы тиіс. Қылмыстылықпен күрестің ерекшеліктері таңдау түрлерін таңдауға бірқатар ерекшеліктерді енгізеді. Олардың ішіндегі ең бастысының мәні мынада: құқыққорғау органдары қызметкерлеріне таңдау түрлерінің барлығын анықтау қиын жағдайларда жиі моральдық таңдау жасауына тура келеді.

Шешім қабылдауға қажетті ақпарат көлемінің болмауы адамды ойланбаған әрекеттерге итермелеуі мүмкін, себебі, мұндай жағдайларда ол борыштың немесе белгілі бір идеалдың негізінде өз әрекеттерінің жағдайлары мен салдарына мән бермейді. Бұл — жеке даралықты, мансапқорлықтың көріністерімен байланысты, басқалардан өзін бөліп көрсетумен сипатталатын, жауапкершіліксіз авантюралық жүрістұрыс.

Күрделі жағдайлардағы жүрістұрыстың тағы бір түрі — гамлетизм, яғни, бұл дегеніміз адамның қателесуден қорқуының салдарынан шешуші әрекеттерді жасамауы. Алайда, бұл жерде таңдаудан бас тартудың өзі де таңдаудың бір нысаны екендігін ескеріп өткен жөн.

Құқыққорғау қызметінің қарамақайшылықтармен, күрделі жағдайлармен байланысты сипаты тәуекел жағдайындағы таңдау мәселесін одан әрі күшейтіп жібереді. Бұл мәселені Аристотель өзінің “Никомах этикасы” еңбегінде атап өткен, ол субъектінің әрекеттерін “білместік” (“в неведении”) және “білмеуінен” (“по неведению”) деп екі түрге бөлген. “Білместік” әрекеттері — адамның саналы түрде білмеуді, сезінбеуді таңдауы. Ал “білмеуінен” әрекеттері адамның еркінен тыс әрекеттің мәнін өзгертетін белгісіз жағдайлардың болуымен сипатталады (мысалы, МАИ қызметкері қылмыскерлерді тоқтату мақсатында автокөлікке оқ атуы нәтижесінде, осы көлікте кішкентай сәбидің бар екендігін білмеуі себепті оны абайсыз жарақаттаса). Алайда, кей кездері мұндай әрекеттердің абайсыз болғандығын анықтау өте күрделі болып келеді.

Қылмыстылықпен күрестің ерекшеліктері кей кездері мынадай жағдайдың туындауына негіз болады: құқыққорғау органдарының қызметкері белгілі бір жағдайлардың себебінен таңдау түрлерінің барлығымен танысуға тырыспай, олардың кейбіреуімен ғана танысады, яғни, саналы түрде білместікті таңдайды. Мысалы, тергеуші өзіне ұнап қалған бір тергеу гипотезасын негізге алады да, қылмыстың жасалуының өзі аса мәні жоқ деп санаған басқа варианттарына мән бермейді. Алайда, қылмыстық әрекеттің жасырындық сипатынан, тергеушіге маңызы жоқ болып көрінген жағдайлар шын мәнінде аса маңызды болып табылуы мүмкін, нәтижесінде тергеушінің жасаған таңдауы оның өз кінәсі бойынша қате болып шығады.

Адамның “білмеуінен” туындаған әрекеттер болған жағдайда мәселе мүлдем өзгереді. Яғни, бұл жағдайда жүрістұрыс түрлері адамның еркінен тыс оған жасырын болып көрінуі мүмкін, нәтижесінде оның әрекеттері ол ойламағандай болып шығады. Құқыққорғау қызметінде мұндай жағдайлар жиі кездеседі, себебі, көп жағдайда қылмыскерлер өдерінің кінәсінің шынайы жағдайларын жасыруға тырысып, құқыққорғау органдарының әрекеттерін қате вариантты таңдауға бағыттайды.

Егер әрекеттің дұрыс таңдалғаны, алайда, оны жүзеге асыруға объективтік жағдайлардың немесе қызметкер болжай алмайтындай жағдайлардың кедергі жасағаны анықталса, онда бұл әрекеттердің адамгершілік бағасы оң сипатта болуы тиіс. Теріс бағалау көп жағдайда таңдалған құралдардың тиімсіздігі, моральдық таңдаудың құзіретсіздігі салдарынан болған қателіктерге тән.

Әрине, қиын жағдайлардағы белгілі бір әрекетке нақты анықтама беру қиын, алайда, адамның дұрыс таңдау жасағанжасамағандығын анықтауға тырысуға болады. Егер қызметкер болуы мүмкін пайданы мүмкін зиянмен дұрыс байланыстырса, жақсы нәтиже мен теріс нәтижені салыстырса және осылардың нәтижесінде тәуекел әрекетке баруды дұрыс деп тапса, онда осы әрекеттің салдары мен нәтижесі қандай болғанына қарамастан, оны жауапкершілікке тартуға болмайды. Керісінше, теріс нәтиже болған жағдайда ол адамда негізді тәуекелге барғандығы туралы сенімі болуы тиіс. Жауапкершілікке негізсіз тәуекелге барған, өз міндеттерін тиісті орындамаған, болуы мүмкін салдардан қорқуы нәтижесінде әрекетсіздікке барған қызметкер тартылуы тиіс.

Егер таңдау түрлерін анықтау кезінде мораль таңдаудың жағдайлары мен мүмкіндіктерін толық және жанжақты зерттеуге бағыттайтын реттеушінің ролін атқарса, онда жүрістұрыс түрін таңдау кезеңінде оған шешуші рөл беріледі.

Жүрістұрыстың түрін таңдауда маңызды рөл адамгершілік себептерге берілген. Неге дәл осы әрекет дұрыс? Мұндай таңдау неге негізделген? Осы сұрақтар жүрістұрыс түрін таңдауға мейлінше мол сипаттама береді.

Таңдау әрқашанда белгілі бір құндылықтан бір құндылықтың артықшылығын білдіреді. Кейбір



жағдайларда таңдауды негіздеу және таңдаудың өзі ешбір қиындықтарды туғызбайды, ал кейбір кездері олар себептердің ерекше күресінің тууына негіз болады. Осы екінші жағдайды адамгершілік шиелініс жағдайы деп атайды.

## 15. Құқықорғау қызметіндегі адамгершілік шиеліністер

Құқықорғау қызметі қылмыскерлермен күресуінің, арнайы күшқұралдарды қолдануы нәтижесінде өз қызметкерлерін адамгершілік шиелініс жағдайына жиі алып келеді. Аталған шиеліністер себептердің қарамақайшылық бағыттылығы жағдайында жиі болады. Мұндай жағдайда субъектіге борыш талаптарынан көрініс тапқан қоғамдық қажеттік пен өзінің жағдайға байланысты пайда болған көзқарастарын, алыс және жақын мақсаттың біреуін, үлкен және одан азырақ қауіптің біреуін таңдауға тура келеді.

Адамгершілік шиеліністің ерекшелігі мынада — белгілі бір жағдайдағы моральдық нормаға негізделген әрекеттің басқа бір норманы бұзуы. Бұл жердегі күрделілік адамның кейбір адамгершілік нормаларды білмеуі салдарынан таңдау жасай алмауында емес, тіпті, оның моральдық талаптарды орындағысы келмейтінінде де емес, мәселе — осы талаптардың бірбіріне қайшы келмеуін болдырмаудың қажеттігінде.

Мысалға, құқықорғау органдарының қызметкері сезіктінің немесе айыпталушының пәтеріне тінту жасауға келгенде төсек тартып жатқан науқас адамды көрді делік. Оның алдында мынадай таңдау тұрады: заң талаптарын орындай отырып, қатты науқас болсадағы, сол тұлғаның төсегіне тінту жасау немесе адамгершілік көзқарастар негізінде төсекті тінтуден бас тарту.

Құқықорғау органдары қызметкері үшін кәсіби мәні бар шиеліністердің қатарынан сыртқы және ішкі шиеліністерді атауға болады. Сыртқы шиеліністер адамдар арасындағы адамгершілік шиеліністер ретінде көрініс табады (тұлғақоғам, тұлғатоп, тұлғатұлға, топтоп, топқоғам). Олар жеке тұлғалардың, әлеуметтік топтардың және қоғамның құндылықты бағытбағдарының қайшы келуін білдіреді.

Ал ішкі шиеліністердің табиғаты басқаша. Олардың қайнар көзі болып тұлғаның жүрістұрысының бірбіріне бағынышты себептерінің күрделілігі, әртүрлі сипатта болуы табылады.

Бірқатар жағдайларда ішкі шиеліністі шешу сыртқы шиеліністің пайда болуына негіз болуы мүмкін. Мысалы, тұлғаның құқықорғау органдарымен құпия негізде одақтасуы, оның ішкі шиелінісін жеңудің негізінде жүзеге асқанымен, осы құпия көмекші мен оның қызмет ету саласының (егер бұл сала моральға қайшы қызметпен айналысса) арасында сыртқы шиелініс туындауы мүмкін.

Құқықорғау органдары қызметкерінің тағы бір ерекшелігі — кей кездері өзінің мемлекеттік құрылымдарға қатысын жасыра отырып, оған қылмыстық ортада жұмыс істеуге тура келеді. Мұндай жағдайларда адам санасында бір мезетте екі адамгершілік жүйелер қалыптасады: біріншісі — ол өзі қабылдаған көзқарастар жүйесі; екіншісі — қылмыстық ортада негізге алынған көзқарастар, ал қызметкер өз жүрістұрысын осы екінші жүйеге негіздеп, оңтайландыруы керек.

Мұндай жағдайларда адамның санасында моральдық құндылықтардың әртүрлі жүйелері бір мезетте шиелініске түседі. Бұл көзқарас тұрғысынан аталған шиеліністі ішкі деп те атауға болады. Алайда, ішкі шиеліністің ерекшелігі мынада — оған тұлға өзі дұрыс деп санайтын құндылықтардың, нормалардың күресі тән. Ал сыртқы шиелініске өзінің көзқарастарына қайшы сенімдердің, көзқарастардың, құндылықтардың, идеялардың дұрыстығын жоққа шығару тән. Бөтен салада жасырын жүрген қызметкер осы салада үстемдік құрған моральдық құндылықтарға қатысты өзінің шиеліністі қарымқатынасын жасыруға мәжбүр болады. Мұндай жағдай моральдық таңдаудан емес, жеделіздістіру қызметінің ерекшеліктерінен туындайды. Сол себепті де, мұндай шиеліністі сыртқы шиеліністің жасырын нысаны деп атауға болады.

Құқықорғау қызметіндегі моральдық шиеліністердің көрініс табу нысандары түрліше. Олар осы қызметтің белгілі бір бағытының нақты ерекшеліктеріне, осы қызмет жүзеге асатын ерекше жағдайларға, шиелініске қатысушылардың әлеуметтікпсихологиялық мінездемелеріне және басқа да жағдайларға байланысты.

Шиеліністің дамуы оны шешуге, яғни, жүрістұрыс немесе әрекеттің белгілі бір түрін таңдауға алып келеді. Мұндай жағдайда адамға өзі қабылдайтын шешімнің негізінде жатқан дұрыс бағытты анықтауға көмектесудің маңызы зор. Бұл бағыт адамның өзі қабылдайтын моральдық талаптары сенімге айналған сайын берік бола түседі. Аталған мәселе құқықорғау қызметі үшін, нақты айтқанда, құпия көмекшілермен жұмыс үшін тәжірибелік мәнге ие. Құпия көмекші өзінің құқықорғау органдарымен бірігіп қызмет ету туралы қабылдаған шешкімінің дұрыстығын сезінсе де, бұл шешімнің моральдық маңызы зор екендігін түсінсе де, жедел іздістіру өкілінің тапсырмаларын саналы және ерікті түрде орындаса да, өз әрекетіне субъективтік, психологиялық түрде іштей қанағаттанбауы мүмкін. Өз жүрістұрысынды түсіну, сезіну сенімге, әдетке, тұрақты сезімдерге айналмауы мүмкін. Құпия көмекші дұрыс әрекеттер жасап, оларды негіздей алса да, бұл негіздеу сеніммен жүзеге асырылмауы мүмкін. Өзінезі мәжбүрлеу, борыш сезімі — бұлар да оң әрекеттің жоғары негіздері, алайда оларды адамгершілік жүрістұрыстың жоғары түрін сипаттайтын сеніммен бір қатарға қоюға болмайды.

Әдебиеттерде адамгершілік шиеліністердің алдын алуға және оларды шешуге жәрдем беретін ұсыныстарды жасау ұмтылыстары біршама. Бұл жағдайда ортақ қағида ретінде адамгершілік

құндылықтардың үстемдігі туралы ереже ұсынылады (мысалы, қоғамдық борыш жеке борышқа қарағанда жоғары, маңызды деп саналады).

Моральдық шиеліністерді шешуде қоғамдық мүдденің жеке мүддеден үстемдігі туралы ереже көп жағдайда орын алады. Өкінішке орай, шын мәнінде көп жағдайда бұл ереже қате, дәрекі түсініліп, жүзеге асырылады. Шиелініс жағдайды көбінесе жеке мүдделерге зиян келтіре отырып шешу орын алады. Әрине, қоғамдық мүдде жеке мүддеге қарағанда әлдеқайда маңызды. Алайда, кей кездері жағдайды дұрыс түсіну нәтижесінде жеке мүддеге ешбір зиян келтірмейақ, қоғамдық мүддені қанағаттандыруға болады. Жеке мүддені қоғамдық мүддеге бағындыру — шешімі қиын жағдайларда жиі кездесетін мәселе. Шиеліністі жағдайдан ең жақсы, оңтайлы жолмен шығу үшін тұлғаның өз мүдделерін ескермеуге талпынысы ғана емес, сонымен қатар, қоғамның тұлғаның мүдделерін қанағаттандыруға деген ұмтылысы да қажет. Осындай, тұлғаның қоғамға, қоғамның тұлғаға дұрыс қатынасы жағдайында ғана дұрыс моральдық таңдау жүзеге асырылады.

Таңдау жағдайында қабылданған шешімді жүзеге асыру үшін қойылған мақсатқа жетудің белгілі бір құралдары қажет. Бұл көзқарас тұрғысынан, құралдар таңдау мен мақсаттың ортасында аралық буын ретінде көрініс табады. Моральдық таңдаудың бұл кезеңі мақсат пен оған жету құралының өзара қатынасының мәселесі ретінде сипатталады. Құқықорғау органдарының қызметкері үшін бұл мәселені шешудің ғылыми да, тәжірибелік те маңызы зор.

Адамдардың өз алдарына қойған мақсаттары мен оған жетуде қолданылатын құралдардың арақатынасы туралы мәселе көптеген ғасырлар бойы дау туғызуда. Басқаша айтқанда, мақсат кезкелген құралды пайдалануды ақтай ала ма? Әрине, бұл жерде адал ниетті мақсат туралы айтылып отыр.

Этикалық ой тарихы мақсат пен құралдардың өзара байланысы туралы мәселеге қатысты екі баламалық жауап ұсынған. Олар макиавеллизм концепциясынан және абстрактілі гуманизмнен көрініс тапқан.

Бірінші бағыт “мақсат кезкелген құралды ақтайды” қағидасы түрінде белгілі. Бұл бағытқа сәйкес, құралдар мақсатқа тәуелді, оған бағынады, ал мақсат құралдардан тәуелсіз. Құралдарды таңдаудың негізгі талабы ретінде олардың мақсатқа жетудегі тиімділігі ұсынылады, ал олардың адамгершілік жағдайы есепке алынбайды.

Екінші концепция жоғарыдағы концепцияға қарамақарсы бағытты ұстанған, бұған сәйкес, ешқандай мақсат оған жету құралдарын ақтай алмайды. Құралдар мақсаттан толығымен тәуелсіз және өзіндік оң немесе теріс құндылыққа ие. Мысалы, бірінші концепцияның өкілдері ретіндегі иезуиттер “егер ол мақсатқа тезірек жетуге жәрдемдессе, кезкелген зорлықты ақтауға болады” деп санаған, ал екінші концепцияны жақтаушылар зорлықты абсолюттік зұлымдық ретінде тани отырып, оны мақсатқа жетудегі құрал ретінде қолдануға тыйым салған. Соңғылардың пікірінше, құралдар қандай болса, мақсат та сондай болады: адамгершілік сипаттағы құралдар адамгершілік сипаттағы мақсатқа алып келсе, арам ниетті сипаттағы құралдар арам мақсатқа алып келеді. Басқаша айтқанда, бұл концепцияның негізі мына анықтамада бекітілген: мақсат құралдарды ақтамайды, керісінше, құралдар мақсатты анықтайды.

Әрине, иезуитизм немесе абстрактілік гуманизм таза күйінде сирек кездеседі. Тіпті, есімін “мақсат кезкелген құралды ақтайды” қағидасымен байланыстыратын Макиавеллидің өзі де мақсатқа жету барысында қолданатын құралдардың адамгершілік мазмұнын толығымен есепке алмауға қарсы болған.

Құқықорғау қызметі мақсат пен құралдардың арақатынасы мәселесін ғылыми шешуді қажет етеді. Көп жағдайда бұл қоғамдық көзқарастың осы қызметте қолданатын құралдарға қатысты, кейбір жағдайда мақсаттардың өздеріне де қатысты теріс бағалауымен байланысты. Тіпті, адамның, қоғамның және мемлекеттің қауіпсіздігін қорғауға байланысты адал ниетті мақсаттардың болуы да құқықорғау органдары қолданатын құралдар мен әдістерді қоғамдық пікірдің теріс бағалауынан құтқармайды. Аталған мемлекеттік органдардың қызметкерлері макиавеллизмнің концепциясын да, абстрактілік гуманизм концепциясын да толығымен қолданысқа енгізе алмайтыны белгілі, себебі жоғарыдағы концепциялардың екеуі де мақсат пен құралдардың арақатынасы мәселесін шешуде тым қатты көзқарастарды (біреуі — қатаң, екіншісі — жұмсақ) ұстанған. Мейлінше дұрыс деп мақсат пен құралдардың объективті түрдегі байланысын, диалектикалық әрекеттесуін танитын көзқарасты атаған дұрыс болар.

Бұл көзқарасқа сәйкес, адамдардың алдында тұрған мақсаттардың оларға жетудегі құралдармен өзара тығыз байланысы танылады. Сонымен қатар, құралдардың мақсатқа кері әсері де жоққа шығарылмайды, яғни, кейбір құралдардың адал ниетті мақсатты бұрмалау мүмкіндігі танылады. Құралдар алдыға қойылған мақсатқа сай болуы тиіс. Бұл сәйкестікте мақсат басты рөлді иеленуі тиіс. Мақсат құралдардың құрамын анықтап, олардың адамгершілік мазмұнына мән береді.

Мақсат пен құралдардың сәйкестігінің біртұтастығы әрекет немесе жүрістұрысқа негіз болады. Бұл әрекет немесе жүрістұрыс мақсат пен құралдардың дербес құбылыстар ретінде теріс бағаланғанына қарамастан адамгершілікоң сипатта деп бағалануы мүмкін. Яғни, жүрістұрысты бағалау мақсат пен құралдардан тәуелсіз жүзеге асырылады. Мысалы, қылмыстылықпен күрес өз бетінше адамгершілікоң сипаттағы құбылыс ретінде бағаланғанымен, оған жету жолындағы адамды мәжбүрлеу мәселелері теріс бағаланатыны сөзсіз. Алайда, біз қылмыстылықпен күрес

пен мәжбүрлеуді мақсат пен құрал түрінде қарастырсақ, мұндай теріс бағалау жоғалып кетеді. Егер сот біреуді тонағаны үшін қылмыскерді бас бостандығынан айыру жазасына кессе — бұл әділ жаза, мұнда құрал (мәжбүрлеу түріндегі түрмеде қамау) мен мақсаттың (қылмыстылықпен күрес) сәйкестігі көрінеді. Ал, керісінше, көшені тыйым салған жерден кесіп өту үшін бас бостандығынан айыру әділетсіз жаза ретінде қабылданады, себебі, бұл жағдайда мақсат пен құралдың сәйкестігі қағидасы бұзылады.

Әрекеттің немесе жүрістүрыстың оң немесе теріс құндылығын анықтаудың негізі мынадай: адамгершілік сипаттағы болып, оны жүзеге асыру жүзеге асырмауға қарағанда мейлінше аз материалдық, адамгершілік және басқа да шығындарды алып келген әрекет саналады. Немесе басқаша айтқанда, аталған құралдардың көмегімен жеткен нәтиже өз мәні бойынша осы құралдарды пайдаланудан келген зияннан жоғары болса.

Өз мәні бойынша осы негіз аса қажеттілік жағдайындағы заңды жауапкершіліктің негізінде жатыр, бұдан адамгершілік және құқықтық нормалардың тұтастығын байқауға болады.

Құқықорғау қызметінде адамгершілік мақсатқа жету үшін тұлғаның құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтірумен байланысты құралдарды пайдалану жиі орын алып жатады. Алайда, барлық құралдардың ішінен ең тиімді болса да, көрінеу теріс құралдарды пайдаланумен сипатталатын әрекеттердің жағымсыз сипатты иеленетіні сөзсіз. Күрделі жағдай тек теріс құралдар болған жағдайда ғана, солардың біреуін таңдауда туындайды. Егер қолданатын құралдардан келетін моральдық шығындар мақсаттың адамгершілік құндылығын жауып кетсе, онда мақсатқа жетуден бас тарту қажет. Мысалы, аса қажеттілік шегіндегі әрекеттер қажетті және рұқсат етілген ретінде болып танылса, ал осы шектен асып кету қылмыстық жазаланатын әрекет ретінде сараланады. Бұл жағдайда құралдарды дұрыс таңдамау әрекетті теріс бағалауға алып келеді.

Мақсат пен құралдардың сәйкестігін анықтау жағдайында сол құралдарды мақсатқа жету барысында қолданудан туындайтын мүмкін салдарды да ескеріп өту қажет. Мұндай мәселенің таңдау үдерісінде де, таңдаудың нәтижелерін бағалауда да маңызы зор. Айырмашылық тек мынада: бірінші жағдайда салдар мүмкін, болжамды болып табылса, екінші жағдайда олар шынайы сипатқа ие.

Сонымен, мақсатқа жету құралдарын таңдау мына жағдайларды ескергенде ғана дұрыс деп танылуы мүмкін:

— мақсатқа жетуден және әрбір құралды пайдаланудан туындайтын мүмкін салдарды толығымен, жанжақты қарастыру;

— осы салдардың пайда болу мүмкіндіктерін талдау;

— таңдалған құралды пайдаланудан болуы мүмкін салдарды басқа құралдарды пайдаланудан немесе мақсатқа жетуден бас тартудан туындайтын салдармен салыстыру.

Таңдау дұрыс деп танылғанымен, болжаған нәтижелер оны шын мәнінде жүзеге асыруда әрқашан бола бермейді. Бұл әртүрлі кездейсоқтықтардың, таңдауды жасаушы адамның еркінен тыс объективтік жағдайлардың болуымен байланысты. Сөйтіп, аталған жағдайлар соңғы нәтижеге әсер етуі мүмкін. Бұл кезде осы адам жауапкершілікке тартылмайды. Себебі, оның әрекеті одан тәуелсіз жағдайлар негізінде дұрыс емес деп танылғанымен, жалпы алғанда, әрекетті таңдауды ол дұрыс жүзеге асырған.

Құқықорғау қызметіндегі мақсат пен құралдардың арақатынасы және моральдық таңдау мәселелерін қарастыруда құқықтық мәжбүрлеу шараларын, қылмыстылықпен күресте арнайы құралдарды қолданудың шектері және рұқсат етілуі туралы мәселе қаншама рет орын алды. Бір жағынан, бұл құралдарды құқықорғау қызметінде қолдану объективтік жағдайлармен байланысты екені күмәнсіз. Құқықтық мәжбүрлеуді, жедел іздестіру құралдарын қолданбай қылмыстылық сияқты әлеуметтік зұлымдықпен күресу мүмкін емес. Ал екінші жағынан, бұл шаралардың, сезікті немесе қылмыс жасаған болса да, азаматтардың жеке бостандықтарына нұқсан келтіретіні белгілі. өз бетінше азаматтардың бостандықтарын шектеу фактісі оң деп танылуы мүмкін емес. Алайда, әрбір бағалау абстрактілік емес, нақты жағдайларға беріледі. Нақтытарихи тәсіл азаматтардың жеке өміріне араласуды, олардың бостандығын шектеуді теріс деп танығанымен, азаматты, қоғамды және мемлекетті қылмыстық әрекеттерден қорғау мақсатында мұндай қол сұғушылықтарды қажет деп санайды.

Сонымен қатар, ескеріп өтетін бір мәселе, құқықтық мәжбүрлеу шараларын қолдану құқықорғау органдары қызметкерлерінің өздеріне де теріс әсер етеді. Нақты айтқанда, моральдық сананың өзгеруі, тіпті, кейбір жеке қасиеттерінің өзгеруі де орын алуы мүмкін. Мысалы, кезкелген мәжбүрлеуді қолдануға, азаматтардың жеке және қоғамдық өміріне қол сұғушылыққа дағдылар пайда болуы мүмкін, адам бостандығы құндылығының төмендеуі орын алуы мүмкін. Сол себепті, “зұлымдыққа күшпен қарсы тұру” мәселесіне ерекше көңіл бөлген орыс ойшылы И.А.Ильин “тек ең жақсы дамдар ғана осы қызметті өзгермей жүзеге асыра алады” деп ескерткен. Олар өздерінің қызметі қай жерде, неден және неліктен шындық жолынан мүлт кеткенін білуі және мұны

зұлымдықпен күрес қажет ететін шекте ғана болдыруы керек.

Сонымен, мәселе құқықтық мәжбүрлеу шаралары мен жедел іздестіру құралдарын қолдану мүмкіндігі туралы ғана емес, әрбір нақты жағдайдағы оларды қолданудың негізділігі мен шегі туралы болуы керек.

Құқықорғау органдарының қызметін бағалауда “адамгершілікадамгершілік емес” екіжақты формуласы жиі қолданылады. Бұл терең тарихи тамырға ие. Ежелгі стоиктердің өздері таяқтың түзу немесе қисық болатыны сияқты, әрекеттер де әділетті немесе әділетсіз болады деп тұжырымдаған. Бұл көзқарасқа сәйкес, моральға қандай да болмасын есептеулер тән емес: банктан алтын ұрлаған адам мен дүкеннен нан ұрлаған адамның әрекеттерінде ерекше айырмашылық жоқ. Аталған көзқарасқа сәйкес, адамгершілік нормалары жоғарыдағы екі әрекетті де сынға алады. Шын мәнінде, абсолюттік ақ немес абсолюттік қара деген болмайды. Осы екі абсолюттің арасында орын алған рендердің үлкен реті ғана бар. Дәл осы сияқты, әрбір әрекеттің өзінің адамгершілік “реңі” болады. Жоғарыдағы тұжырымдарға сәйкес, бір адамға келтірілген зиян мен қоғамға келтірілген зиянның; адамды сыйламау мен оны аяққа таптаудың арасында айырмашылық жоқ. Адамгершіліктің “сандық” градациясы терминінің болуы да бекер емес. Екеуінде де моральдық талаптардың бұзылуы орын алғанымен, бір әрекеттерді ол “этикаға қайшы әрекет жасады” деп бағаласақ, енді келесі бірін “оның жасағаны адамгершілік емес болды” деп жатамыз. Мысалы, бандылық топтың оғына қарсы, олардың ізіне түскен құқықорғау органдарының қызметкері мен өз жақындарынан, таныстарынан жұмысының шынайы сипатын жасыруға мәжбүр болған жедел іздестіру қызметкерінің әрекеттеріне бірдей оң баға бере отырып, олардың әртүрлі адамгершілік құндылығын ескермеу мүмкін емес. Бірінші жағдайда шынайы адамгершілік әрекет, ал екіншісінде адамгершілік емес әрекетке жақын әрекет орын алған.

Яғни, “адамгершілік” және “адамгершілік емес” түсініктерінің ауқымы өте кең. Тіпті, шартсыз түрде адамгершілік оң немесе теріс бағаға ие құбылыстардың өздерінде әрқашан қарамақайшылық бағалау элементі болады. Мысалы, жоғарыда келтірілген мысалдардың бірінші жағдайында қызметкердің басқа адамдардың өмірі үшін өзін аямауы оның жарақаттану немесе қайтыс болу мүмкіндігімен, оның жақындары мен достарының қайғысымен көлеңкелі сипатты иеленеді, бұлар осы құбылыстың кері мағынасын аша түседі, дегенмен аталған факт қызметкердің әрекетінің оң құндылығын күшейте түседі. Осыдан адамгершіліктің диалектикасы көрінеді: әрекет мейлінше зор зұлымдықты жеңген сайын, оның адамгершілік мазмұны да жоғары бола түседі және зұлымдыққа қарсы тұрған адамға мейлінше мол зиян келген сайын, оның әрекеті де соншалықты құнды бола түседі.

Адамдардың барлық әрекеттері бір тізбектің бойындағы екі бағытқа бағытталған: абсолюттік адамгершілік сипаттағы әрекеттер және абсолюттік адамгершілік емес сипаттағы әрекеттер. Бұл тізбекте жүрістұрыстың әртүрлі түрлері көрініс табады, олардың ішінен идеалды, рұқсат етілген, қалаулы әрекеттер оң (тиісті) жүрістұрысты құраса, оған қарамақайшы болып теріс (рұқсат етілмеген) жүрістұрыс орын алған. Құқықорғау органдары қызметінің ерекше сипатын ескере отырып, адамгершілік рұқсат етілген жүрістұрысқа олар үшін ерекше маңызды құбылыс ретінде мән беру қажет.

Идеалды жүрістұрыс жалпыадамдық құндылықтарға сүйенеді. Бұл адамдар арасында шын мәнінде адамдық нысандағы қарымқатынастарды қалыптастырудың объективтік қажеттігінен және адамның мәндік негіздерінен туындайтын нормаидеал, императив. Мысалы, “өтірік айтпа” қағидасын қандай да болмасын шектеусіз түрде басшылыққа алатын адамның жүрістұрысы осындай. Алайда, шын мәнінде, адамдық қарымқатынастардың негізі болып табылатын жүрістұрыс көп жағдайларда адамгершілік емес сипатты иеленеді, себебі, олар өмірдің шиеліністі қарамақайшылықтарын, моральдық таңдаудың әлсіз жақтарын, моральдық нормалардың бірбіріне қайшы келуін ескермейді. Мұндай нормаидеалды басшылыққа ала отырып, біз өз әрекеттерін қылмыскердің алдында бұрмалаушы жедел іздестіру қызметкерінің жүрістұрысын адамгершілік емес сипаттағы деп тануымыз керек, ал бұл әділетсіз болар еді. Ал өз қызметтесінің шиеліністі жағдайда екенін біле тұра, оған жағымсыз ақпараттарды айту арқылы оның өзіне өлтіруіне жеткізген адамның әрекетін қалай бағалауға болады? “Арамдықпен айтылған шындық нағыз өтірікке тең” деген халық нақылы бекер емес. Дәл осы сияқты басқа да нормаидеалдар туралы айтуға болады, мысалы: өлтірме, ұрлама, зинақорлыққа барма және т.б. Негізі абсолюттік сипатты иеленген, яғни, әрқашан, кезкелген жағдайда міндетті болып табылатын, барлық адамгершілік нормалары нормаидеалға айналады және белгілі бір жағдайларда олардың орындалуы қиынға соғады, тіпті, олар адамгершілік емес сипатты иеленіп те кетуі мүмкін.

Басқаша айтқанда, идеалды жүрістұрысқа қойылатын талаптар жүзеге асырылу барысында әрқашан қажетті объективтік жағдайларды иелене бермейді. Сол себепті де, тәжірибеде кең көлемде жүзеге асырылуына жағдайлары болмаған оң жүрістұрыстың белгілі бір бөлігі қалаулы жүрістұрысқа айналып кетеді. Мұндай жүрістұрыстағы адамдардан қоғам оларды жүзеге асыру үшін жағдай жасауды талап ете алмағанымен, оларды жағдай жасауға бағыттай алады. Мысалы, әрбір адамның жеке қауіпсіздігін қамтамасыз ету — бұл міндетті жүрістұрыс саласы, алайда қазіргі

кездегі қоғамдық қатынастар бұл талапты кең көлемде жүзеге асыруға мүмкіндік бермейді.

Сонда, егер моральдық нормалар мен қағидалар шын мәнінде кең көлемде жүзеге асырыла алмайтын болса, яғни, идеалды және қалаулы жүрістұрыстың шеңберіне енбесе, қалған жүрістұрыстардың барлығы адамгершілік емес сипаттағы жүрістұрыстар қатарына жатқызылғаны ма? Бұл сұраққа оң жауап берсек, біз үлкен қателік жіберген болар едік. Адамның өмірін қарулы қылмыскерден қорғау мақсатында, өз өмірін тәуекелге қойып, қылмыскерді ауыр жарақаттандыра, отырып оны өлтірген полиция қызметкерінің жүрістұрысын біз адамгершілік идеалды немесе қалаулы деп тани аламыз ба? Жалпы алғанда, қылмыскер болса да, адамды өлтіру адамдық қарымқатынастардың идеалды немесе қалаулы нысанына жатпайтыны белгілі. Алайда, бұл жағдайда полиция қызметкерінің ержүректілігі адамгершілік құндылықтардың ең жоғарғы көрсеткішімен бағаланатыны да күмәнсіз. Гегель жазғандай, “соттар мен әскерлер адамдарды өлтіру құқығына ие ғана емес, бұл олардың міндеті, борышы, алайда, бұл жерде аталған борыштың қандай адамдарға қатысты және қандай жағдайларда рұқсат етілгені анықталған”.

Мұндай әрекеттерді бағалай отырып, біз көп жағдайларда оларды адамгершілік ақталған деп атаймыз. Алайда, мұндай жағдайда адамгершілік рұқсат етілген әрекеттер мен жүрістұрыстар туралы сөз қозғаған жөн болар, себебі, жедел іздестіру қызметінің арнайы құралдары мен құқықтық мәжбүрлеу шараларын қолдану жоғарыда аталған әрекеттер мен жүрістұрыстардың қатарына жатады.

“Адамгершілік рұқсат етілген” және “адамгершілік ақталған” түсініктері бір қарағанда ұқсас түсініктер сияқты, бұл негізсіз де емес, себебі, көп жағдайда адамгершілік ақталған түсінігіне адамгершілік рұқсат етілген әрекеттердің түсінігі еніп кетеді. Алайда, олардың арасында айырмашылықтар да бар, оларды *адамгершілік рұқсат етілген* әрекеттердің мазмұнын ашу арқылы байқауға болады, оның негізі мынада: адамгершілік ақтаушылықтың субъективтік сипаты әлдеқайда ауқымдырақ. Оған сәйкес, адамның жасауға мәжбүр болған, нормалардың шегінен тыс шығып кеткен, моральға қайшы әрекеттері мен жүрістұрыстарын ақтауға болады. Бұл көзқарасқа сәйкес, мысалы, қарсы жақты теріс ақпараттандыру адамгершілік емес сипатта деп танылғанымен, ол негізді болып табылады және оны ақтауға болады. Дәл осы сияқты, құқыққорғау қызметінің бірқатар әдістері мен құралдарын да, мысалы, қылмыстық топтарда агенттерді ұстау, қылмыстардың алдын алу, оларды анықтау, қудалау мақсаттарында жеделтехникалық құралдарды пайдалану, адамгершілік емес сипаттағы деп тануға болар еді, себебі, олар адамгершілік идеалды жүрістұрыстар қатарына жатқызылмаған. Ал мұндай көзқарастарды қазіргі өмірге сәйкес келеді деп атау да қиын.

Адамгершілік рұқсат етілгендік, керісінше, объективтік негіздерге сүйенеді. Оған сәйкес, адамгершіліктің шегіне енетін әрекеттерді жасау кейбір жағдайларда объективтік жағдайлардың әсерінен моральдық тұрғыдан идеалды емес сипатты иеленуі мүмкін. Біз адамгершілік рұқсат етілген әрекет немесе жүрістұрыс туралы айтқанда, оның “қалаусыз” сипатын жоққа шығармасақ та, оны адамгершілік сипаттағы әрекет немесе жүрістұрыс деп танимыз. Мысалы, заң талаптарын бұзушыларға қатысты құқықтық мәжбүрлеу шараларын қолданудан бас тарту идеалды әрекет деп танылғанымен, мұндай бас тартушылық қоғамға және басқа азаматтарға қатысты адамгершілік емес сипатты иеленер еді, себебі, ол қылмыстық әрекеттердің кең таралуына жол береді. Осы себепті де, “жедел іздестіру қызметінің арнайы құралдары мен құқықтық мәжбүрлеу шараларын қолдану немесе қолданбау” мәселесі туындағанда, осы шаралар мен құралдарды қолдануды мейлінше гуманды және әділ әрекет ретінде жақтау орын алатыны сөзсіз. Сондықтан, “Жедел іздестіру қызметі туралы” Заңы “қылмыстық қол сұғушылықтардан адамдардың өмірі мен денсаулығын, олардың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау, қоғам мен мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ету барысында жедел іздестіру органының лауазымды тұлғасының немесе оған жәрдем беруші тұлғаның қызметтік немесе қоғамдық борышты дұрыс орындауы жағдайында мәжбүрлі зиян келтірушілік әрекеттеріне жол беріледі” деген ережені бекіткен.

Қылмыстылықтың деңгейі төмен болған сайын, адамгершілік рұқсат етілгендіктің деңгейін көтере түсу керек, сонымен қатар, құқыққорғау органдарының аталған құралдарды қолдану мүмкіндіктері азаюы қажет.

Сонымен, *адамгершілік рұқсат етілген жүрістұрыс дегеніміз моральдың талаптарына жауап бергенімен, адамгершілік пен имансыздықтың шегінен орын алған жүрістұрыс*. Адамның нақты бір әрекеті гуманизмнің жоғарғы идеалдарына негізделмегенімен, адамгершілік сипаттағы мақсатқа жету үшін қажет болуы мүмкін. Рұқсат етілген әрекет — мұндай жағдайлардағы, барлық талаптар тұрғысынан қарастырғанда, ең оңтайлы әрекет. Яғни, адамгершілік рұқсат етілгендіктің түсінігі осындай әрекеттерге оң баға беруді білдіреді. Идеалды және қалаулы жүрістұрыс нормаидеалдың талаптарына сәйкес келсе, рұқсат етілген жүрістұрыс нормашектердің талаптарына сәйкес келеді. Нормашек адамгершілік жүрістұрыстың мақсатын емес, оның шегін

көрсетеді.

Рұқсат етілген жүрістұрыс адамгершілік идеалдардан алыс болғанымен, нақты жағдайларға тән болып келеді, ол адамгершілік шиеліністерді шешу нәтижесінде пайда болады және моральдық нормалардың бірбіріне қайшы келуі жағдайында оларды орындамау мүмкіндігінің шегін көрсетеді. Екі адамгершілік норманың (мысалы, қылмыстық әрекеттерден тұлғаның, қоғамның және мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ету қажеттігі мен адамның жеке бостандығын шектеуге жол бермеу) шиеліністі қарамақайшылығы тұлғаның жеке бостандығын заңмен анықталған жағдайларда шектеуге рұқсат беретін норманың пайда болуына негіз болады. Егер жеке бостандықты мүлдем ескермей, қауіпсіздікті қамтамасыз ету нормасына толығымен жол берсек, Дж.Оруэллдің “1984” романында сипатталған жағдайға тап боламыз. Адамдардың жүрістұрыстарына мейлінше мол бақылауды орнықтыру арқылы (кейбір жағдайларда жедел іздестіру қызметінің құралдарының көмегімен) қылмыскерлердің құқыққа қайшы әрекеттерді жасауына мейлінше аз мүмкіндіктер беруге болатын сияқты. Алайда, мұндай бақылауды негізсіз түрде кеңейту керісінше нәтижеге әкелуі мүмкін, себебі, мұндай жағдайда құрал — оның жеке бостандығын қамтамасыз ету мақсатында адамды қорғау — мақсатқа айналып кетеді. Және керісінше, тұлғаның, қоғамның және мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ету құралдарынан толығымен бас тарту қылмыскерлерге кең жол ашар еді.

Науқасқа ыңғайсыздық пен қиналу әкелетін емдеу құралдарын қолдануға мәжбүр дәрігер секілді құқықтық жүйе де адамдардың құқықтары мен бостандықтарын, қоғамның заңды мүдделерін қорғау барысында қоғам үшін ыңғайсыз, алайда оның әлеуметтік денсаулығы үшін қажет құралдарды пайдалануға мәжбүр болады.

Мұндай құралдарды қолдану қаншалықты дәрежеде рұқсат етілгендігі басқа мәселе. Құқыққорғау қызметінің тарихынан бірқатар мынадай мысалдарды атауға болады: бір “ауруды” емдеу барысында “дәрідәрмекті” шектен тыс қолдану басқа бір “арудың” пайда болуына негіз болған: адамды қылмыстық әрекеттерден қорғау ниетімен оның жеке бостандығына нұқсан келтірген. Сол себепті де, нақты бір жағдайдағы рұқсат етілген әрекеттің шегін анықтаудың маңызы зор.

Адамгершілік ақтау адамгершілік және адамгершілік емес әрекеттерді бөліп қарастыруға жол бермейді, себебі, бір нәрсені негіздеу дегенде адамгершілік емес әрекеттерді түсінеміз, өйткені, адамгершілік әрекетті негіздеудің, ақтаудың қажеті жоқ. Сол себепті, адамгершілік емес әрекеттің қаншалықты мөлшерде ақталғандығын анықтап алған жөн. Сонымен, кезкелген моральға қайшы әрекетті ақтап шығуға болады, себебі, оларды ақтауға әрқашан негіздер табылады. Осының нәтижесінде, адамгершілік ақтаудың шегі болмайды.

Адамгершілік рұқсат етілгендік, керісінше, одан кейін имансыздық басталатын шекті орнықтырады. Бұл шекті анықтау негізі болып субъективтік аргументтер емес, объективтік жағдайлардың жиынтығы табылады. Сондықтан, мысалы, 1937 жылы қуғынсүргін заманында тергелушілерден “іс” үшін көрсетулерді күштеп алған тергеушіні ақтап шығуға болғанымен, оның әрекеттерін адамгершілік рұқсат етілген деп атауға болмайды.

Ақтаушылық пен рұқсат етілгендікті ажырату жақсы ниетті алдау мәселесін шешуге мүмкіндік береді, оған, мысалы, мыналар жатады: қарсыласты өтірік ақпараттандыру және құқыққорғау қызметінің тағы да басқа құралдары. Көп жағдайларда шындық қарапайым сана деңгейінде оң адамгершілік құндылыққа, ал өтірік кері адамгершілік құндылыққа теңестіріледі. Мұның өзіндік негізі де бар, себебі, көптеген жағдайларда шындық оң сипатты иеленетіні сөзсіз.

Кезкелген алдаушылықты, өтірікті моральға қайшы деп тану Августиннің көзқарастарынан орын алып, кейіннен этикалық ой тарихының ғұмырында көптеген жақтаушыларды тапты. Мысалы, И.Кант та, тіпті, бір нәрседен құтылу үшін де өтірік айтуға болмайды деп санаған. Бірақ, кейбір жағдайларда өтірік айту қажет деп танылатындықтан, жақсы ниетті өтірікті моральға қайшы деп санаса да, оны ақтау ұмтылыстары орын алады. Алайда, мұндай “ақтаудың” жақсы ниетті өтірікті оң деп танудан зияны әлдеқайда көп, себебі, ол кезкелген өтірікті ақтауға жол береді, өтірікті айтпаудың шегін, адамгершілік пен имансыздықтың шегін алып тастайды. Бұған қосып айтарымыз, шындық та әрқашан адамгершілік сипатта бола бермейді. Мысалы, қылмыскерлерге құқыққорғау органдарының жүргізетіні деп отырған операциясының жоспарын ашып айту оң бағалауды иеленбейтіні сөзсіз.

Жасыру да дәл осы сияқты бағаланады. Бір жағынан, мемлекеттік, тергеушілік, дәрігерлік құпия — оң адамгершілік мазмұнға ие жасырудың нысандары. Ал екінші жағынан, өз тыныштығын ойлап, жасалған қылмыс туралы үндемеу моральға қайшы болып келеді. ЭрихМария Ремарк айтқандай, “қылмыс туралы үндемеушілер өз қолдарын қанға жуады”.

Кейінгі кезге дейін жалпы көпшіліктен құқыққорғау органдарының құпия көмекшілерді пайдалану фактісі жасырылып келді. Мұның өзінің жақсы ниетті мақсаты болды — халық арасында шектен тыс сезіктенушілікке жол бермеу. Алайда, тұлға мен қоғамды қорғау солардың мүдделеріне сәйкес жүргізілсе, олар өз мүдделерін қорғау қандай құралдарды пайдаланумен жүзеге асырылатынын білуге құқылы. Егер бұл құралдар жасырылса, онда белгілі бір сезіктер туындауы мүмкін: не бұл құралдар өз мақсаты бойынша пайдаланылмаған, не қоғам үшін оңтайлы, бірақ, құқыққорғау

органдары үшін ыңғайсыз басқа да құралдардың болуы мүмкін. Ал егер шын мәнінде жоғарыда атлаған екі болжам да қате болып шықса, онда көпшіліктен тұлғаның, қоғамның және мемлекеттің қауіпсіздігін қорғау барысында қолданатын құралдарды жасырудың ешбір негізі жоқ. Осы арқылы біз оларды қылмыскерлерге де жария етеміз деген көзқарастар орынсыз, себебі, олар онсыз да бұл құралдар туралы көпшіліктен артық біледі. Әрине, мәселе осы құралдарды қолданудың тәсілдері мен нысандары туралы емес. Бұл жерде құпиялылық қағидасы толығымен орын алуы тиіс. Сондықтан да, жедел іздестіру қызметі туралы заңда арнайы құралдар мен оларды қолдану жағдайының бекітілуі оларға тек құқықтық қана емес, адамгершілік негізді де береді.

Ақталушылық пен рұқсат етілгендікті ажыратуда психологиялық жақтың маңызы өте зор. Әділеттілік сезімі ерекше дамыған адамдарда адамгершілік ақтаушылық өз әрекеттерінің моральға қайшы болуы арұят сезімін оятады. Бұл, бір қарағанда, жақсы сияқты. Алайда, шын мәнінде бұл жүрістұрыстың екі кері түрінің пайда болуына негіз болады. Біріншіден, бұл жағдайдағы адамгершілік қажетті әрекеттерден абстрактілі қағида үшін бас тарту негізінде мейлінше дұрыс жүрістұрысты таңдаудан бас тарту. Мұндай жүрістұрыс түріне мысал ретінде азаматтың адамгершілік қағидаларына қайшы келуі себептен, құқыққорғау органдарымен одақтасудан бас тартуын атауға болады. Кімге болса да белгілі бір ақпараттарды құпия жолмен беруді моральға қайшы әрекет ретінде қабылдауы арқылы бұл адам құқыққорғау органдарына қылмыстылықпен күресуге көмектесуден бас тартады, ал бұл әрекет, өз кезегінде, теріс адамгершілік бағалауды иеленеді. Екіншіден, адамгершілік пен имансыздық туралы қате көзқарастардан туындаған психикалық қобалжулар шынымен де моральға қайшы әрекеттерді жасауға негіз болуы мүмкін.

Ақтаушылыққа қарағанда адамгершілік рұқсат етілгендік адамға өз әрекеттерінің дұрыстығы жөнінде сенімділік береді және сонымен бір мезетте оған рұқсат етілген әрекеттің шегінен шығу мүмкіндігін бермейді. Себебі, адамгершілік рұқсат етілгендік адамгершіліктің талаптарына мейлінше толығымен жауап береді. Адамгершілік рұқсат етілген жүрістұрыс барысында адам нормаидеалды ұстанбағаны үшін емес, көп жүрістұрыстардың ішінен адамгершілік сипаты мейлінше аз әрекетті таңдағаны үшін ұялуы тиіс.

Белгілі бір жағдайда адамның дұрыс жүрістұрысты таңдауының негізі болып табылатын бірыңғай ереженің қағиданың болуы мүмкін емес, алайда өмір талаптарына сәйкес, ол “мейлінше аз зұлымдық” негізін ұстануы тиіс. Объективтік жағдайлардың негізінде нормаидеалдың кең көлемде орындалу мүмкіндігінің болмауы, жүрістұрыс түрін таңдауда нормалардың бірбіріне қарамақайшы келуі әртүрлі нормаларды орындау салдарын бағалау қажеттігін тудырады. Іс жүзінде бұл барлық салдарды жанжақты талдап, гуманизм мен әділеттілікке мейлінше сәйкес келетін шешім қабылдауды білдіреді.

Осыған сәйкес ескеріп өтетін бір жайт, құқыққорғау органдарының қандай да бір құралды пайдалануының негізділігі туралы шешім, осы құралды таңдаушы адам болжай алатын барлық салдар ескерілген жағдайда ғана, дұрыс деп танылуы мүмкін. Кезкелген әрекеттерде ең алдымен олардың салдары ескеріледі. Алайда, бұл салдардың адамның өзі үшін де, басқа адамдар, қоғам үшін де маңызы болуы мүмкін.

Моральдық тұрғыдан жеке тұлғаның мүдделерімен қатар, әлеуметтік топ пен қоғамның да мүдделерін ескерудің маңызы зор. Құқыққорғау органдары қызметінің тәжірибесінде адамның өзінің заңды, қоғаммен танылған мүдделерін қорғай отырып, басқа адамдарға, тіпті, адамдар тобына зиян келтіруі (мысалы, қажетті қорғаныс жағдайында және т.б.) орын алып жатады. Яғни, эгоцентристік мүдделері басым әрекеттердің барлығы адамгершілік емес сипатта деп таныла бермейді. Әрине, аталған жағдайда адамның әрекеттерінен келген зиян оның өз өмірін, абыройын және қадірқасиетін қорғауға деген моральдық (заңды) құқықтарынан асып кетсе, мұндай әрекетті моральға қайшы деп атауға болады. Мысалы, өз өмірін сақтап қалу мақсатында адам басқа адамдардың қиын, өлім аузындағы жағдайына мән бермесе. Сталиндік құғынсүргін жылдарында көптеген тергеушілер лагерлер мен түрмелерге ешбір кінәсіз адамдарды жіберіп жатқанын түсінген, алайда сол кездегі бұйрықтарды орындамауы олардың өздерін лагерлерге қамауға негіз болатындығын да түсінді. Солардың арасындағы мейлінше адал, азаматтық және кәсіби қадірқасиетті, арұятты жоғары қойған, басқаларға зұлымдық әкелгісі келмеген құқыққорғау органдарының қызметкерлерінің өздері де сталиндік режимнің құрбандарына айналды.

Күнделікті өмірде дұрыс шешімді қабылдауда немесе белгілі бір әрекеттер үшін жауапкершіліктің шегін анықтауда тек тікелей салдарды ескерумен шектелмейді. Мұндай әрекеттердің кері салдары кей жағдайларда тікелей салдардан маңыздырақ болуы мүмкін, ал оларды ескермеу қарамақайшы нәтижеге әкелуі мүмкін. Мұндай кері салдарға не нәтижемен тікелей байланыста емес, алайда адамның одан кейінгі әрекеттеріне әсер етуші (мысалы, құқыққорғау органдары қызметкерінің құқыққа қайшы әрекетінің жазаланбауы бұл әрекеттің тікелей салдарымен қатар заң бұзушының құқықтық санасына әсер етеді, оны басқа да осындай әрекеттер жасауға итермелейді, құқыққорғау органдарының беделін төмендетеді, құқықтық жүйеге, әділеттілікке сенбеуге алып келеді және т.б.), не оларға бұл әрекеттің тікелей қатысы жоқ, алайда олардың мүдделеріне тигендіктен қоғам мүшелері үшін ерекше мәнге ие салдар жатады. Осылай, бастық пен оның қарамағындағы бір қызметкердің шиеліністі қарымқатынасы олардың



өзара қарымқатынасына ғана емес, бүкіл ұжымдағы қарымқатынастарға әсерін тигізеді. Көп жағдайларда ұжым ішіндегі қарымқатынастар қызметтік ісәрекеттерге де әсерін тигізеді.

Адамгершілік салдар көбінесе кері сипатта болады. Алайда, олардың ерекшелігі мынада: сырттай қарағанда тиімсіз, пайдасыз, тікелей құндылығы жоқ әрекеттер жоғары әлеуметтік мәнге ие болады. Қарусыз полиция қызметкері қаруланған қылмыскерлер тобынан адамды қорғау мақсатында өзінің жеңіліс табатынын білсе де, борыш талаптарына бағына отырып оны құтқаруға күш салады. Тәжірибелік тиімділік тұрғысынан оның әрекетінің ешқандай мәні жоқ, алайда адамгершілік тұрғысынан ол жоғары құндылыққа ие. Бұл әрекеттің салдары өз мәні бойынша оның нәтижесінен артығырақ, себебі, ол азаматтар мен қылмыскерлердің санасы мен жүрістұрысына әсер етеді: азаматтарда өздерінің қорғалғандығын сезудің нәтижесінде сенімділік пайда болса, қылмыскерлерде, керісінше, өздерінің жазаланбайтындығына күмән туады.

Жоғарыда аталған мәселелерді қорытындылай келе, ескеріп өтетін бір жайт, құқыққорғау органдарының қызметкері адамгершілік нормаларын басшылыққа алуды қажет ететін шешім қабылдауда осындай нормалардың екі түрі бар екендігін есте ұстауы қажет:

— нормаидеал, мұның жиынтығына бүкіл классикалық этика мен адамгершіліктің барлық қарапайым қағидалары негізделеді; нормаидеалдар адамгершілік ұмтылыстардың жоғарғы шегі, адамгершілік тәрбиелеудің идеалды мақсаты, қарапайым жағдайлардағы адамгершілік таңдаудың бағытбағдары болып табылады;

— нормашек, яғни, қызметкердің өз қызметтік міндетін атқару барысындағы шынайы жағдайдың нақты шарттарымен және мүмкіндіктерімен өлшенетін және шешімнің қай жерден бастап адамгершілік емес сипатты иеленетін төменгі шегін көрсететін норма. Қандай да бір әлеуметтік немесе қызметтік мақсаттылықпен ақталса да, бұл норма мына негіздер бойынша анықталады: а) мейлінше аз зиян; ә) мейлінше қолайлы адамгершілік салдар; б) мейлінше көп адамдар тобының мүддесін ескеру; в) қолданылатын құралдардың саналы жеткіліктілігі қағидасын сақтау.

Қызметтік ісәрекеттердің ерекшеліктеріне байланысты құқыққорғау органдарының қызметкеріне көп жағдайда нормашектің төменгі шекарасына жақын жағдайларда жұмыс істеуіне тура келеді. Оған тұрақты түрде өз бойында жағдайды адамгершілік талдау, адамгершілік ойлану дағдысын тәрбиелеген дұрыс, себебі, олар әрбір әдеттегіден тыс жағдайларда, нақты жүрістұрыс түрін айқындау қиын болса, өз әрекеттерін жоғарыда аталған негіздерге сәйкестендіруге мүмкіндік береді. Бұл қабілеттілік, басқаша айтқанда, қызметкердің адамгершілік мәдениеті, адамгершілік тәрбиесі оның кәсіби қасиетіне айналуы тиіс, себебі, олар қызметтік міндеттерді атқаруда кәсіби мүдденің адамгершілік бағытбағдарды жоғалтпауына, гуманистік құндылықтар шегінен шықпауына, қоғамдық адамгершілік идеалына сәйкес келуіне және қате түсінілген адамгершілік құндылықтар мен нормалардан қорғалуына мүмкіндіктер береді.

Адамның моральдық таңдау жағдайында шешім қабылдауы нәтижесінде әрекет жасауы белгілі бір дәрежеде басқа адамдардың, қоғамның мүддесіне өз әсерін тигізеді. Моральдық таңдау тұлғаның басқа адамдармен шынайы байланысын көрсететіндіктен, ал нәтиженің олар үшін белгілі бір мәні болатындықтан, ол әрқашан осы тұлғаға белгілі бір жауапкершілікті жүктейді. Бұл жауапкершілікті шартты түрде ішкі және сыртқы деп екіге бөлуге болады. Ішкі жауапкершілік арұят категориясының нышаны болып табылады, ол — тұлғаның өз әрекеттерінің салдарын сезініп, осы сезінуге сәйкес, моральдық нормаларды басшылыққа ала отырып әрекет ету қабілеті. Сыртқы жауапкершілік тұлғаның әрекеттері үшін қоғамдық санкциялар түрінде көрініс табады.

Осыған байланысты жауапкершіліктің шегі туралы мәселе туындайды. Әрине, моральдық таңдау болмаса (бұл жағдайда адамның әрекеттері алдынала анықталған болады), жауапкершілік туралы айтудың еш мәні жоқ. Егер жүріп келе жатқан поезддың астына өзінің өлтіруші адам секіріп кетсе, машинист бірден локомотивті тоқтата алмайды. Сондықтан, бұл жағдайда машинист қылмыстық жауапкершілікке де, моральдық жауапкершілікке де тартылмайды, себебі, онда адамның өлімін болдырмауға қатысты таңдау болған жоқ. Ал оның болған оқиғаға қатысты психологиялық қобалжуы басқа мәселе.

Этикада жауапкершілік шегі мәселесіне қатысты екі қарамақайшы бағыт бар. Олардың біріншісі — фаталистік позиция — адамның жүрістұрысының жоғарыдан анықталып қойғандығы, яғни, оның таңдау еркіндігі болмағаны жөнінде айтады. Ал егер адам таңдай алмаса, онда өз әрекеттері үшін жауапкершілікке де тартылмауы тиіс. Келесі бағыт — волюнтаристік позиция — адамның іс жүзіндегі жауапкершіліксіздігі туралы айтады, себебі, біріншіден, адам толығымен еркін болса, оны ешкім жауапкершілікке тарта алмайды, ал екіншіден, адам әлемде болып жатқан барлық құбылыстар үшін жауап беруі тиіс, яғни, нақты бір нәрсе үшін жауап бермейді.

Тәжірибеде бұл концепциялардың қалдықтары “объективтік жағдайларға” сілтеу жасап, өзінен жауапкершілікті алуға ұмтылыстан немесе нақты бір әрекеттер үшін жауапты болмау үшін, белгілі бір іс үшін толығымен жауапты болуға деген ұмтылыстан көрініс табуы мүмкін.

Шын мәнінде моральдық таңдау үшін жауапкершіліктің шегі еркіндік пен қажеттіліктің диалектикасынан туындайды. Отандық этика әдебиеттерінде тұлғаның таңдау еркіндігі шегіндегі жауапкершілігі туралы ереже кеңінен таралған. Яғни, ол әрекеттегі объективтік мүмкіндіктері мен субъективтік міндеттері шегінде жауапты болады.

Соңғы жылдары құқыққорғау органдары мен олардың қызметкерлерінің өз әрекеттері үшін жауапкершілігі мәселесі жиі қозғалуда. Бұл мәселенің мәні мынада: қандай шекте және не үшін олар жауапкершілікке тартылуы мүмкін және міндетті.

Бір қарағанда бұл мәселенің шешімі қарапайым сияқты: жауапкершілік шегі, жоғарыда атап өткендей, таңдау еркіндігінің шегімен, яғни, баламалы әрекеттер үшін объективтік мүмкіндіктердің болуымен және адамгершілік талаптарды ұстану деңгейімен, анықталады. “Не үшін?” сұрағына тек мынадай жауап беруге болады: нақты тұлғалар мен мемлекеттік органдардың құқыққа қайшы (заңды жауапкершілік жағдайында) және моральға қайшы (адамгершілік жауапкершілік жағдайында) нақты әрекеттері үшін. Алайда, шын мәнінде, нақты тұлғалардың немесе мемлекеттік органдардың әрекеттерін нақты бір ережемен бағалау мүмкін емес. Мысалы, қазіргі кездегі ұлттық қауіпсіздік және ішкі істер органдары сталиндік қуғынсүргін жылдарындағы осы органдардың әрекеттері үшін жауапты ма? Құқықтық сипатта болмаған заң шеңберінде әрекет жасаған тергеушіні немесе судьяны жауапкершілікке тартуға бола ма? Өз қызметкерінің қылмысы үшін құқыққорғау органы жауапты бола ма? Осы және басқа да сұрақтарға біржақты жауап беру мүмкін емес, сондықтан, олар әрбір нақты жағдайдың ерекшеліктеріне қарай шешілуі тиіс.

## 16. Құқықтық тәртіпті сақтаушы лауазымды тұлғалардың жүрістұрыс кодексі

Бас Ассамблея:

— Біріккен Ұлттар Ұйымының Жарғысында жарияланған мақсаттардың қатарында нәсілі, жынысы, тілі мен дініне қарамастан барлық адамдар үшін адам құқықтар мен негізгі бостандықтарын сыйлау мен дамытудағы халықаралық одақтастықты жүзеге асыру бар екенін ескере отырып;

— Адам құқықтарының жалпы декларациясына, сонымен қатар, Азаматтық, саяси құқықтар туралы халықаралық пактке, Бас Ассамблея 1975 жылғы 9 желтоқсандағы 3452 (XXX) резолюциясында қабылдаған Барлық тұлғаларды қинаудан және басқа да қатігез, қадірқасиетті төмендететін қарымқатынастан немесе жазалаудан қорғау туралы декларацияға сілтеме жасай отырып;

— қоғамдық тәртіпті қорғау мақсатындағы құқықтық тәртіпті сақтауға байланысты функциялардың сипаты мен жүзеге асырылуы жекелеген тұлғалар мен жалпы қоғамның өмір сүру сапасына тікелей әсер ететінін негізге ала отырып;

— құқықтық тәртіпті сақтаушы лауазымды тұлғалардың адам құқықтары қағидаларына сәйкес ерікті түрде жүзеге асыратын міндеттерінің маңыздылығын түсіне отырып;

— алайда, осы міндеттерді жүзеге асырумен байланысты болуы мүмкін құқықбұзушылықтарды да негізге ала отырып;

— құқықтық тәртіпті сақтаушы лауазымды тұлғалардың жүрістұрысы кодексін енгізу азаматтардың құқықтары мен мүдделерін қорғаудағы маңызды шаралардың бір түрі ғана екенін мойындай отырып;

— құқықтық тәртіпті сақтауға байланысты функцияларды жүзеге асырудың қосымша маңызды алғышарттары бар екендігін түсіне отырып, атап айтқанда:

а) қылмыстық әділеттілік жүйесінің қалған басқа да мекемелері сияқты тәртіпті қорғаушы әрбір орган көпшіліктің өкілі ретінде оның алдында жауапты болуы және есеп беруі тиіс;

ә) құқықтық тәртіпті сақтаушы лауазымды тұлғалардың арасында этика нормаларын тиімді түрде сақтау заңдардың жақсы ойластырылған, көпшілікпен қабылданған және гуманды жүйесінің болуына байланысты;

б) құқықтық тәртіпті сақтаушы әрбір лауазымды тұлға қылмыстық әділеттілік жүйесінің бір бөлігі болып табылады, бұл жүйенің мақсаты болып қылмыстылықпен күрес және оның алдын алу табылады, бұл жүйенің әрбір лауазымды тұлғасының жүрістұрысы бүкіл жүйеге әсерін тигізеді;

в) құқықтық тәртіпті сақтаушы әрбір органнан кезкелген мамандықтың негізгі сипатына қарай осы құжатта бекітілген нормалар мен қағидаларға сәйкес өзіндік бақылауды жүзеге асыруды талап ету қажет; құқықтық тәртіпті сақтаушы лауазымды тұлғалардың әрекеттері қоғамдық көпшілік тарапынан жанжақты тексерілуі тиіс, оны кеңес, министрлік, прокуратура, сот, азаматтар комитеті, немесе осы органдардың кезкелген бірігуі немесе кезкелген қадағалаушы орган жүзеге асыра алады;

г) нормалардың мазмұны мен мәні оқыту, дайындықтар және бақылау жүргізу арқылы әрбір құқықтық тәртіпті сақтаушы лауазымды тұлғаның мақсатына айналмайынша, олардың тәжірибедегі құндылығы болмайды;

д) осы резолюцияның қосымшасындағы құқықтық тәртіпті сақтаушы лауазымды тұлғалардың жүрістұрысы кодексін қабылдайды және оны құқықтық тәртіпті сақтаушы лауазымды тұлғалар орындауға міндетті қағидалар ретінде ұлттық заңнама немесе тәжірибе шегінде пайдалану туралы мәселені оң шешу туралы ұсынысты үкіметке беруге қаулы етеді.

### 1 бап

Құқықтық тәртіпті сақтаушы лауазымды тұлғалар қоғамға қызмет ете отырып және олардың мамандығы талап ететін жоғары дәрежелі жауапкершілікке сәйкес барлық тұлғаларды құқыққа қайшы әрекеттерден қорғай отырып, өздеріне заңмен жүктелген міндеттерді тұрақты түрде орындайды.

#### Түсіндірме:

а) “Құқықтық тәртіпті сақтаушы лауазымды тұлғалар” түсінігі құқықты қолданумен байланысты, полициялық өкілеттіктерге, әсіресе, құқықбұзушыларды ұстау өкілеттігіне ие барлық тағайындалатын және сайланатын лауазымды тұлғаларды қамтиды.

ә) Полициялық өкілеттіктерді әскери билік өкілдері немесе ұлттық қауіпсіздік күштері жүзеге асыратын мемлекеттерде “құқықтық тәртіпті сақтаушы лауазымды тұлғалар” түсінігінің анықтамасы аталған қызметтердің қызметкерлерін де қамтиды.

б) Қоғамға қызмет ету жеке, экономикалық, әлеуметтік және басқа да төтенше сипаттағы себептер бойынша жедел жәрдемді қажет ететін қоғам мүшелеріне көмек пен қызмет көрсетуді білдіреді.

в) Бұл ереже тек барлық зорлық, тонау және зиянды әрекеттерін ғана емес, сонымен қатар, қылмыстық заңдармен орнықтырылған тыйымдардың барлық түрлеріне таралады. Ол қылмыстық жауаптылыққа тартылуға қабілетсіз адамдардың жүрістұрысына да таралады.

## **2 бап**

Өз міндеттерін орындау барысында құқықтық тәртіпті сақтаушы лауазымды тұлғалар адамдық қадірқасиетті сыйлайды және қорғайды, барлық тұлғаларға қатысты адам құқықтарын қорғайды және сақтайды.

### *Түсіндірме:*

а) Адамның аталған құқықтарын ұлттық және халықаралық құқық орнықтырады және қорғайды. Мұндай халықаралық құжаттарға мыналар жатады: Адам құқығының жалпы декларациясы, Азаматтық, саяси құқықтар туралы халықаралық пакт, барлық тұлғаларды қинаудан және басқа да қатігез, қадірқасиетті төмендететін қарымқатынастан немесе жазалаудан қорғау туралы декларация, Біріккен Ұлттар Ұйымының нәсілдік кемсітушіліктің барлық нысандарын жою туралы декларациясы, Нәсілдік кемсітушіліктің барлық нысандарын жою туралы халықаралық конвенция, Апартеид қылмысын және ол үшін жазалауды қудалау туралы халықаралық конвенция, қамаудағылармен қарымқатынастың минималды стандартты ережелері және Консулдық қарымқатынастар туралы Вена конвенциясы.

ә) Ұлттық түсіндірмелерде бұл ережеге қатысты аталған құқықтарды бекітетін және қорғайтын жергілікті және ұлттық ережелер көрсетілуі тиіс.

## **3 бап**

Құқықтық тәртіпті сақтаушы лауазымды тұлғалар тек аса қажеттілік жағдайында және олардың міндеттерін орындауын қажет ететін шамада ғана күш қолдана алады.

### *Түсіндірме:*

а) Бұл ережеде құқықтық тәртіпті сақтаушы лауазымды тұлғалардың күш қолдануы ерекше сипатты иеленуі міндетті екені атап көрсетілген; құқықтық тәртіпті сақтаушы лауазымды тұлғалардың қылмыстың алдыналу мақсатында немесе құқықбұзушыларды, сезіктілерді ұстау барысында немесе көмек көрсетуге байланысты нақты жағдайларда қажеттілік туғанда күш қолдана алады, алайда осы мақсаттар үшін қажетті шектен аса отырып, күш қолдануға тыйым салынады.

ә) Ұлттық заңнама құқықтық тәртіпті сақтаушы лауазымды тұлғалардың күш қолдануын пропорционалдық қағидасына сәйкес шектейді. Мұны былай түсінуге болады: жоғарыдағы ережені талдауда осы ұлттық пропорционалдық қағидалары ескерілуі тиіс.

б) Оқ қаруын қолдану ерекше шара ретінде қарастырылады. Оқ қаруын қолдануды болдырмауға, әсіресе, балаларға қатысты, бар күшті салу керек. Сезікті құқықбұзушы қарулы қарсыласты білдірген немесе басқа да жолмен адамдардың өміріне қауіп төндірген, сезікті құқықбұзушыны ұстауға немесе соттауға бағытталған шаралардан нәтиже болмаған жағдайларды есептегенде, оқ қаруын қолдануға тыйым салынады. Оқ қаруын қолданудың әрбір жағдайы күзиретті билік өкілдеріне жедел түрде хабарланып отыруы тиіс.

## **4 бап**

Егер міндеттерді орындау немесе әділеттілік талаптары қажет етпесе, құқықтық тәртіпті сақтаушы лауазымды тұлғалардың алған құпия сипаттағы мәліметтері құпия күйінде сақтаулы тиіс.

### *Түсіндірме:*

Өз міндеттерінің ерекше сипатына қарай құқықтық тәртіпті сақтаушы лауазымды тұлғалар басқа адамдардың жеке өміріне қатысты немесе осы тұлғалардың мүдделеріне, абыройбеделіне зиян келтіруі мүмкін ақпараттармен танысады. Мұндай ақпараттарды сақтау мен пайдалануда ерекше сақтық қажет. Олар тек міндеттерді орындау барысында немесе әділеттілік мақсатында жариялануы мүмкін. Басқа мақсаттарда мұндай ақпараттарды кезкелген жариялаушылық толығымен құқыққа қайшы болып саналады.

## **5 бап**

Құқықтық тәртіпті сақтаушы лауазымды тұлғалардың барлығына қинаумен, қатігездікпен, қадірқасиетті төмендетумен байланысты әрекеттерді жүзеге асыруға, оған себепкер болуға немесе мұндай әрекеттерге немқұрайдылықпен қарауға тыйым салынады. Құқықтық тәртіпті сақтаушы лауазымды тұлғалардың ешқайсысы мұндай әрекеттерді ақтау үшін жоғары тұрған басшыларының бұйрығына немесе соғыс жағдайы немесе соғыс қаупі, ұлттық қауіпсіздік қаупі, ішкі саяси тұрақсыздық немесе басқа да кезкелген төтенше жағдай сияқты ерекше жағдайларға сілтеме жасай алмайды.

### *Түсіндірме:*

а) Бұл тыйым Барлық тұлғаларды қинаудан және басқа да қатігез, қадірқасиетті төмендететін қарымқатынастан немесе жазалаудан қорғау туралы Бас Ассамблея қабылдаған декларациядан туындайды, бұл декларацияға сәйкес мұндай әрекеттер адамдық қадірқасиетке нұқсан келтіру ретінде танылады және Біріккен Ұлттар Ұйымы Жарғысының мақсаттарын бұзу ретінде, Адам құқықтарының жалпы декларациясымен мен адам құқықтарына байланысты басқа да халықаралық құжаттармен жарияланған адам құқықтары мен бостандықтарын бұзу ретінде сынға алынады.

ә) Декларация қинауға төмендегідей анықтама береді:  
... ресми тұлға тарапынан немесе оның айдап салуы бойынша адамнан ақпараттар немесе көрсетулер алу, оны жасаған әрекеттері үшін жазалау, оны қорқыту арқылы қасақана түрде физикалық немесе ойлық қиналулар әкелетін кезкелген әрекеттер қинау деп саналады. Бұл

әрекеттердің қатарына заңды түрде бас бостандығынан айырудан ғана туындайтын қиналулар жатпайды”.

б) “Қатігез, қадірқасиетті төмендететін қарымқатынас және жазалау түрлері” түсінігін Бас Ассамблея нақты анықтамаған, алайда оны физикалық және психологиялық сипаттағы құқықбұзушылықтардан мейлінше кең қорғау болатындай түсіндіру қажет.

#### **6 бап**

Құқықтық тәртіпті сақтаушы лауазымды тұлғалар өздері ұстаған тұлғалардың денсаулығын толығымен қорғауды қамтамасыз етеді, нақты айтқанда, қажет болған жағдайда медициналық көмек көрсетуді қамтамасыз етуге байланысты қажетті шараларды жүзеге асырады.

#### **7 бап**

Құқықтық тәртіпті сақтаушы лауазымды тұлғалар қандай да болмасын сыбайлас жемқорлық әрекеттерді жүзеге асырмайды. Сонымен қатар, олар кезкелген мұндай кезкелген әрекеттерге қарсы тұрып, олармен күреседі.

##### *Түсіндірме:*

а) Сыбайлас жемқорлықпен, билікті асыра пайдаланумен байланысты кезкелген әрекет құқықтық тәртіпті сақтаушы лауазымды тұлғалардың қызметтік мәртебесімен сәйкес келмейді. Сыбайлас жемқорлық әрекетін жүзеге асырған кезкелген құқықтық тәртіпті сақтаушы лауазымды тұлғаға қатысты заң талаптары толығымен орындалуы тиіс, себебі, үкіметтер өз мекемелеріндегі лауазымды тұлғалардың заңдылықты сақтауын қамтамасыз ете алмаса, азаматтардың құқықтық тәртіпті сақтауын да күте алмайды.

ә) Сыбайлас жемқорлықтың түсінігі ұлттық құқыққа сәйкес анықталуға тиіс болғанымен, оны талап етілген сыйлықтардың, берілген сөздердің нәтижесінде міндеттерді орындау барысында белгілі бір әрекеттерді істеу немесе істемеу ретінде түсіндіруге болады.

б) Жоғарыда аталған “сыбайлас жемқорлық әрекеті” түсінігін сатып алушылыққа ұмтылыс ретінде түсіну қажет.

#### **8 бап**

Құқықтық тәртіпті сақтаушы лауазымды тұлғалар заң мен осы Кодексті сыйлайды. Барлық мүмкіндіктерін пайдалана отырып, олар кезкелген құқықбұзушылықтардың алдын алады және оларға қарсы тұрады. Осы Кодекстің бұзылуы орын алды немесе орын алуы мүмкін деп ойлауға негізі бар құқықтық тәртіпті сақтаушы лауазымды тұлғалар болған оқиға туралы жоғары тұрған инстанцияларға, қажет болған жағдайда, қадағалау мен құқықтық бақылау өкілеттіктеріне ие басқа инстанциялар мен органдарға хабарлайды. (БҰҰ Бас Ассамблеясы 1979 жылғы 17 желтоқсанда қабылдаған).

## 17. Полиция қызметі этикасының негізгі қағидалары

1. Полиция қызметкері оған заңмен жүктелген міндеттерді өз отандастары мен қоғамды ұрлық, зорлық және т.б. зиян келтіруші әрекеттерден қорғау арқылы орындауы тиіс. Бұл бап полиция қызметкерін құқықпен байланыстырады. Заңның билігі әрбір демократиялық қоғамның негізінде жатыр. Полиция қызметкерінің мақсаты және жауапкершілікті міндеті — заңды сыйлау және оның талаптарын ұстану.

2. Әрбір полиция қызметкері өз борышын адал, әділ және қадірқасиетпен орындауға міндетті. Ол сыбайлас жемқорлықтың кезкелген түріне қарсы тұруға және оларды болдырмауға күш салуы тиіс. Сыбайлас жемқорлықтың нақты анықтамасы жоқ, алайда әрбір полиция қызметкері оның қай жерден басталатынын біледі. Пара алу мен сыбайлас жемқорлықты болдырмау ерекше маңыздылыққа ие, себебі, полиция сыбайлас жемқорлықты қолдаса, бұл сыбайластық кейіннен қоғамның қалған бөлігіне де таралады.

3. Жаппай жазалауға, қинауға және гуманизмге қарсы және қадірқасиетті төмендететін жазалаудың басқа нысандарына қандай жағдайда болмасын тыйым салынған. Полиция қызметкері осы сипаттағы шараларды негізге алған кезкелегін бұйрықты немесе өкімді орындамауға және сыйламауға міндетті. Жазаны анықтау — сот органдарының міндеті, сол себепті де, полиция қызметкері бұл функцияны заңға қайшы жолмен өз мойнына алмауы тиіс. Полиция жаппай қырыпжою мен осындай қатал сипаттағы басқа да шараларға қатыспауы тиіс. Бұл тыйымның маңыздылығы соншалық, тіпті, осындай шаралар туралы бұйрықты жоғары тұрған инстанциялар берген күннің өзінде полиция қызметкері оған бағынбауы тиіс.

4. Полиция қызметкері өз бастығының бұйрықтарын орындауға міндетті, алайда, егер ол бұйрықтың заңсыз сипатын білсе не түсінсе, оны орындамауы керек. Бұл бап әрбір өкімнің полиция қызметкері орындамауға міндетті жақтарын кеңейтеді. Бұл баптың нақты мағынасы, ең алдымен, полиция қызметкерінің иерархиялық және қатаң бағыныстағы ұйымның мүшесі бола тұра, көптеген жағдайларда өз бастығының өкімдерін бұлжытпай орындайтынын ескеріп өткен. Көптеген жағдайларда заңды қорғауға бағытталған бұйрықты жедел түрде орындау қажет болады. Алайда, полиция қызметкері бұйрықтың заңсыз екенін сезінсе, оны орындамауы керек.

5. Полиция қызметкері жеке тұлғаға тікелей, орны толтырылмайтын зиян келтірумен сипатталатын заң бұзушылықтарға қарсы тұруы тиіс, ол барлық мүмкіндіктерді пайдалана отырып, кешіктірместен шаралар қолдануға міндетті.

6. Егер жасалған құқықбұзушылық тікелей, орны толтырылмайтын зиян келтіреді деген негіз болмаса, ол бұл құқықбұзушылықтың салдарын болдырмау және қайталанбауы мақсатында болған оқиға туралы өз бастығына хабарлауы тиіс. Егер бұл хабарлама қараусыз қалдырылса, ол жоғары тұрған инстанцияларға жолдана алады. Бұл бап заңбұзушылықтарға арналған. Декларация құқықбұзушылықтардың екі түрін ғана атап көрсетеді. Бірінші жағдайда тікелей және орны толтырылмайтын зиян туралы (мысалы, жаппай қырыпжою) айтылған. Бұл кезде полиция қызметкері өзі жедел шаралар қолдануға міндетті. Басқа жағдайлар — құқықбұзушылықтар тікелей және орны толтырылмайтын зиян келтірмейтін фактілер. Мұндай жағдайларда полиция қызметкері құқықбұзушылықтар туралы өз бастығына хабарлауға міндетті, нәтижесінде соттық сипаттағы бұлтартпау шараларына жол беріледі.

7. Заңға қайшы өкімді орындаудан бас тартушы полиция қызметкері тәртіптік жазаларға немесе сот алдында жауаптылыққа тартылмауы тиіс. Бұл бап 4баптан туындайды. Заңғы қайшы бұйрықтан Полициялық декларацияның нақты мәні айқын көрінсе, бұл бұйрықты орындаған полиция қызметкері өз әрекеттері үшін жазаға тартылмауы тиіс. Тағы да қайталанып айтылады: бұл бап барлық заңға сәйкес бұйрықтардың орындалу міндеттілігіне бағытталған; сонымен қатар, ол бұйрықты орындамаған полиция қызметкерін өзінің бағынбаушылығының негізін көрсетуге міндеттейді.

8. Аңдуды, ұстауды, қорғауды немесе көлікпен тасымалдауды жүзеге асырушы полиция қызметкері сезікті болмаса да, оларға қатысты нәсілдік тегіне, діни немесе саяси көзқарастарына байланысты қамау қаупі немесе қудалау орын алған тұлғалармен одақтаспауы тиіс. Мұндай жағдайда, ол екі көзқарастың арасынан оңтайлы нәтиже шығаруы тиіс. Бір жағынан, ол азаматтардың нәсілдік тегі, діни немесе саяси көзқарастары үшін қудалауға түсуіне шыдамауы тиіс. Ол полиция қызметкері ретінде нақты және айқын әрекеттер жасауы тиіс: мысалы, ол еврейлерді діни көзқарастарына байланысты қамауға көмек беруден бас тартуы тиіс. Екінші жағынан, ол қазіргі кездегі көптеген қылмыстардың жасырын саяси себептер бойынша жасалатынын білуі тиіс. Ирландияда қылмыстардың 40 %і саяси себептермен түсіндіріледі. Декларацияның 8бабының нақтымағынасына сәйкес, ол сезікті болып табылатын нақты бір саяси ұйымның мүшелерін жазаға тарту мүмкіндігін жүзеге асыруға ұмтылуға және ол ұйымға аса ауыр қылмыстар үшін (мысалы, бомба тастау) жауапкершілік жүктеуге міндетті. Өсіресе, бұл плаңкестік әрекеттерді ұйымдастырушыларға (террористер) байланысты. Сонымен қатар, егер жасалған қылмыс қылмыстық құқық саласына енсе, бұл ерекше маңыздылыққа ие. Бұл бап полиция қызметкерінің адамды ол еврей немесе саяси партияның мүшесі болғаны үшін ғана қамауға

алмауын атап көрсетеді. Сол мезетте, бап, егер полиция қызметкерінің белгілі бір тұлғаның қылмыстық жазаланатын әрекет жасады деп сезіктенуіне негіз болса, онда ол сол адамды нәсілдік тегі, діни немесе саяси көзқарасы үшін қудалаудан бас тартпауын атап өтеді. Қылмыстылық пен лаңкестікке қарсы күрес Еуропаның ерөң қол жеткізген азаматтық бостандықтарын жоғалтумен қатар жүргізілмеуі тиіс. Шын мәнінде, көп жағдайда лаңкестікті ұйымдастырушылардың мақсаты болып қоғамды бұзу, құрту табылады, сол себепті қоғам мұндай құқықбұзушылықтарға лаңкестік әдістермен қарсы тұруға мәжбүр. Осылай өркениетті қоғамның құлдырауы басталады. Сол себепті де, біз саяси және діни бостандықтарды қорғауымыз керек, сонымен қатар, біз лаңкестік әрекеттерге бар күшпен қарсы тұруға міндеттейміз.

9. Полиция қызметкері өз әрекеттері үшін де, бұйрыққа сәйкес орындаған немесе оны заңға қайшы деп тапса, орындамаған әрекеттері үшін де жауапкершілікте болады. Қарапайым, алайда ерекше мәнге ие ереже бар. Ол тағы да ағылшындық құқықтық доктринаны жоғары қояды. Оған сәйкес, полиция қызметкері көп жағдайда нұсқауларды жамылып, жауапкершіліктен қашуға тырысады. Бұл ереже әрбір жеке полиция қызметкерінің жауапкершілігін сипаттайды. Әрине, оның қызметі ауыр, алайда, ол оған күш те береді. Сонымен қатар, әрбір жекелеген полиция қызметкерінің жауаптылығы туралы бұл бап оның бастықтарының да жауаптылығы жоққа шығарылмайтындығын атап өтеді. Бұдан шығатын қорытынды, полиция қызметкері жауаптылыққа тартылуы мүмкін. Ол қызметтік борышын орындаудағы билікті пайдаланумен байланысты, көшедегі қозғалыстың бұзылуына әкелген әрекеттер үшін азаматтық кодекске сәйкес жауапкершілікке тартылады. Әрине, атқарушы билікті асыра пайдалану жағдайларының барлығында мемлекет жауапты болады.

10. Әкімдерді беру құзіретінің нақты шектері болуы тиіс. Бұл бастыққа қандай әрекеттер немесе әрекетсіздіктер үшін полиция қызметкерінің жауапты болатындығын анықтау үшін қажет. Құзіреттерді нақты анықтау — полиция қызметкерінің өз мүддесі үшін де пайдалы. Бұл бап заңшығарушы мен билік үшін директивтік бағытбағдар рөлін атқарады, ол жекелеген полиция қызметкерлеріне бағытталмаған. Құқық мәселелері бойынша комитетте Нидерландыдағы полицияның екі мекемеге бағынатындығы атап көрсетілді: Әділет министрлігіне және Ішкі істер министрлігіне. Мұндай жүйеде қарамақайшы әкімдердің болуы салдарынан полицияның өзіндік дербес шешімдер қабылдау қаупі туындайды.

11. Заңнама полицияның әрекеттерінің нәтижесінде болуы мүмкін кезкелген зиянға қарсы заңды кепілдіктер мен құқықтық құралдар жүйесін көздеуі тиіс.

12. Өз міндеттерін орындауда полиция қызметкері заңды тұрғыда қажет және рұқсат етілген мақсаттарға жету үшін өзінің барлық құқықтарын пайдалануға міндетті; сонымен қатар, ол нақты жағдай үшін қажетті болуы мүмкін зорлықты пайдалануда шектен аспауы тиіс. Себебі, өзінің қызметтік борышын өтеу барысында полиция қызметкері зорлыққа баруға мәжбүр болады. Ескеріп өтетін бір жайт, полиция зорлықты қолдануға рұқсатты иемденбейді және зорлықтың не, оның шектері қандай екендігіне нақты анықтама беру қиын. Полиция тек ерекше жағдайларда ғана, тек белгілі бір саналы мөлшерде ғана зорлықты қолдана алады. Полицияның қоғамдағы беделі көп жағдайда оның өз қызметтік міндеттерін орындау барысында қолданатын тәсілдеріне байланысты.

13. Полиция қызметкері қаруды қолдану тәсілдеріне және жағдайларына қатысты нақты және жанжақты нұсқауларды толығымен білуі тиіс. Құқық мәселелері бойынша комитет Ирландия мен Ұлыбританияда қатардағы полиция қызметкерінде қару болмайтындығын атап өтеді. Оған бұл баптың қатысы жоқ, алайда, бұл мемлекеттерде қаруланған полиция да бар, ал БҰҰның басқа мүше мемлекеттерінде полиция толығымен қаружарақпен қамтамасыз етілген — ол жерлерде бұл баптың маңызы зор.

14. Адамды қамауға алған полиция қызметкері, егер бұл адам медициналық көмекті қажет етсе, медицина қызметкерлерін шақыру арқылы оған бұл көмекті қамтамасыз етуге міндетті, қажет болған жағдайда оның өмірі мен денсаулығын сақтап қалуға байланысты шаралар қолдануға міндетті. Мұндай қамау медициналық бақылау арқылы жүзеге асырылса, ол дәрігерлер мен басқа да медицина қызметкерлерінің нұсақауларын орындауға міндетті.

15. Полиция қызметкері өзі танысқан құпия сипаттағы барлық істерді құпия күйінде сақтауы тиіс: ол басқа жерге өз қызметтік борышын өтеуге ауысқан күннің өзінде де бұл ереженің күші сақталады.

16. Осы Декларацияның талаптарын орындаушы полиция қызметкері өзі қызмет ететін қоғамнан материалдық және моральдық көмек алуға құқығы бар.

Полиция мен қоғамның арасындағы жақсы қарымқатынастардың маңызы зор. Ешбір полиция қызметкері, егер ол өзі қызмет ететін қоғамнан материалдық және моральдық көмек алмаса, өз міндеттерін нәтижелі, халық мүддесі үшін орындай алмайды. Әкінішке орай, БҰҰның көптеген мүше мемлекеттерінде полиция мен қоғамдық көпшіліктің арасындағы қарымқатынастар нашарлауда. Осы Декларацияның оларды жақсатуға көмегі тиеді деген үміттеміз.

(Еуропа Кеңесі Парламенттік Ассамблеясының Х\*\* резолюциясымен 1979 жылғы 9 мамырда бекітілген).

## **18. Ресей Федерациясындағы ішкі істер органдарының қатардағы және басшылық құрамының абырой кодексі**

Ішкі істер органдарының қызметкері кәсібін таңдаған Ресей Федерациясының азаматы өз мойнына Анттың, қызметтік борыштың талаптарын орындау, мемлекеттік билік өкілінің қадірқасиетін сыйлау, жоғары адамгершілік жүріс-тұрыс нормаларын сақтаудан көрініс табатын жауапкершілікті міндетті алады.

Азаматтардың, қызметтестерінің және бүкіл халықтың сенімі мен қолдауына құқықты ішкі істер органдарының қызметкері өзінің кәсіби абыройының, жеке қадір-қасиетінің, тәртіптілігінің, айналасындағылардың таныған жоғары абыройының арқасында иеленеді.

Қызметте және күнделікті өмірде Ресейдің ішкі істер органдарының қатардағы және басшылық құрамы осы Абырой кодексінің төмендегідей адамгершілік міндеттемелері мен этикалық нормаларын басшылыққа алады:

### **§ 1**

Ішкі істер органдары қызметкерінің абырой борышы — Ресей Федерациясының заңдарын орындауда; Конституцияға, халықаралық құқықтық нормаларға және жалпыадамдық моральдық нормаларға сәйкес, оның тегіне, ұлтына, әлеуметтік жағдайына, саяси, діни көзқарастарына қарамастан, азаматтың адамдық қадірқасиетін сыйлауда, тұлғаны қорғауда басқаларға үлгі болу.

Ішкі істер органдарының қызметкері кезкелген саяси көзқарастардың өз әрекеттеріне әсер етуін болдырмауы тиіс.

### **§ 2**

Антқа, азаматтық және қызметтік борышқа адал болу, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын, өмірін, денсаулығын, қоғам мен мемлекет мүдделерін, меншікті қылмыстық және басқа да құқыққа қайшы әрекеттерден қорғаудағы өзінің жеке жауапкершілігін терең түсіну.

Барлық құқықорғау жүйесінің, ішкі істер органдарының және бөлімшелердің қызметкерлерінің ортақ ұмтылыстары мен жұмыстарының нәтижесін тіпті бір ғана қызметкердің әрекетсіздігі, моральға қайшы әрекеті немесе Антты бұзуы төмендететінін әрқашан есте ұстау қажет.

### **§ 3**

Ішкі істер органдарының қызметкері билікті иеленген мемлекеттік қызметкері бола тұра, адамға жоғары құндылық ретінде қатынаста болуы керек. Азаматтарға деген сыпайы және мәдениетті қарымқатынас әлсіздіктің көрінісі болып табылмайды және қатаңдықпен толығымен сәйкес келеді.

### **§ 4**

“Абырой — қызметте!” деген ескі орыс нақылын есте ұстау.

Тапсырмаға сәйкес кезкелген учаскеде лауазымдық міндеттерді адал орындау, қылмыстарды ашу және тергеуге, қоғамдық тәртіпті қорғауға байланысты тиімді және кәсіби әрекет ету.

Қылмыстылықпен күресте қатаңдықты және кәсіби адамгершілік тұрақтылықты көрсету.

Өз бөлімшесінің абыройы мен беделін істері арқылы қорғау, сонымен қатар басқа қызметтердің қызметкерлерінің кәсіби қадірқасиетін сыйлай отырып, олармен өзара түсіністікке бару.

### **§ 5**

Мемлекеттің берген өкілеттіктерін саналы түрде, заң шеңберінде пайдалану. Қателесіп те, қасақаналықпен де қылмыс жасағандардың құқықтарын сыйлай білу. Келіссөздер мен сендірулер тиімсіз болып табылған жағдайларда, күш пен арнайы құралдарды мәжбүрлі түрде және заңға сәйкес қолдану кезінде өзінөзі дұрыс ұстау, қадірқасиетін жоғалтпау.

### **§ 6**

Өзөзіне талап қоя білу, шешім қабылдауда әділ, қатал болу, оларға қандай да бір көзқарастардың, кастық немесе достық сезімдерінің әсер етуін болдырмау.

Көмекті қажет еткендерге ешқандай пайдасыз жәрдем беруге әрқашан дайын болу, алайда өз



әрекеттері үшін лауазымды тұлға ретінде ешқашан сыйлық алмау, қызметтік жағдайын асыра пайдаланушылықты, сыбайлас жемқорлық фактілерін болдырмау, мұндай құбылыстарға жанжақты қарсы тұру және олармен күресу.

## **§ 7**

Қайратты және ержүрек болу, адам өмірін сақтауды, адамдарға қауіп бар қылмыстардың алдын алуды, апат пен табиғат апаттарының салдарын жоюды талап ететін жағдайларда ешқандай қауіптен қорықпау. Мұндай жағдайларда ішкі істер органдарының қызметкері үшін қорқақтық пен қайырымсыздықты көрсетуге болмайды.

## **§ 8**

Ішкі істер органдарының кәсібилігі жоғары қызметкері ғана адамдарға пайдалы екенін ұмытпау, өзінің іскерлік біліктілігін, кәсіби дайындығын жетілдіру, жанжақты дамуға, жоғары сауатты болуға тырысу, өз жұмысында құқықтық тәртіпті қорғаудың отандық және шетелдік тәжірибесін сауатты түрде пайдалану. Өз білімдері мен қызметтік шеберліктің қалыптасқан дәстүрлерін жас қызметкерлерге беріп отыру, жеке қаруын, куәлігін көзінің қарашығындай сақтау, кәсіби, қызметтік және мемлекеттік құпияларды жариялаудан сақтау.

## **§ 9**

Жоғары ұйымдастырушылықты, тәртіптілікті, атқарушылықты өзінің моральдық борышы деп түсіну, жұмыста өз ынтасын білдіріп отыру, қызметтестердің, бастықтардың, жасы мен атағы үлкендердің, азаматтардың сындары мен ескертулерін дұрыс және қадірқасиетімен қабылдай білу, жіберілген қателіктерді уақытында ескеру, шынайы және сыпайылықпен кешірім сұрау, өтірік өзінезі ақтаушылыққа жол бермей, өз кінәсінің орнын толтыру.

Формалық киімін абыройымен және қадірқасиетімен кию, өзінің сыртқы келбетіне мән беру, әрқашан таза және ұқыпты болу. Өзінің барлық жүрістұрысымен қызметте де, отбасында да үлгі болу.

## **§ 10**

Ресей халықтарының дәстүрлерін, рухани байлығын және жалпыадамдық мәдениетінің жетістіктерін игеру.

Әрқашан есте ұстау — халық ішкі істер органдарының қызметкері құқықтық тәртіптің мақсаттарын орындай отырып, адамдардың денсаулығын, өмірін, құқықтарын ғана емес, қоғамның мәдени мұрасын да қорғайтынына сенеді және үміттенеді.

## **§ 11**

Ресей ІІМнің төмендегідей ең жақсы қызметтік дәстүрлерін сақтау және одан әрі дамыту: патриоттық, серіктестік және өзара көмек, қайраттылық, өзінезі қызметке бар жантәнімен беру, адамдардың қайғылары мен қажеттіктерін түсіне білу, борышқа адалдық, шеберлік және кәсібилік.

Басқарушы кадрлардың абырой борышы — сеніп тапсырылған бөлімшеде басқару қатаңдығын, талап қоюшылықты және жақсы моральдықпсихологиялық жағдайды үйлестіре білу, қызметкерлердің адамгершілік мәдениетін қалыптастыру, қарамағындағылардың жағдайын түсіне білу, оларды әлеуметтікқұқықтық қорғауды қамтамасыз ету, ардагерлердің, қызметтік міндеттерді орындау барысында қайтыс болған қызметкерлердің отбасыларының жағдайымен танысып отыру.

## **§ 12**

Ресей Федерациясы ішкі істер органдарының қызметкері атағын иелену, өз кәсібін мақтан тұту құқығына иелену—өте жоғары абырой.

(РФ ІІМ Алқасының 1993 жылғы 29 қазандағы шешімімен келісілген; РФ ішкі істер министрінің 1993 жылғы 19 қарашадағы бұйрығымен бекітілген).

## **19. АҚШ полиция қызметкерінің моральдықэтикалық кодексі**

Полиция офицері ретінде мен өзімнің негізгі борышым ретінде адамға қызмет етуді түсінемін, оның ішінде: өз отандастарымның өмірін және меншігін сақтау, аңқауларды — алдаудан, әлсіздерді — мәжбүрлеу мен қорқытудан, бейбіт халықты — зорлық пен тәртіпсіздіктерден қорғау, барлық адамдардың бостандыққа, теңдікке және әділеттілікке деген конституциялық құқықтарын сыйлау.

Өз жеке өмірімде мен басқалар үшін үлгі болуға міндеттенемін:

қауіпті жағдайларда мен батыл әрі сабырлы боламын, өз сезімдерімді тежеуге және басқалардың қауіпсіз жағдайын тұрақты түрде қамтамасыз етуге тырысамын.

Өз ойларымда және әрекеттерімде, жеке және қызметтік істерімде адал бола тұрып, мен өз елімнің заңдары мен қызметтік нұсқауларын бұлжытпай орындайтын боламын.

Қызметтік міндеттерімді орындау барысында алынған құпия сипаттағы ақпараттардың барлығын, егер оларды жариялау қызмет барысында қажет болмаса, мен өмірімнің соңына дейін құпия түрінде сақтаймын. Мен бөтен істерге араласпауға міндеттенемін және өз шешімдеріме жеке сүйіспеншіліктердің, көзқарастардың, ашуызаның немесе достық сезімдерінің әсер етуін ешқашан болдырмаймын.

Қылмыстарға қатал бола тұрып, қылмыскерлерді қудалауды үзбей жүзеге асырамын. Өзімнің қызметтік міндеттерімді ешбір бұлтартпаушылықтарсыз адал әрі сыпайы түрде жүзеге асыра отырып, ешқашан қажет емес күшті қолданбаймын және пара алмаймын. Мен өз басқармамның ерекше белгісін қоғамдық сенімнің нышаны ретінде қабылдай отырып, оны полиция қызметінің этикасын бұзбағанымша қолданамын. Мен осы мақсаттар мен идеалдарға жетуге тұрақты түрде тырысамын, өзімді таңдаған кәсібім — полициядағы қызметке толығымен арнаймын.

## 20. Герман Федеративтік Республикасы полиция қызметкерінің этикасы

1. Полицияның басты міндеті — адамның құқықтарын, қадірқасиетін және абыройын қорғау.  
2. Қоғамдағы плюрализм этикалық қағидалардың қалыптасуын күрделендіреді. Алайда, міндетті болып табылатын белгілі бір шек бар. Мұндай ережелер ГФР Конституциясында бекітілген.

3. Полициялық этикада касталық болуы тиіс. Оның нормалары — бұл жалпымен қабылданаған этикалық нормалардың белгілі бір дәрежеде түсіндірілуі.

4. Ол жай ғана нұсқаулық ережелердің жинағы болмауы тиіс, оның нормалары түсіндіру мүмкіндігін беруі тиіс және кеңейтілген мағынада болуы керек.

5. Полиция қызметкерінің қызметінде шығармашылық ынта орын алуы тиіс: ол бұйрықтарды жай ғана орындамай, оларды моральдық құндылықтарға негіздей отырып орындауы керек. Бұл талаптың негізі мынада: полиция қызметкері азаматтардың жеке өмірімен жете танысуға өкілетті, алайда, ол өз қызметінің мәнін ұмытпауы керек, яғни, жеке тұлғаның құқықтары мен қадірқасиеттерін сыйлау және қорғау.

6. Полиция қызметі мемлекетке, соның ішінде, оның моральдық және құқықтық құндылықтарына адалдық қағидасына негізделген.

7. Полиция қызметкері белгілі бір әрекетті қылмыс деп саралау өкілеттігіне ие, — сол себепті де, ол әділ, зейінді болуы тиіс.

8. Оқ қаруын қолдану әрқашан қызметтік тергеумен байланысты, сол себепті, ол полиция қызметкерінің этикалық көзқарастарымен де анықаталады.

9. Полициялық этиканың полиция қызметкерін дайындау жүйесінде маңызды рөлді иеленген, себебі, ол оның қызметінің барлық салаларында көрініс табады. Сондықтан да, ол әрбір арнайы пәннің бір тарауы ретінде оқытылуы тиіс және қызметтің әрбір функциясынан көрініс табуы тиіс.

10. Демоскопиялық (яғни, әлеуметтік + демографиялық) зерттеулер азаматтардың көзқарастары бойынша полициялық қызмет құндылықтарының төмендегідей жүйесін көрсетеді:

*А. Оң құндылықтар:* мәдениеттілік — 50 %; жәрдем беруге дайындық — 50 %; жақсы қарымқатынас — 38 %; зейінділік — 37 %; сенім ұялататын қабілеті — 32 %; әділеттілік — 28 %; сыртқы бетбейнесі — 26 %; шығармашылық қабілеті — 17 %; шыдамдылығы — 15 %.

*Ә. Теріс құндылықтар:* қаталдық — 37 %; бюрократиялылық — 34 %; қалжыңдасу сезімінің болмауы — 25 %; менмендік — 24 %; зейінсіздік — 12 %; зорлықты қолдану — 11 %; сыбайлас жемқорлық — 7 %.

*Б. Полиция қызметінің теріс жақтары* (Полиция қызметкерлерінің көзқарасы):

- бастық қызметкерлерге қажетті уақытын бөлмейді;
- ол олардың көзқарастарымен санаспайды;
- ол сынаушылықты ұнатпайды;
- ол қызметкерлерді кемсіте бағалайды;
- ол қызметкерлердің мүдделерін қорғамайды;
- ол қызметкерлердің қызметтік өсуінен гөрі, өзінің мансабы туралы көбірек ойлайды.

11. Қызметкер тек сырттай ғана мәдениетті болмауы тиіс. Ол өзінің ішкі сенімі бойынша адамгершілік құндылықтар мен мемлекеттің қағидаларына адал болуы тиіс.

12. Қызметкер, ең алдымен:

- ұқыпты, тиянақты болуы тиіс;
- өз денсаулығын ойлауы тиіс;
- өз қауіпсіздігін ойлауы тиіс;
- дайындықпен және қайта дайындықпен айналысуы тиіс.

13. Қызметкер қосымша табыс табу құқығын тек бастықтың рұқсатымен ғана иеленеді. Мұның негіздері:

- халық полиция қызметін жеңіл, оған көп бос уақыт береді деп түсінбеуі керек;
- оның өз жалақысы бар, сол себепті де, басқа бір жұмыс орнын иеленбеуі тиіс (қазіргі кездегі жұмыссыздық жағдайында бұл тіпті де моральға қайшы);

— қосымша қызмет өзінің негізгі міндеттерін орындауға нұқсан келтіруі мүмкін;

— қосымша қызмет пен полициядағы қызметінің арасында қарамақайшылықтар болуы мүмкін.

14. Полиция қызметкерінің маңызды қасиеттеріне мыналар жатады:

а) серіктестік сезімі — қызметкердің маңызды қасиеті, алайда, ол шегінен асып кетпеуі керек; серіктестікті қате түсіну рұқсат етілмеген әрекеттерді жасыруға, оларға мән бермеуге алып келеді. Серіктестік заңдылық пен заң біткен жерде бітуі тиіс. Мұндай жағдайда серікке көмек берудің орнын сыншылдық келуі тиіс.

ә) салауатты өмір салты — арақ ішу денсаулыққа зиянды, қызметтік әрекеттердің сапасын нашарлатады, ұжымдағы моральдықпсихологиялық жағдайды нашарлатады, серіктестіктің жалған серіктестікке айналуына жағдай жасайды.

## **21. Францияның ұлттық полициясының деонтологиялық кодексі**

### **1 бап**

Ұлттық полиция мемлекеттің бүкіл аумағында республикалық институттарды қорғауды қамтамасыз етуге, қоғамдық тәртіпті сақтауға, азаматтар мен олардың мүліктерін қорғауға қызмет етеді.

### **2 бап**

Өз міндеттерін орындау барысында ұлттық полиция өз қызметін Адам және азамат құқықтары декларациясына, Конституцияға, халықаралық келісімдер мен заңдарға сәйкес жүзеге асырады.

### **3 бап**

Ұлттық полиция заң талаптарын орындаушы барлық азаматтарға қызмет етуге дайын.

### **4 бап**

Ұлттық полиция иерархиялық қағидасына сәйкес, қылмыстық істер жүргізу кодексіндегі заң полициясының қызметіне қатысты ережелерді ескере отырып ұйымдастырылады; ол ішкі істер министріне бағынады.

### **5 бап**

Осы деонтологиялық кодекс ұлттық полицияның қызметкерлері үшін және полициялық функцияларды жүзеге асыруға қатысушылардың барлығы үшін міндетті күшке ие.

### **6 бап**

Осы кодексте бекітілген кезкелген ережелерді орындамау тәртіптік санкцияларды тағайындауға негіз болады; егер бұл әрекеттер қылмыстық кодекске сәйкес заңға қайшы деп сараланса тәртіптік санкциялар жазаның дәрежесіне әсер етпейді.

### **7 бап**

Ұлттық полицияның қызметкері республикалық институттарға адал болуы тиіс. Ол адал, әділ болуы және ешкімге сатылмауы тиіс. Ол қандай жағдайда болмасын өз қадірқасиетін ұмытпауы керек. Қоғамға қызмет ету мақсаты болғандықтан, полиция қызметкерінің жүрістұрысы барлығына үлгі болуы керек. Ол әрбір азаматқа, оның тегіне, ұлтына, әлеуметтік мәртебесіне, саяси, діни көзқарастарына қарамастан, сыйластықпен қарауы керек.

### **8 бап**

Ұлттық полицияның қызметкері қоғамдық тәртіпті бұзатын әрекеттерді болдырмау мақсатында, тіпті, қызметтен тыс жерде де, өз еркімен қауіпті жағдайдағы кезкелген азаматқа жәрдем беруі және азаматты тұлғалық немесе мүліктік қол сұғушылықтан қорғауы тиіс.

### **9 бап**

Заңды негізде күш қолдануға, нақты айтқанда, қару қолдануға мәжбүр болған жағдайдың өзінде де қызметкер бұл әрекетті аса қажеттілік жағдайында ғана және қалыптасқан жағдайға қатаң сәйкестікпен жүзеге асыруы тиіс.

### **10 бап**

Әрбір ұсталған азамат полицияның қорғауында болады, сол себепті де, ол азамат үшін жауапты болады; мұндай азамат полиция қызметкерлері және басқа да тұлғалар тарапынан ешқандай зорлық, адамдық қадірқасиетті таптауды көрмеуі тиіс.

Жоғарыда аталған әрекеттерге куә болған полиция қызметкері оларды болдырмауға шаралар қолданбаса немесе болған жайт туралы сәйкес басшыларға хабарламаса, тәртіптік жауапкершілікке тартылады.

Қарауында көмекті қажет ететін ұсталған адам бар полиция қызметкері медицина қызметкерлерін шақыруға, ал қажет болған жағдайларда оның өмірі мен денсаулығын сақтап қалуға байланысты шаралар қолдануға міндетті.

### **11 бап**

Полиция қызметкері қызметтік құпия мен кәсіби құпияларды сақтауды талап ететін қызметтік міндеттерді орындаумен байланысты ақпараттардан басқа кезкелген ақпаратты еркін түрде беруге құқылы.

### **12 бап**

Ішкі істер министрі ұлттық полиция қызметкерлерін олардың өз қызметтік міндеттерін атқару барысында немесе қызметтік ісқимылдар үдерісінде қорқытудан, зорлықтан, билікті өзіндік иемденуден, өтірікөсектен, қорлаудан қорғайды.

### **13 бап**

Билік берілген басшы әмір беру функцияларын атқарады. Ол шешімдер қабылдап, олардың орындалуын талап етеді; ол өз шешімдерін бұйрықтары арқылы білдіреді. Бұйрықтардың нәтижелі орындалуы үшін олар нақты болуы керек және қажетті түсіндірулері болуы қажет.

### **14 бап**

Басшы өзі берген бұйрықтары үшін, олардың орындалуы мен салдары үшін жауапты болып табылады. Егер ол өз қарамағындағылардың біріне өзінің атынан әрекет етуді тапсырса, оның жауаптылығы толығымен сақталады; бұл қарамағындағылардың өз функциялары және берілген бұйрықтар шегіндегі әрекеттеріне де қатысты.

Полиция қызметкері басшының берген бұйрықтарын дәл орындауға міндетті. Ол оларды орындағаны немесе орындамағанының салдары үшін жауапты болып табылады.

### **15 бап**

Басшы бұйрықтарын өзінің тікелей қарамағындағы қызметкерлерге береді. Егер жедел қажеттілік бұл тәртіпке бағынуға кедергі жасаса, аралық буындардың басшылары бұл жөнінде жедел түрде хабарландырылуы тиіс.

### **16 бап**

Полиция функцияларын жүзеге асыруға әскери немесе азаматтық билік өкілдері шақырылған жағдайларды есептемегенде, егер бұл жалпы тәртіптік ережелермен көзделген қажеттікке сәйкес жүзеге асырылмаса, ешбір басшының қызмет ету саласы оның құзіретінен тыс полиция қызметкеріне бұйрық беруге құқығы жоқ.

### **17 бап**

Берілген бұйрық заңға қайшы сипатта болып, қоғамдық мүдделерге зиян келтіру мүмкіндігі айқын жағдайларды есептемегенде, басшының қарамағындағы қызметкер оның барлық өкімдері мен бұйрықтарын орындауға міндетті.

Егер қызметкер берілген бұйрықтың жоғарыдағыдай сипаты бар деп тапса, ол осы бұйрықты берген басшыға аталған бұйрықтың заңға қайшы сипатын нақты және айқын көрсетіп, оған келіспейтіндігін білдіруге міндетті. Егер бұйрық қайталанса, және егер қызметкердің түсіндіруі мен талдауына қарамастан, басшы оның орындалуын талап етсе, қызметкер бұйрықты берген басшының тікелей бастығына жүгіне алады. Бұл бастық бұйрықты орындаудан бас тартушы қызметкердің негіздемесін қарауға міндетті.

Бұйрықты орындаудан бас тарту жоғарыда аталған жағдайларға сәйкес келмесе, қызметкер жауапкершілікке тартылады.

### **18 бап**

Полицияның әрбір қызметкері өз басшылығына берілген бұйрықтардың орындалғандығы туралы, қажет болған жағдайларда, оларды орындауға кедергі болған себептер туралы баяндап отыруға міндетті.

### **19 бап**

Ұлттық полиция мен әкімшілік басшылықтың заң полициясы функцияларын атқару барысындағы қызметін прокуратурамен қатар, жоғары тұрған басшылар, бас әкімшілік инспекция қадағалайды. Бұл ұлттық полицияның жеке құрамына қатысты жүзеге асырылады.

### **20 бап**

Мемлекеттің және жергілікті жерлердің ішкі істер министрі Француз Республикасының ресми Журналында жарияланған осы декреттің орындалуын қамтамасыз етуге міндетті.

(Парижде жарияланған, 18 наурыз 1986 жыл: Мемлекеттің және жергілікті жерлердің ішкі істер министрі).

## **22. Ұлыбританиядағы полициялық қызметтің этикалық қағидалары туралы ереже**

1. Полиция қызметінің қызметкері бола тұра, мен әрқашан әділ әрекеттер жасауға, өзімнің қызметтік міндеттерімді адал әрі бұлжытпай орындауға тырысамын:
2. Өзімнің қызметтік борышымды бар ынтажігеріммен және сақтықпен орындауға.
3. Адамдармен қарымқатынастардағы жағдайларда сабырлықты, түсінушілікті, сыпайылықты және өзөзімді бақылауды ұстану.
4. Әрбір тұлғаның жеке дара және қайталанбайтындығын ескере отырып, адам құқықтарының сақталуына жағдай жасау және оларға қатысты сыйластық пен түсінушілікті білдіру.
5. Менің барлық қызметтестеріме заңмен анықталған борышын орындауда жәрдем беру, кезкелген адамның қоғамға қайшы әрекеттеріне назар аудару.
6. Ақпараттардың басым көпшілігін жасырын жолмен алатынымды және оларды қызмет талаптары міндеттеген жағдайларда ғана жариялай алатынымды әрқашан есте ұстау.
7. Күш пен мәжбүрлеуді тек қажетті жағдайларда ғана қолдану, мұндай жағдайда, заңды мақсат пен тәртіпті қалпына келтіруге жету үшін қажетті күш мөлшерін ғана пайдалану.
8. Заң ережелерін қандай жағдайда болмасын бұзбайтыныма және мұны менен ешкімнің талап ете алмайтынына есеп бере отырып, тек заңның шегінде ғана әрекеттер жасау.
9. Өз билігімдегі құралдарды тек қоғамдық игіліктер үшін пайдалану.
10. Өзөзімді жетілдіріп отыру үшін жауаптылықта болу, қоғамға қызмет ету барысында қолданатын әдістер мен нысандарды тұрақты түрде жетілдіріп отыру.
11. Өз әрекеттерім мен қателіктерім үшін жеке басыммен жауап беру.

**Т. Х. Ғабитов**

## **Заңгер этикасы**

*Оқу құралы*

***ЖШС «Заң әдебиеті» бас директоры  
Жансеитов Н. Н.***

***Оператор: Умурова Г.О.***

Пішімі 60x901/16. Қағазы офсеттік. Қаріп түрі «Таймс».

«Заң әдебиеті» баспасы

050057 Алматы қ., М. Өзтүрік к-сі, 12 үй.

Тел/факс: (3272) 747-833, 742-650.

E-mail: law\_literature@nursat.kz